

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Т.Н.Ермекова
Ж.К.Отарбекова
Р.Н.Мұнасаева

ҚАЗАК ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық

5



ӘОЖ 373. 167.1
КБЖ 81.2 Каз-922
Е 69

Шартты белгілер:



– Тыңдалым және айтылым



– Оқылым



– Жазылым



– Әдеби тіл нормалары



– Сұхбат



– Ойтурткі



– Ойталқы



– Фибратты сөз



– Деңгейлік тапсырма



– Ізденімдік тапсырма



– Үй тапсырмасы



– Жағдаяттық тапсырма



– Артық болмас білгенің

E 69 Ермекова Т.Н. ж.б.
Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. / Т.Н. Ермекова, Ж.К. Отарбекова, Р.Н. Мұнасаева. – Астана: Арман-ПВ баспасы, 2017. – 144 бет.

ISBN 978-601-318-016-8

Оқулықта оқушылардың дүниетанымын көздейтіп, алған білімдерін өмірде қолдана білуге машиқтандыратын, сонымен бірге қосымша ізденісті, қазіргі ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет ететін тапсырмалар қамтылды. Сондай-ақ негізгі материалдармен бірге танымдық мәліметтер, қосымша ақпараттар берілген.

ӘОЖ 373. 167.1
КБЖ 81.2 Каз-922

© Ермекова Т.Н.,
Отарбекова Ж.К.,
Мұнасаева Р.Н., 2017
© «Арман-ПВ» баспасы, 2017

ISBN 978-601-318-016-8

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды

АЛФЫ СӨЗ

Қымбатты оқушы!

Әлемдегі ең бай тілдердің қатарына енетін қазақ тілі әлеміне қош келдің!

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тіл қоғамның барлық саласында қызмет етеді. Тілдің басты қызметі – қарым-қатынас құралы болу. Ол халық тарихымен бірге жасап, үрпақтан үрпаққа қызмет етіп келеді. Тіл арқылы адамның сөздік қоры байып қана қоймайды, таным көкжиегі кеңейеді, білім-білігі молаяды. Тіл – өзінді танып, дамытудың, сондай-ақ әлемді танудың негізгі құралы.

Қолындағы оқулық күнделікті сөлемдесуден бастап, мәдени қарым-қатынас, киіну мен бос уақытты дұрыс өткізу, адамның сырт келбеті мен мінезі, отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер, жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі, көліктер мен жол белгілері, аспан әлемінің құпиясы сияқты қызық мәліметтермен таныстырады. Бұл тақырыптардың барлығы қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерімен, ережелерімен байланыстыра оқытылатындықтан, әр тақырыпқа мүқият дайындықпен келген жөн. Өйткені оқулық тек пәндік білім беріп қана қоймайды, кең ауқымды дағыларды қалыптастыруға да жол ашады.

Қазіргі заман оқушысы ізденімпаз, жан-жақты болуы тиіс. Сондықтан «Қазақ тілі» оқулығынан алған білімінді күнделікті өмірде қолдана білуғе, тапсырмаларды шығармашылықпен орындауга тырыс. Оқулықтағы мәтіндер сенің дүниетанымыңды кеңейтуге жол ашса, тапсырмалар күнделікті тұрмыста қазақ тілін дұрыс қолдана білуғе машықтандырады. Кейбір тапсырмалар қосымша ізденісті, қазіргі ақпараттық технологияның кең мүмкіндіктерін пайдалануды, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет етеді. Мұның бәрі ана тілінің құдіретін сезіндірумен бірге сенің де тұлға ретінде қалыптасуыңа ықпал ететінің білгейсің. Біз сені ойын ауызша және жазбаша сауатты жеткізе алатын, ой-өрісі дамыған, туындаған мәселелерді орнымен шеше алатын, шыныайы өмірge бейім, жаңашыл үрпақ болады деп сенеміз.

Жас өрен! Сен жаңа ақпараттық-технологиялық заманының өкілісің! Еліміздің өркендеуіне үлес қосатын өрен тұлға екенінді ұмытпа. Қазақстанды бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосатын да сен сияқты төуелсіз елдің ұландары. Білім жолында сәт сапар тілейміз!

Авторлар ұжымы

МӘДЕНИЕТ: ТІЛ ЖӘНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

§1. Ана тілі – ұлт байлығы

-  1. Өлеңді мәнерлеп оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

Ана тілі

«Ана!» – десем, ана тілі ойға оралар,
Баладай қуанарсың тойға барад.
Тыңдасаң көне аңыздан көркем нақыл,
Олжам да қанжығама байлап алар.

Тере білсек бір-бір ауыз қара өлең,
Неше миллион інжу-маржан шамамен?!
Қанша гүлден қазақ тілі бақшасы,
Қандай дана өлшер қандай бағамен?!

Ерке тіл, еркелеткіш тілім – кенім:
Еркежан, айналайын, күнім менің,
Ақ ботам, қоңыр қозым, алтын айым.
Қанша рет жүрек толқып, сүйінгенің!

Жұпарлы қырда алуан гүлдер таптым,
Өміршеш өзіміздің тілден таптым.
Тіл екен жемістісі, жұпарлысы
Аялап халық баққан гүл мен бақтың.

(Мұзатар Әлімбаев)

-  1. Ана тілінің байлығын көрсетуде ақын қандай тіркестер қолданған?
2. З-шумақтағы сөздерді оқығанда қандай ойға келдіңдер?
3. Ана тілі туралы тағы қандай өлең біле-сіндер?

 Қанжыға – аттың ерінің артқы жағына заттарды байлайтын ұзынша бау.

Қара өлең – әр жолы он бір буынды болып келетін өлеңнің ежелгі түрі.

Кен – бұл жерде: байлық, асыл қазына.

-  2. Жазушы Шерхан Мұртазаның тіл туралы пікірін (01.mp3) тыңдал, ез сөздеріңмен айтып беріңдер.
-  3. Нақыл сөздерді түсініп оқып, жатқа жазыңдар. Дауысты дыбыстардың астын бір, дауыссыз дыбыстардың астын екі сзызықпен сзызыңдар.
- Ана тілін алпыс тілге татиды.
 - Ана сүті бой өсіреді,
 - Ана тілі ой өсіреді.
 - Тұған ел – тұғырың,
 - Тұған тіл – қыдырың,
 - Тіл мәртебесі – ел мәртебесі.
-  4. Берілген ақпараттан өздерің үшін ең маңыздысын таңдал алып, жалғастырыңдар.

Маңызды ақпарат

Қазақ тілі 1989 жылы мемлекеттік мәртебе алды.

Қазақ тілі – Қазақстанда ғана емес, басқа да елдерде (Ресей, Өзбекстан, Монголия, Қытай, Түркия, т.б.) тұратын қазақтардың да ана тілі.

Маңызды ақпарат

Қазақ тілі дүниежүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр.

Соңғы шыққан «Қазақ әдеби тілінің сөздігіне» 150 мыңдан астам сөз бен тіркес енген. Бұл – ана тіліміздің қаншалықты бай екенін көрсетеді.



5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде «Қазақ тілі – бай тіл» деген тұжырымды «ПОПС формуласы» бойынша дәлелдеп жазындар.
- 1-сөйлем: «Менің ойымша, ... »
- 2-сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін: ... »
- 3-сөйлем: «Оны мынадай деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ... »
- Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ... »

§2. Тіл – қатынас құралы



1. Түркияда оқитын Жазира сіңлісі Елданамен WhatsApp арқылы сөйлесті. Рөлге бөліп оқындар.

Сөлеметсің бе, Елдана! Елге жақсы жеттіңдер ме?

Сөлеметсіз бе, әпкетай! Біз жақсы жеттік.

Қалай Түркия үнады ма?

Әрине, үнады. Бірақ үйімді, достарымды сағынып қалдым.

Мен де сағынып жүрмін. Тұған жерге жер жете ме? Қаникулда барамын. Сау бол, ботақан!
Менен бөріне сөлем айт!

Тезірек келіңіз! Астананың қалай құлпырып кеткенін көресіз! Сау болыңыз!



- Сұхбатқа неше адам қатысып тұр?
- Мәтіннен қандай тілдік ерекшелік байқадындар?
- Қашықта тұратын адамдардың бір-бірімен пікірлесуінің қандай мүмкіндіктері бар?



2. Диалогті өздерің аяқтап, қорытынды жазындар.

Мұғалім: Балалар, адамға тіл не үшін керек?

Оқушылар: Сөйлеу үшін!

Мұғалім: Ал сөйлеу не үшін қажет?

Азамат: ...

Әлия: ...

Менің қорытындыым: ...



Дыбыс – дыбыстай мүшелері (тіл, ерін, тіс, көмей, әкпе, т.б.) арқылы жасалып, құлаққа естілтін үн. Дыбыстардан сөз құралады. Ал **әріп** – дыбыстың жазудағы таңбасы. Ол көзге көрінеді, бірақ құлаққа естілмейді. Қазақ әліпбінде 42 әріп бар. Оның 28-і төл дыбыстарды таңбалайды: а, ә, е, о, ө, ү, ү, ы, і, б, ғ, д, ж, з, й, қ, қ, л, м, н, ң, р, с, т, у (дауыссыз), ш.

Кірме сөздердегі дыбыстарды мына әріппер таңбалайды: в, ф, х, ц, ч, щ, э, һ, ё.

Қазақтың төл сөздерінде және кірме сөздерде кейде дара, кейде бірнеше дыбыс қосындысын таңбалайтын әріппер: у, и, я, ю.

Кірме сөздерде кездесетін дыбыстық мәні жоқ әріппер: ь, ъ.

Тіл дыбыстары **дауысты** және **дауыссыз дыбыстар** болып екіге бөлінеді.



3. Төл және кірме сөздерге бірнеше мысал келтіріп, дыбыстарды сызба бойынша талдаңдар.

Мысалдар	Төл дыбыстар	Кірме сөздердегі дыбыстар



4. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазындар. Осы үлгіде өздерің де өлең жазып көріндер.

- Екі көзің не үшін керек?
- ... көру үшін!
- Екі қолың не үшін керек?
- Елге ... үшін!
- Құлақ деген не үшін керек?
- ... тыңдау үшін!
- Жүрек деген не үшін керек?
- ... қыңбау үшін!
- Тіл мен жағың не үшін керек?
- ... айту үшін!
- Ал аяғың?..
- Шетте жүрсем, туған жерге ... үшін!

(Қадыр Мырза Әлі)

§3. Тіл – бірлік құралы

1. Мәтінді түсініп оқындар. Откен сабактағы оқылым материалынан бұл мәтіннің құрылымында қандай айырмашылық бар екеніне назар аударындар.

Біз Қазақстанға 1944 жылы Грузияның Түркіяға шегаралас Ахалкалак деген қаласынан жер аударылғанбыз. Ол кезде мен ес біле қоймаған жас баламын. Өзінің даласында дарқан, пейілі кең қазақ халқы бізді жақсы қарсы алды. Бір бөлмелі үйінің бір бүрышын, екі бөлмелі үйінің бір бөлмесін босатып беріп, бүтінін бөліп, жартысын жарып беріп, аман-есен бейбіт күнге жеткізді.

Ұлтым өзіrbайжан болғанымен, қазақтың қадірлі қызы болып жүргенім – осы тілдің арқасы. Қазақтың тілі киелі, киелі тіл жүрген жерде күйе жүқпайды.

(Асылы Осман)



1. Мәтінге қандай тақырып қояр едіндер?
2. Асылы Османның осы әңгімесінен нені байқадындар?
3. «Бүтінін бөліп, жартысын жарып» деген тіркестердің мәнін қалай түсінесіндер?
4. Қазақ тілін еркін меңгерген өзге ұлт өкілдерінен тағы кімдерді білесіндер?

Жер аударылып келгендер – басқа елден еріксіз қоныс аударғандар.
Киелі – қасиетті.

2. Түсініп оқып, жаттап алындар. Тірек сөздерді анықтап, дыбыстық талдау жасандар.

Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады.

Қазақстандықтардың басын біріктіруші фактор – қазақ тілі, сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін баршамыз бірігіп көтеруіміз керек.

(Нұрсұлтан Назарбаев)

3. Мұхтар Шахановтың кітабынан алынған үзіндіні (02. mp3) тыңдалап, көтерілген мәселеңін түсіндіріндер.
- 1-деңгей. Соңғы 3 сөйлемдегі дыбыстарды дауысты, дауыссыз түрлеріне топтастырып жазындар.
2-деңгей. Өздерің ізденіп, осыған үқсас мәтіндер табындар.
3-деңгей. Грейстің жазбасы мен Асылы Османның естелігіндегі ақпаратты салыстырып, Венн диаграммасына түсіріндер.

Ең алдымен «Сөлеметсіз бе? Менің атым – Грейс. Мен Таразда турамын. Тараз – әдемі қала. Рақмет!» деген сөздерді үйрендім. Қала бірден ұнады. Тал-терегі, ағашы көп екен. Адамдары да қонақжай, бауырмал. Содан соң бұл қаланың ауа райы ұнады. Қазақ тілін үйрену алғашында қыынға соқты. Мұғалімдерге рақмет. Қазақ тілін үйрену үшін барлық жағдай жасалған.

(Филиппиннен келген Грейс Педригалдың жазбасы)



5. Тіл туралы нақыл сөздермен танысындар. Жұпта бір-біріңмен талқылаңдар. «Т кестесін» толтырындар.

Нақыл сөздер	Түсіндірме (комментарий)

- Тіл – достықтың алтын көпірі.
- Тіл – ақылдың өлшемі.
- Өдеп басы – тіл.
- Аузы құлып сандықты тіс ашпаса, тіл ашады.



6. Қазақ тілін үйреніп жүрген өзге ұлт өкіліне достық көңілдерінді білдіріп, хат жазындар. Хат мәтінінің кіріспесінде өздерің жаттаған Елбасы Н.Назарбаевтың сөзінен ұзінді, не-гізгі бөлімінде төмендегі сөздер болсын. Сонында өздерінді таныстыруды ұмытпаңдар.

Мұраттыңға жетіңіз! Сәттілік тілеймін! Мерейіңіз үстем болсын! Нұр жаусын! Айыңыз оңынан тусын!

§4. Тіл тазалығы



1. Ұялы телефондағы жазбалардан алынған сұхбатты рөлге бөліп оқындар.

Привет! Сұрағыма неге жауап жазбадың?

Ааа, соткам өшіп қалыпты.
Не болды?

Субботада паркке барасың ба?

Кімдер барады?

Почти бәріміз.

Пока білмеймін. Мамам не дейді?

Короче, барсан, айтарсың.

Ok! Пока!



1. Сұхбаттың басты кемшілігі неде? Мұндай кемшілік өздерінде кездесе ме?
2. Тіл тазалығына нұқсан келтіріп тұрган сөздерді дұрыс нұсқасымен ауыстырып, сұхбатты қайтадан жүргізіндер.



Дауысты дыбыстар өкпеден шыққан ауаның кедергісіз шығуынан пайда болады, олар тек үннен тұрады. Қазақ тілінде 9 төл дауысты дыбыс бар: а, ә, е, օ, Ә, Ү, Ү, ы, і.

Жіктелуі:

- тілдің қатысына қарай: **жуан**: а, о, ү, ы; **жінішке**: ә, Ә, ү, і, е;
- жақтың қатысына қарай: **ашық**: а, ә, о, ө, е; **қысан**: ы, і, Ү, ү;
- еріннің қатысына қарай: **еріндік**: о, Ә, Ү, ү; **езулік**: а, ә, ы, і, е.



2. «Сөз», «үлгі», «орак» сөздеріндегі дауысты дыбыстарды тілдің, жақтың, еріннің қатысына қарай жіктеп жазыңдар.

Үлгі: астық

а – тілдің қатысына қарай – жуан, жақтың қатысына қарай – ашық, еріннің қатысына қарай – езулік.

ы – тілдің қатысына қарай – жуан, жақтың қатысына қарай – қысан, еріннің қатысына қарай – езулік.



3. Ақын Тұрсынхан Әбдірахмановың ана тілі туралы өлеңін (03. mp3) тыңдаңдар. Негізгі ойды табыңдар.



4. Берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құрыңдар.

Сөз өнерін қазақ халқы аса жоғары бағалаған. Сөзді киелі деп те түсінген.

Қазақ мақалы «Адамға келер он бөленің тоғызы – тілден» деп сақтанырады. «Тіземнен сүріндірең де, тілімнен сүріндіре көрме» деген тілекті айтушы да ата-бабаларымыз. «Ат жүйрігі айырады, тіл жүйрігі қайырады» деген мақалдың мазмұны «кеткенді келтіріп, кемтігінді толтыратын да тіл» дегенді аңғартпай ма?! Тілді аса жоғары бағалаганын, сөзді құдіретті деп танығанын халықтың осындағы қазыналы сөздерінен де аңғаруға болады.

Тіл мәдениеті үшін күрес екінші бір тілді мұқату үшін күрес емес, ана тілі қызметінің өрісін кеңейту, оны білім мен тәрбие, таным мен түсініктің мықты құралына айналдыру үшін күрес.

(Нүргелді Уәли)



5. Денгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-денгей. Тыңдалым мәтінінен 2 сөзге дыбыстық талдау жасаңдар.

2-денгей. А.Құнанбайұлының, Қ.Мырза Әлінің тіл тазалығы жөніндегі өлеңдерінен үзінді жазыңдар.

3-денгей. Мектепте «Тіл тазалығы» іс-шарасы өтетінің жөнінде хабарландыру жазыңдар.



6. Тіл тазалығы жөнінде 5 мақал жазыңдар. Мақалдардағы негізгі ойды анықтап, өз пікірлеріңмен қорытындылаңдар.

§5. Жеті жүрттың тілін біл

1. Мәтінді түсініп оқып, жанрлық ерекшелігін анықтаңдар.



Әлемдегі ең жас полиглот

Төрт жасар мәскеулік Бәлла Девяткина әлемнің жеті тілінде сөйлейді (орыс, ағылшын, француз, испан, араб, қытай, неміс). Ол екі жасынан бастап анасымен бірге тілдерді меңгерे бастаған. Қунделікті шет мемлекеттің мұғалімдерінен сабақ алады. «Таңғажайып адамдар» шоуында Бәллаға шет тілдерінде сұрақтар, мәтіндер мен тапсырмалар берілді. Арманындағы сыйлығын алу үшін ол қойылған талаптардың бөрін еш қындықсыз орындан шықты. Кішкентай Бәлла қазылар алқасының жүрегін бір көргеннен баурап алды. Оның фантастикалық мүмкіндіктері ешкімді бейжай қалдырмады.

(<http://www.inform.kz.../alemdegi-en-zhas-poliglot-7-tilde-soyle...>)

1. Бәлланың мұндағы мүмкіндікке ие болуына не өсер етті деп ойлайсыңдар?
2. Қалай ойлайсыңдар, бірнеше тілді меңгеруге кез келген баланың шамасы жете ме?

Дауыссыз дыбыстар өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырап шығынан пайда болады. Олар үн мен салдырының қатысынан жасалады.

Қатаң дауыссыздар тек салдырыдан тұрады.

Ұяң мен үнді дауыссыздарын айтқанда үн мен салдыры қатысады. Ұяңда салдыры басым болса, үндіде үн басым болады.

Қазақ тілінде 19 төл дауыссыз дыбыс бар. Олар: б, ғ, д, ж, ӡ, й, қ, құ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ү, ш.

Жіктелуі:

- **қатаң дауыссыздар:** қ, құ, п, с, т, ш.
- **ұяң дауыссыздар:** б, ғ, д, ӡ, ж.
- **үнді дауыссыздар:** й, л, м, н, ң, р, ү.

2. Төмендегі сөздерге дыбыстық талдау жасандар.

Улғи: хат

х – кірме сөздерде кездесетін дыбыс;

а – тілдің қатысына қарай жуан, жақтың қатысына қарай ашиқ, еріннің қатысына қарай езулік дауысты дыбыс;

т – қатаң дауыссыз төл дыбыс.

Сұхбат, дыбыс, достар.



3. Басқа тілді қазақ тілі арқылы үйренудің маңызы қандай? Ана тілі туралы өлеңді (04. mp3) тыңдаңдар.



4. Накыл сөздерді қатыстырып, «Көп тіл білу мін емес, тек қойыртпақ тіл емес» тақырыбында өз ойларында жазыңдар.

- Жеті жұрттың тілін біл,
- Жеті түрлі білім біл.
- Көп тіл білген көпті ілер.
- Көп тіл білу – өмір талабы.



5. Көрнекті полиглот тұлғалар туралы ізденіс жұмысын жасап, кестеге түсіріңдер.

Полиглот тұлғалар	Тұған жері	Игерген тілдері



6. Шет мемлекеттерге барғанда аса қажет болатын 5 сөзді атап, олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі баламаларын жазыңдар. Бір сөзге дыбыстық талдау жасаңдар.

§6–7. Сөйлеу мәдениеті. Амандасу, қоштасу



1. Мөтінді түсініп оқып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Ел мол жиналышты: ақ сақалды қарттар, егде кісілер, жігіттер мен бозбаларап да жүр.

– Әне, келе жатыр... Әне, келе жатыр, – деп күбірлесе бастады жиналғандар.

Қасында пошта бастығы мен болыстық **басқарманың** бір топ жігіті бар орта бойлы, сүр шекпеннің өнірі ашық күйде, жалаңбас бір кісі келеді екен. Бәріміз де бар ықыласымызбен тесіле қарап қалыппыз. Ол **төбешікке** шыққан соң, төрдегі **ақсақалдардың** қолын жағалай алып шықты. Қалған топпен қолын **кеудесіне** қойып, бас иіп, ізетпен сәлемдесті.

– Армысыздар, ардақты қауым! – деді ол аздаған қарлықтан дауыспен. – Аман-есенсіздер ме, қадірменді қариялар! Дендеріңіз сау ма? Тұған-туыстарыңыз, мал-жандарыңыз аман ба?

– Рақмет, қарағым Садық. Өзің де аман-есенсің бе?

– Денің сау ма, Садықжан?

– Балаларың өсіп жатыр ма, қарағым? – деп шалдар шетінен саулық сұрасып жатыр.

– Рақмет! – деді Садық ақ тістерін көрсете жымиып. – Әзірше аман-есенбіз...

(Бауыржан Момышұлы)



1. Садық төрдегі ақсақалдармен қалай амандасты?
2. Қалған топпен қалай амандасты?
3. Үлкендердің амандасуында қандай ерекшелік бар?
4. Өздерің үлкендермен қалай амандасасыңдар?



Үндестік заны – түбір мен қосымшаның немесе сөз берінде арасындағы дыбыстардың бір-біріне әсер, ықпал етуі.

Үндестік заны екіге бөлінеді:

- 1) буын үндестігі (сингармонизм);
- 2) дыбыс үндестігі (ассимиляция).

Буын үндестігі (сингармонизм) зандаудың түрлері:

1. Сөздің алғашқы буыны жуан болса, келесі буындары да жуан немесе соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымша да жуан болады. Мысалы: *ба-ла-лар, қала-да-ғы-лар-ымыз*.
2. Сөздің алғашқы буыны жіңішке болса, келесі буыны да жіңішке немесе сөздің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымша да жіңішке болады. Мысалы: *ән-ші-лер-дің, үй-де-гі-лер-іміз*.

Ескерту. Арапас буынды сөздер – өзге тілден енген сөздер. Мысалы: *кітап, қасиет, қазір, математика*, т.б.

Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар мыналар:

- 1) көмектес септік жалғауы. Мысалы: *баламен, қонақпен, оқулықпен*, т.б.
- 2) -нікі (-дікі, -тікі), -тай, -тал, -еке. Мысалы: *Әсемдікі, әкетай, әсімтал, Қалеке*, т.б.
- 3) -бей, -кер, -гер, -қор, -паз, -қой, -кеш, -хана, -кес. Мысалы: *бейшара, балгер, жемқор, әсемпаз, сәнқой, арбакеш, емхана, зиянкес*, т.б.
- 4) -ов, -ова, -ев, -ева, -ин, -ина. Мысалы: *Әуезов, Жұмабаев, Бегалин*, т.б.



2. Денгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-денгей. Оқылым мәтінінде қою қаріппен берілген сөздердегі буын үндестігін түсінілдіріңдер. Буын үндестігіне бағынбай тұрган сөздер бар ма? Себебін анықтаңдар.

2-денгей. Мәтіндегі амандасуды, сыпайылықты білдіретін сөздер мен тіркестерді қастыстырып сұхбат құрыңдар.

3-денгей. «Мәтіндегі амандық сұрасудан нені байқауға болады?» деген тақырыпта шағын ойтолғау жазыңдар. Буын үндестігіне бағынатын және бағынбайтын сөздерді бөліп көрсетіңдер.



3. Тер халықтың сөлемдесу дәстүрі мен әдет-ғұрпы туралы бейнежазбаны (<https://www.youtube.com/watch?v=FAyJ4iRUq8A>) көріп, сөлемдесу туралы өзара ой бөлісіңдер. Бейнежазбадағы басты мәселені анықтаңдар.



4. Тыңдалым бөлімінде сөлемдесудің қанша түрі кездескенін анықтап, оларды қолданылуына қарай топтастырып жазыңдар.



5. Фаламтор желісі мен қосымша әдебиеттерді негізге ала отырып, бірнеше елдегі амандасу мен қоштасуға байланысты сөз орамдарын жинақтаңдар. Шағын зерттеу жұмысын жазып, топ алдында қорғандар.



6. Денгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-денгей. Мәтіннің бірінші бөліміне ат қойып, қосымшалардың жуан немесе жіңішке жалғануын түсіндіріңдер.

I

Сөйлеу әдебіне жататын сөздердің бірі – қоштасуға қатысты сөздер легі: «Сау болыңыз!», «Қош болып тұрыңыз!», «Келесі кездескенше!» немесе «Кездескенше!», «Көріскенше күн жақсы!» немесе «Көріскенше!», «Жайлыш жатып, жақсы тұрыңыз!», «Жолыңыз болсын!», «Сапар сәтті болсын!», «Аман болып тұрыңдар!», «Жақсы!», т.б.

Жағдаятқа қарай қолданылатын мұндай сөздерде де мағыналық реңк, айырма бар. Мәселен, бүгін-ертең немесе таяу күндерде кездесетін, хабарласатын қызыметтес адаммен «Көріскенше күн жақсы!», «Аман барып, сау қайтыңыз!» деп қоштаспайтыны белгілі. Ал алыс жол, ұзақ сапарға аттанып бара жатқан жолаушыға «Сау болыңыз!» деп қана қою салғырттықты білдіреді. Сондықтан мұндайда «Сапар сәтті болсын!», «Жолыңыз болсын!» төрізді сөз орамдарын қолданамыз.

2-денгей. Мәтіннің екінші бөліміне ат қойындар. Арапас буынды сөздерді тауып, қосымша жалғандар, қосымша жалғану заңдылығын түсіндіріңдер.

II

Амандық сұрасу – тұрмыста жиі қолданылатын, құлаққа жиі естілетін сөздеріміз. Бірақ бұларды талғап, таңдалап өз орайында, өз орнында қолдану қажет. Мысалы, «Сәлеметсіз бе!» деп амандасу үлкен-кішіге, таныс-бейтанисқа ресми жағдайда да, еркін жағдайда да қолданыла береді. Ал «Ассалаумағалейкүм!» деп амандасуды жасы үлкен ақсақалдар жөн санап, ұнатып тұрады. Ал үлкен апалар мен әжелер бір-бірімен «Армысыңдар!», «Аманбысыңдар?», «Қалайсыңдар?» деген секілді амандасу түрлерін қолданады.

Бұл қоғамдағы әр алуан топтардың өздеріне лайық амандасу түрлері бар екенінен хабар береді.

(Нургелді Уәли)

3-денгей. Амандасу, қоштасу сөздерін орынды пайдаланып, алыстағы туыстарыңа немесе достарыңа хат жазындар.

Үлгі:

Ассалаумагалейкүм, ата! Аманбысыз, әже! Денсаулықтарыңыз қалай?...



7. Топқа бөлініп, суреттер бойынша жағдаят ойластырыңдар. Жағдаятты дұрыс ойлас-тырған топқа алғыс айтуды үмітпаңдар.
1. Ата-анаңмен, туыстарыңмен қалай қоштасасыңдар?
 2. Мұғаліммен, тәрбиешімен, сатушымен және т.б. қалай қоштасқан дұрыс?
 3. Балалар бағдарламасының жүргізуші болсаңдар, көрерменмен қалай сөлемде-сіп, қоштасар едіңдер?



8. Амандасу, қоштасу сөздерінің қолданысына мән беріп, кестеге жазыңдар.

Амандасу, қоштасу сөздері	Кімге бағытталған?	Кімдер айтады?
Ассалау мағалейкүм!	Атаға, әкеге, жалпы қөшпілікке	Ер адамдар, балалар

§8. Сөйлеу мәдениеті. Сыпайылық, әдептілік



1. Мәтінді оқып, қандай жанрға жататынын анықтаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Ағайындылар

Бірде екі ағайынды ренжісіп қалыпты. Ағасы: «Інім келіп, кешірім сұрап», – деп күтіпті. Ол келе қоймайды. Шыдамаған ағасы інісіне келеді, сейтсе інісі де сағынып жүр екен. Ағасын көре салып, құшақтап жылап жібе-ріпті. Сонда ағасы:

– Сен кішісің ғой, неліктен бірінші болып келіп, кешірім сұрамадың? – дейді.

– Ағатайым, «кім бірінші болып кешірім сұраса, сол мол сауап алады» деуші еді. Сол сауапты өзіме қимай, «сіз алсыншы» деп тоқсан едім, – депті інісі көз жасын сүртіп.

(Ел аузынан)



1. Бірінші кім кешірім сұрауы керек еді?
2. Інісі неге бірінші кешірім сұрамаған?
3. «Аға – бордан, іні – зордан», «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар» деген мақал-мәтеддердің мәнін мұғалімдеріңмен бірге талқыландар.



2. Суреттермен танысып, жағдаяттық тапсырмаларды орындаңдар.
 1. Осы жағдайлар көз алда-рында болып жатса, қай балаға қандай кеңес айттар едіңдер?
 2. Бірінші жағдаят бойынша бір-біріңен сұхбат алышадар.



Ерін үндестігі – еріндік дауыстылардың бастапқы буындағы ыңғайына қарай соңғы буындардың үйлесіп келуі. Мысалы, еріндік о, ө, ү, ұ дыбыстарынан кейін келетін езулік ы, е, і дыбыстары айтуда еріндік дыбыстарға жақындейды.

Ерін үндестігі зандағылыштары:

1. Алғашқы буындағы о немесе ұ дыбыстары екінші буындағы ы дыбысын ұ-ға айналдырады. Мысалы: орын – орун, құлпын – құлұн. Ал ашық дауысты а дыбысына о-ның да, ұ-ның да әсері байқалмайды. Мысалы: орақ, құлан.
 2. Алғашқы буындағы ө немесе ү дыбыстары екінші буындағы і дыбысын ү-ге айналдырады. Мысалы: көрік – көрүк, құдік – құдүк.
 3. Алғашқы буындағы ә немесе ұ дыбысы келесі буындағы ә дыбысын ө-ге айналдырады. Мысалы: өлең – өлөң, қүрек – қүрәк.
- Орфография – сөздердің дұрыс жазылу зандағылышы.
Орфоэпия – сөздердің дұрыс айтылу, оқылу зандағылышы. Мысалы: бүгін деп жазамыз, бұгун деп айтамыз; басшы деп жазамыз, башшы деп айтамыз.



3. Берілген сөздерді пайдаланып, мәтін құрастырыңдар. Ерін үндестігіне бағынатын сөздердің астын сызып, айтылуы мен жазылуын есте сақтаңдар.

Кешірім өтінемін, ғафу өтінемін, кешіріңіз, ғафу етіңіз, кеше көріңіз, ренжіткен болсам, әбес қылышқ үшін, келешекте.



4. Жоғарыдағы суреттердегі екінші жағдаятқа сұхбат құрастырыңдар. Сұхбат бойынша бірнеше тірек сөзді анықтап, оларға дыбыстық талдау жасаңдар.

§9. Тілі байдың ойы да бай



- Мәтінді түсініп оқындар. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Қымбат қазына

Ертеде тілге жүйрік, шешен бір қария көз жұмарында ұлына:

– Балам, «әкем кедей болды» деп қамықпа. Мениң саған тастаған көп қазынам бар, соны тауып алып, қадіріне жет, – депті.

Бала кейіннен оны әрі іздейді, бері іздейді, – таба алмайды. Арып-ашып жүріп, ауылдағы абыз ақсақалға мұңын шағыпты. Әлгі дана қарттыңдал болып:

– Е, балам, әке баласына өтірік айтпас болар, ақтық демінде ақиқатын айтқан еken. Әкең өте шешен адам еді жарықтық. Оның саған қалдырыған мол мұрасы – қасиетті тіл. Бәріміз сөздің дәмін келтіріп сөйлеуді сенің әкеңнен үйренген едік. Дүниеде тілден қымбат, мәңгілік мұра болмақ па, сірә! – деп аталы сөздің жұмбағын шешіп беріпті.


(Ел аузынан)



- Шешен қария баласына қандай қазына қалдырыған?
- «Тіл – ең қымбат қазына» деген пікірмен келісесіндер ме? Дәлелдендер.



- Түсініп оқып, жаттап алындар. Буын үндестігіне бағынбай тұрған және айтылуда өзгеріске ұшырайтын сөздерді көрсетіңдер.



Қазақтар мұдірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауызекі сөйлемп отырғанның өзінде сөйлеген сөздері үйқаспен келетіндігі соншалық – өлең еken деп қаласын.

(Vasiliy Radlov)

Тілден биік асқар жоқ,
Тілден асқан байлышқ жоқ,
Тілден терең теңіз жоқ.

(Fabit Mysirepov)



- Оқылым мәтініне сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құрындар.



4. Денгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-денгей. Мәтіннен орфоэпиялық норма бойынша жазылған сөздерді тауып, оны келесі бағанға орфографиялық норма бойынша жазындар.

2-денгей. Өздерің ерін үндестігіне мысалдар жазып, заңдылығын түсіндіріңдер.

3-денгей. Қара бидің батасындағы қою қаріппен терілген жолдарды қалай түсінгендерінді жазындар.

Кошқарұлұ Жәнібек он үш жасында Қара биден бата алмақ болып, жолға шығады. Бірақ оның сәті түспей, жаугершілік басталып, үлкөн соғыстың арасынан өте алмайтын болған соң кері қайтады.

Содан арада үш жыл өтіп, ол он алты жасқа шығады, соғыс та аяқталады, Қара биге келіп, сөлем береді. Қара би онүң сәлемін қабылданап тұрып:

– Әй, мен сені осыдан үш жыл бұрын күтіп едім, сонда неге келмедің? – депті.

Жәнібек болған оқиғаны айтады.

– Е, онда жөн басқа, – дейді Қара би. – Менде қандай бүйімтайың бар?

– Оны өзініз де білесіз, маған керегі – сіздің батаңыз, – дейді Жәнібек.

Сол кезде би қолын жайып:

Бедері жоқ қамқадан

Берік тоқұлған бөз артық.

Бірлігі жоқ туыстан

Берік сөйлескен жат артық.

Пайданы алыстан қылғайсың,

Залалды жақыннан қылғайсың, –

деп батасын беріпти.

(«Билер сөзі» жинағынан)



5. Қазақтың би-шешендерінің өздерінде ұнаған сөздерін жинақтап, таныстырылым дайындаңдар.



6. Осы бөлім бойынша алған білімдерінді жинақтап, «Тіл – ақылдың өлшемі» тақырыбында «Дербес пікір жазу» төсілі бойынша тапсырманы орындаңдар.

1. Өзіндік пікір, ой, идея (1 сөйлем).

2. Дәлел (2 сөйлем).

3. Өз пікірінді айғақтайтын мысал (2 сөйлем).

4. Өз пікіріңе қарсы дәлел (1 сөйлем).

5. Қарсы дәлелді жоққа шыгаратын мысал (1 сөйлем).

6. Қорытынды (2 сөйлем).

§10. Киім түрлері және сән туралы түсінік



- Мәтінді оқып, нақты ақпаратты табыңдар. Екі бөлімге бөліп, әрқайсысына тақырып қойыңдар.

Киім және сән

Киім адамды қоршаған ортаның, табиғаттың түрлі өсерінен қорғайды. Сондықтан ежелгі дәуірдегі адамдар киімді сұықтан, ыстықтан, жараланудан, сырып кетуден денені сақтау үшін киді. Ең алғашқы киімдерді адамдар шептепен, жан-жануарлардың терілерінен жасаған.

Қазіргі кезде кез келген адамның өз қалауынша **сәнді** киінуіне мүмкіндігі бар. Киім тігуге мал, аң терілері, өсімдік, ағаш, балық, құс өнімдері, жасанды материалдар пайдаланылады.

Киім түрлеріне қарай басқиім, аяқиім, сыртқиім, ұлттық киімдер, т.б. болып бөлінеді. Ұлттық киімдер арқылы адамның ұлтын білуге болады.

Сән – киім килю мәдениеті. Ол адамның талғамына байланысты. Сән қоғам-ға, заманға қарай өзгеріп отырады.

Дизайнер – сәннің бағытын, кімге арналатынын, қандай матадан тігілетінін, үлгісін айқындастырып адам. Дизайнерлік киімдер жоғары сапасымен, биік талғамымен, өзіндік идеясымен ерекшеленеді.

Сәнгер – көпшіліктің алдына шығып, жаңа киім ұлгілерімен таныстыратын адам.



- Алғашқы киімдер қандай қажеттілікті өтеді?
- Сән неге өзгеріп отырады деп ойлайсыңдар?
- Мәтінде сән өлеміне қатысты мамандық атаулары бар ма?



- Киімдерді топқа бөліп, кластерге түсіріңдер.

Жуан, жінішке дауысты дыбыстар біріккен сөздер мен қос сөздерде араласып келеді. Мысалы: *шегара, баспасөз, аман-есен, алай-түлей, асты-усті, асығыс-үсігіс*, т.б.



- Берілген аралас буынды сөздерді бағандарға бөліп жазыңдар.

Біріккен не қос сөздер	Буын талғамайтын қосымшалар жалғанған сөздер	Басқа тілдерден енген сөздер

Аяқкиім, өсемпаз, сәнқұмар, мұғалім, сәндік-қолданбалы, сыртқиім, шеңберхана, қызмет, қадірлі, дизайнер, сәнқой, ұсақ-түйек, сән-салтанат.



4. Денгейлік тапсырманы орындаңдар.

- 1-денгей. Оқылым мәтініндегі бірнеше сөзге дыбыстық талдау жасаңдар.
- 2-денгей. Мәтіндеңі қою қаріппен берілген сөздерді қатыстырып, сұхбат құрындар. Арасында буынды сөздерді көрсетіңдер.
- 3-денгей. «Менің сәнқой досым» тақырыбында эссе жазындар. Буын үндестігі заңдылықтарын түсіндіріңдер.



5. Мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, айтылуы мен жазылуында ерекшелік бар сөздерді топтастырып жазындар.

- | | |
|----------------------------------|---------------------------------|
| 1. Сыпайы киімді киіл тоздырады, | A) танымаған жерде тон сыйлы. |
| 2. Кең киім тозбайды, | B) тарылтуың оңай. |
| 3. Таныған жерде бой сыйлы, | C) кеңесші ел азбайды. |
| 4. Киім пішсең, кең піш, | D) жолдасының тоңғанын білмес. |
| 5. Қасқыр ішігі бар кісі | E) сараң киімді жиып тоздырады. |

§11. Киім стильдері



1. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

«Стиль» сөзі латын тілінен аударғанда «мәнер», «сипат», «ерекшелік» деген мағынаны білдіреді. Киімде бірнеше стиль қалыптасқан:

Классикалық стильге ұстамды, ресми киім үлгілері жатады. Аксессуарлары (стильді толықтыру үшін керек заттар: сағат, әшекейлер, сөмкелер, портмоне, т.б.) да алабажақ емес, түстері біркелкі болып келеді. Кеңсе қызметіне, жиналыстарға, іскерлік кездесулерге классикалық стильде киінген дүрыс.

Романтикалық стильдегі киім үлгілері ерекше әшекейді қажет етеді, нәзік, өте әдемі, түстері әр алуан, аксессуарлары мол болады.

Спорттық стильдегі киімдер – күнделікті өмірде, саяхатқа шыққанда киетін, жеңіл, жүріп-тұруға ыңғайлы киімдер.

Фольклорлық (этникалық) стильдегі киімдер – ұлттық сипаттағы осы заманғы киімдер. Бұл киімдер сәнді қолөнер заттарымен безендіріліп, ұлттық нақышта орындалады.



1. Мәтіндегі стиль түрлерінің қайсысы жаныңда жақын?
2. Сәнді аксессуарларға нелер жатады?

!

Сөз ішінде немесе сөз аралығындағы көрші дыбыстардың бір-біріне ықпал етуі **дыбыс үндестігі** деп аталады.

Ілгерінді ықпал – түбір мен қосымшаның, немесе сөз аралығындағы көрші дыбыстардың алдыңғысының кейінгі дыбысқа ықпал етуі. Мысалы: **дос+тар** (сөз соңы с қатаң болғандықтан, *t* – қатаңнан басталатын қосымша жалғанады); **каз+дар** (сөз соңы з үяң болғандықтан, *d* – үяңнан басталатын қосымша жалғанады); **клуб+та** (сөз соңындағы үяң *b* айтылуда қатаң естілетіндікten, *t* – қатаңнан басталатын қосымша жалғанады); **боз құнан** – айтылуы **боз ғұнан** (сөз аралығындағы алдыңғы дыбыс з үяң болғандықтан, өзінен кейінгі қатаңды үяндандырып, *r*-ға айналдырады, жазғанда түбірі сақталады).

- ✓ 2. Көптік, тәуелдік жалғауларының үндестік заңы бойынша жалғануын мысалдармен көрсетіп, кестені толтырыңдар.

Сөздің соңғы дыбысы	Көптік, тәуелдік жалғаулар
Сөз соңында үнлі <i>л</i> , <i>м</i> , <i>н</i> , <i>ң</i> және үяң <i>ж</i> , <i>з</i> дыбыстары болса	
Қатаң немесе үяң <i>б</i> , <i>в</i> , <i>г</i> , <i>ð</i> дыбыстары болса	
Дауысты немесе үнді <i>й</i> , <i>р</i> , <i>у</i> дыбыстары болса	

- 讲话气泡 3. Суреттерге қарап, сұхбат құрыңдар. Кім қай стильде киінген? Сұхбат мәтінінде ілгерінді ықпал байқалатын сөздер кездесті ме?




4. Үлдар өздеріне қатысты, қыздар өздеріне қатысты сөндік аксессуарлардың атаулары мен мәтін жазады. Сөндеңі ерекшелікке байланысты қыздар мен үлдар бірдей аксессуарлар қолдануы мүмкін бе?
- ✓ 5. Оқылым мәтінінен ілгерінді ықпалға мысалдар келтіріңдер.



6. Сөзжұмбақты шешпіндер. Тапсырмадағы сөздердің үндестік заңына қатысын анықтандар. Жауабындағы сөздердің орысша, ағылшынша баламаларын тауып, олармен сөзжұмбақ кұрастырыңдар.

1. Керегімді салып жүрер серігім.
 2. Қоймам көп, құлпы жоқ.
 3. Жұрген сайын жүйрігім
Қысқартады құйрығын.
 4. Қымылдаса қос шебер,
Қыруар-қыруар іс өнер.
 5. Киім тігуге тапсырыс беретін жер.



§12–13. Қазақтың үлттық киімдері



1. Мәтінді түсініп оқып, киім атауларын «Кластер» әдісімен топтастырыңдар.

Қазақ халқының үлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де мол. Оның көркем үлгілері өлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған. Ертеде халық шеберлери қазақтың болмысына тән, кигенде ыңғайлы әртүрлі киім үлгілерін жасаған.

Тымақ – аңның, малдың терісінен тігілетін қыскы басқиім.

Сәүкеле – ұзатылған қызы киетін аса қымбат, көдөлі басқиім. Оны асыл тас, алтын, күміс, меруерт, маржанмен өрнектеп, алтын жіппен өшекейлейді.

Тон – койдың, ешкінің және құлынның терісінен тігілетін қыстық киім.

Жақы – ертеректе ауқатты адамдар киген, қазір өте сирек кездесетін жағалы әрі асыл киімдердің бірі.

Шекпен – түйе жүнінен тоқылатын сыртқиім.

Ішік – аң терісінен тігіліп, сырты матамен тысталатын жылы киім.

Күпі – матамен тысталып, ішіне түйенің, қойдың жабағы жүнін салып тігетін сырт киім.

Жарғақ шалбар – мал терісінен тігілетін еркектер киімі.

Етік – былғарыдан, құрымнан тігілетін ерлер мен мән әйелдердің аяқиімі.

(«Қазақтың салт-дәстүрлөрі мен әдем-гүрыптары» кітабынан)



1. Мәтінде таныс емес киім атаулары бар ма?
 2. Қандай үлттық киімдер ұнайды?
 3. Үлттық киімлі кай кезде киген лұрыс?



2. «Қазақтың үлттық киімдері» бейнежазбасын (<https://www.youtube.com/watch?v=ZRufTnHq3M4>) мұқият тыңдандар.



3. Тыңдалым мәтінін негізге алыш, деңгейлік тапсырманы орындаңдар.
- 1-деңгей. Бас киім атауларын теріп жазыңдар.
- 2-деңгей. Ерлер мен әйелдер киімдерін бөліп топтастырыңдар.
- 3-деңгей. Бір киім үлгісінің қалай жасалатынын немесе тігілетінін айтып беріңдер.



Кейінді ықпал – сөз ішінде немесе сөз аралығындағы көрші дыбыстардың соңғысының алдыңғы дыбысқа ықпал етуі. Мысалы: *жаз+са* (*жас+са*), *Ораз+жан* (*Ораж+жан*), *сен+бе* (*сем+бе*), т.б. Жазғанда түбірі сақталады. Сөздің соңғы дыбысы қатаң *п*, *қ*, *к* болып, жалғанатын қосымша дауыстыдан басталса, олар үян сынарларына (*п-б*, *к-г*, *қ-ғ*) айналады, кейде *п* дыбысы *у-ға* айналады. Мысалы: *күрек* – *күрөгі*, *доп* – *добы*, *тарақ* – *тарағы*, *тап* – *таба*, *тауып*.



4. Төмендегі сөздерді орфоэпия заңдылықтарына сәйкес жазып, ықпал түрлерін анықтаңдар.

Боз жорға, ақ аю, көк ала, ақ лақ, көкорай, **Жанпейіс**, Ермағанбет, тұз сал, жазса, басшы.



5. Сұрақтарға жауап беріп, сұхбат құрындар.
1. Суреттегі киімдердің атауларын білесіндер ме?
 2. Заманауи киімдер мен ұлттық киімдердің қандай айырмашылықтары мен үқсасылары бар?
 3. Киім атауларын өздерің біледін тілдерге аударып көріндер.





6. Дыбыс үндестігін сақтай отырып, көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды жазындар. Кейінді ықпалды көрсетіндер.

1. Сөукеле – қалындық... бас киім.... .
2. Атамның іші(к)... аң терісі... тігілген.
3. Қазақ... шапан... әдемі.
4. Менің байпа(қ)... киіз... тігілген.
5. Әжемнің мәсі... былғары... тігілген.
6. Сіздің қамзол... қызыл, кейле(к)... ақ.
7. Біздің тыма(қ)... басымызды сұйқ... қорғайды.



7. Үлттық киімдердің бай мәдени мұра екені туралы өзіндік қорытындыны түсіндірмесімен жазындар.

Қорытынды	Түсіндірме (комментарий)

§14. Қазақстандық дизайнерлер



1. Суреттерге қарап, бүгінгі тақырыптың не туралы болатынына болжам жасаңдар.



2. Мәтінді оқыңдар, сұрақтарға жауап берे отырып, ойларынды ортаға салындар.

Қазақстандық дизайнерлер қазіргі таңда биік жетістіктерге жетті. Аида Қауменова, Ая Бапани, Сәкен Жақсыбаев, Құралай Нұрқаділова, Айгүл Қасымова, Лария Жақамбаева, Салтанат Баймұхамедова сынды дизайннерлер отандық жұлдыздардың арасында өте танымал.

«Адам көркі – шуберек», «Шебердің қолы ортақ» – дейді халық. Қазақстан естрадасының жұлдыздары, танымал жүргізуілөр отандық дизайннерлердің киімдерін кие бастады. Қазір бәріне белгілі шетелдік «D&G», «Louis Vuitton», «Gucci» сынды брендтерді Ая Бапани, Аида Қауменова шығарған киімдер алмастырып отыр.



1. Дизайнер мен тігінші мамандығының байланысы бар ма? Олардың айырмашылығы неде?
2. Қандай қазақстандық дизайнерлерді білесіндер?
3. Отандық және шетелдік дизайнерлердің қандай атақты киім маркаларын білеңдер?



3. «Отандық дизайнерлер шығарған киімдерді киген дұрыс па?» тақырыбында өз ойлауынды «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жеткізіндер.
 1. Пікір. Өзіндік пікірлерінді бір сейлеммен жазыңдар.
 2. Дәлел. Өз пікірлерінді бір сейлеммен дәлелдеңдер.
 3. Мысал. Пікірлерінді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріндер.
 4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.



Тоғыспалы ықпал – сөз тіркестерінің, біріккен сөз сыңарларының аралығындағы көршілес дыбыстардың бір-біріне ілгерінді де, кейінді де әсер етуі, сол арқылы басқа дыбысқа ауысуы. Мысалы: *Ескан – Ешсан, жас жігіт – жаш шігіт*.



4. Мәтіннен қосымшалы зат есімдерді теріп жазып, буын үндестігіне бағынатын және бағынбайтын сөздерді «Тікестесіне» түсіріндер.

Буын үндестігіне бағынатын сөздер	Буын үндестігіне бағынбайтын сөздер



5. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. Суреттегі қазақстандық дизайнерлер туралы ізденіп, қысқаша дерек жазыңдар. Үқпал түрлерін көрсетіңдер.



Құралай Нұрқаділова



Берік Исмайлов

2. «Дизайнер болғым келеді» немесе «Дизайнер мамандығының қыр-сыры» тақырыбында қысқаша мәтін жазып, ықпал түрлерін көрсетіңдер.

§15. Талғам



- Мәтіндерді оқып, ортақ ойды табындар.

Талғам мен талғамсыздық адамның қай дәстүрде, қай ортада өскендігіне, алған тәрбиесіне, парасатына байланысты. Талғамға да тәрбие керек.

Талғамның мәлшері балалық шақтан бастау алады: туған ұясында көрген, білгені, естігенінің мәні зор. Кішкентайынан не нәрсеге әуестенсе, сол тұрақты қызығушылығын дамытады.



- Талғамның қалыптасуына не әсер етеді?
- Талғам мен қызығушылықтың арасында байланыс бар ма?
- Кез келген әнді тыңдалап, кез келген кітапты оқи бересіндер ме? Кез келген киімді кие бересіндер ме? Талғамдарың қалай қалыптасып келеді? Ойланып көріндер.



- <https://vimeo.com/827560447> сайтынан арзан әрі сәнді киіну туралы кеңестерді тыңдалап, сұрақтарға жауап беріндер.
 - Сәнгердің пікірімен келісесіндер ме?
 - Киім таңдауда қандай мәселеге басты назар аудару керек?
- Берілген сөздердегі ықпал түрлерін анықтаңдар. Айтылуы мен жазылуындағы айырманы, заңдылықты түсіндіріндер.

Есжан, Асанбек, жауып, сабағы, жазса, ашса, көнбеді, бес жыл, жанбады, бір күні, ала кел, күн кешті, тасжүрек.



- Кестені пайдаланып, «Тәрбиелік кеңес» құрандар. Бірінші бағандағы тіркестерді кеңесті білдіретін сөздермен аяқтап, екінші бағандағы сөздер мен тіркестерге тиісті қосымшаларды жалғап, сөйлем етіп құрастырыңдар.

Улғи: *Пішінге лайықты киім киу керек. Толық денелі қызы балаға қысқа көйлек жараспайды.*

Пішінге лайықты киім киу.	Толық денелі, қызы бала, қысқа көйлек, жараспау.
Түстерді дұрыс үйлестіру.	Алабажақ көйлек пен сондай сөмке. Үш түс, көп болуы, талғам, төмендік, білдіру.
Аяқ киім мен киімнің түсін де үйлестіру.	Ашық түсті көйлек, бейтарап түсті аяқ киім, немесе, көрісінше, үйлестіру, жән.
Аяқ райына лайық киіну.	Қыста, жылы, қалың киім, бас киім, ки. Жанбырлы күні, су өтпейтін киімдер, ки, дұрыс.



5. Суреттердегі балалардың киімдерінен қандай қателік байқадындар? Осыған қатысты жағдаят ойластырып, өз ойларында жазындар.



6. «Талғамға талас жоқ» деген пікірді негізге ала отырып, достарыңа хат жазындар. Жазған хаттарындағы ықпал түрлерін көрсетіңдер.

§16. Киім киу мәдениеті



1. Мәтінді оқып, әдемі киінуді қалай үйренуге болатыны туралы пікірлесіңдер.

Ең алдымен, «бұл соңғы сәндеғі киім» деген сөзді ұмытуымыз керек. Сұлулық дегеніміз – өзіне жарасымды, ыңғайлышты киінү. Ең бастысы, киімденеге қоныымды болуы керек.

Құбылармен қызырғанда, туған-туыста-
рымыздың үйіне барғанда киімнің тар болма-
ғаны жөн, бұл емін-еркін қозғалуға мүмкіндік
береді және киімнің гүлді бояуы болса, нәзік
көрінеді. Шынжыр баулы сәмкені көйлекпен
де, кәжүал стиліндегі киіммен де ұсташа-
 болады. Джинс (деним) шалбар да күнделікті
кигенге өте ыңғайлышты.

Ал қызыл түсті сәнді көйлекті күнделікті
турмыста немесе жұмысқа барғанда киу мүмкін емес. Бірақ концептте өлең
айтуға, той-томалаққа киіп баруға әбден болады.

Гүлді киім киген кезде сәмкенің біртүсті болғаны жөн.

Біртүсті кеудеше мен белдемшені сабаққа, ресми мекемелерге киіп баруға
болады.

Сонымен қатар жыл мезгіліне, ауа райына сәйкес әртүрлі жеңіл бас киім
киіп, мойынорағыш тағуға болады.

(https://massaget.kz/layfstayl/zhadnama/21631/)

Кәжүал (ағылшынша Casual) –
ыңғайлышты киім стилі. Бұл стильдің
ең басты қағидасы – киімнің қолай-
лы болуы.



- 2.** Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» романынан алынған үзіндіні (05. mp3) тыңдаң, киім киуде ұстанатын негізгі қағидаларды анықтаңдар.



- Сендер қалай киінуді жөн көресіндер?
- «Стильді киіну», «талғамы биік» дегенді қалай түсінесіндер?
- Маусымға лайық киінбеуден қандай қолайсыздық туындауы мүмкін?
- Құрбыларыңа киім киүге байланысты қандай кеңес берер едіндер?



- 3.** Кестелердегі дұрыс жауаптарды белгілеп, 5-бағанды өздерің толтырыңдар.

Жыл мезгіліне байланысты киім түрлері	Қысқы киім қандай болуға тиіс?	Жазғы киім қандай матадан тігіледі?	Сырт киімді неге байланысты кию керек?	Саган қандай киім үнайды?
Қысқы Жазғы Қызық Өдемі	Ашық Қолайлы Жылды Суық	Қымбат матадан Оңай жуылатын Жеңіл матадан Жұннен тоқылған	Үйдегі ауа райына байланысты Далаңағы ауа райына байланысты Адамдарға байланысты	

Киім кигенде нени ескеру керек?	Құнделікті киімді қайда киеді?	Сәнді киімді қандай матадан тігеді?	Ресми орындарға қандай киіммен барған жөн?	Озің қалай киінесің?
Өз тұлғасының ерекшеліктерін Жас ерекшелігін	Мектепке, көрмеге, т.б. барғанда Тойға барғанда Сапарға шыққанда	Қалың матадан Қымбат, өдемі матадан Жұқа матадан	Шолақ шалбар- мен Костюммен Дениммен	



- 4.** Бағандардағы сөздерді өзара байланыстырып, сейлем құрастырыңдар. Сөз аралығындағы ықпал түрлерін анықтаңдар.

1	Киімді	көркі	өдемі	киінуге	үйретеді
2	Адам	дұрыс	жарасымды	білу	өнер
3	Өншілер	адамды	kie	деген	халқымыз
4	Дизайнерлер	киіміне	шуберек	киімді	шығады
5	Әрқашан	сағнага	адам	көйлекпен	алады
6	Адамды	киінген	лайық	өдемі	ки
7	Қарапайым	өзіңе	қарап	қарсы	көрінеді



- 5.** «Қалай киінген дұрыс?» деген тақырыпта бірінші топ «Әрдайым сәннен қалмауға тырысу керек» деген ұстаным бойынша, екінші топ «Сән маңызды емес, бастысы, киім қонымды болу керек» деген ұстаным бойынша ойталқы үйымдастырыңдар.



- 6.** «Адам көркі – шуберек» деген тақырыпта жарнама жазыңдар. Құрастырган жарнамаларыңнан ілгерінді, кейінді жөнне тоғыспалы ықпал түрлерін көрсетіңдер.

§17. Балаға ат қою

-  1. Мәтіндерді оқып, өздерің сұрақтар дайындаңдар. Ат қоюда қазақ халқының қандай дәстүрлерін байқауға болады?

Жаңа туған сәбиге ат қою – ерекше салтанатты ғұрыптардың бірі. Ат қоюға қазақ халқы ерекше көңіл бөлген.

Қазақта балаға ат қоюдың жолы мен сөттері көп. Шөп шауып жатса – *Шөптібай* деп, Наурыз айында туса – *Наурызбай* деп, айт күні туса – *Айтбай* деп те қоя салады. Сол сияқты қызы бала туда берсе, *Ұлболсын*, *Ұлтүгән*, *Ұлмекен* дейді. Көз тимесін деп *Бишай*, *Көтерші*, *Қосқулақ*, *Итемген*, *Қүшік* деп те қойған. Қазір *Бауыржан*, *Абай*, *Олжас*, *Сәкен*, *Абылай*, *Фаризалар* көп. Бұлар – сол кісілердегі болсын деген ырымнан қойылған есімдер.

(*Сейіт Кенжеахметұлы*)

Бала дүниеге келгенде әр саналы отбасы оған жарасымды әрі әдемі есім беруге тырысады. Кейбірі ел арасында кең таралған, заманауи есімдерді қойып жатса, кейбірі ата-бабаларының, ұлы тұлғалардың есімдерін, кейбірі ежелгі есімдерді қояды. «Жаңа туған сәби болашақта құрметті, ұлкен азamat болсын» деген үмітпен ата-анаstry жасы ұлкен, сыйлы адамға ат қоюға қолқа салады.



2. Суреттерге қараң, ұлгі бойынша сұхбатты жалғастырындар. Тыныс белгілерінің дұрыс қойылуын талқыланыңдар.

Ұлғи:

Әжем:

– *Міне, шаңырагымызга сәби келді! Енді атын қояйық.*





- 3.** Балаға ат қоюда қандай қағиданы ұстанған дұрыс? Ерсі есімдердің де кездесетіні туралы мәтінді (06. mp3) тыңдал, өз есімдерің туралы сұхбат құрындар.

Үлгі:

Еркебұлан: Сенің атыңды кім қойды?

Абылай: Менің атымды атам қойған. Ол кісі – тарихшы. Ал сенің атыңды ше?

Еркебұлан: F.Мұсіреповтің шыгармасын оқыған соң, әкем мені сондагы кейін-кердің есімімен атауды үйгарыпты.



- 4.** Төмендегі сөздерді «Түсіндірме сөздіктен» тауып, мағынасын түсіндіріңдер. Оларды қатыстырып сөйлемдер құраңдар.

Қолқа салу; ырымдау; азан шақырып, ат қою.



- 5.** «Менің атым қалай қойылды?» деген тақырыпта шағын әңгіме (сөз саны – 40) жазындар. Сөздердің орфографиялық нормаға сай жазылуын ескеріңдер.

§18. Бесікке салу



- 1.** Суреттерде қандай отбасылық мереке бейнеленгенін айтындар. Тірек сөздер бойынша сабактың не туралы болатынына болжам жасаңдар. Суреттер бойынша сыныптастарыңа сұрақтар дайындаңдар.

Тірек сөздер: сәби, бесікке бөлеу, бата беру, той, балаңыздың бауы берік болсын.



- 2.** Мәтінді оқындар. Негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Шілдехана – жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық, той. Жастар жиналышп, өн салып, домбыра тартып, өн-жыр айтады. Сол күні баланы **шілде сұына шомылдырып**, суға сыңғырлаған тиындар салады, балаға денсаулықпен бірге байлық та тілейді.

Бесікке салу. Бесік – қасиетті, киелі, құтты мұлік, сәбидің алтын үясы болып есептеледі. Бесікке салу елдегі жолы үлкен, тәрбиелі, өнегелі әжелерге,

әйелдерге тапсырылады. Ол бесікті **отпен аластан**, баланы бесікке бөлейді. Бесіктің түбегі орналасқан жерден кішкене бұршак тәрізді тоқаштар өткізіледі, оны «тыштырма» деп айтады. Бесік үстіне жеті түрлі қадірлі таза зат қойылады. Бесікке салған адамға **бесікке салар**, яғни, **кәделі сый** беріледі. Осындай қуаныш үстінде «**Бесік жыры**» айтылады:

Айыр қалпақ киісіп,
Ақырып жауға тиісіп,
Батыр болар ма екенсің?
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,

Шебер болар ма екенсің?
Таңдайларың тақылдан,
Сөзінді жүрт мақұлдан,
Шешен болар ма екенсің?..

(Сейіт Кенжеахметұлы)

-  3. Мәтіндегі тірек сөздерді анықтап, бірнешеуіне дыбыстық талдау жасаңдар.
-  4. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерді «Тұсінірме сөздіктен» тауып, мағынасын түсіндіріңдер.
-  5. Оқылым мәтініндегі «Бесік жырында» балаға айтылатын тілек сөздерді «Тұжырымдамалық кестеге» жазыңдар. Батыр, шебер, шешен болу үшін не істеу керек?
-  6. Бесіктой туралы мәтінді (07. тр3) тыңдал, туыстық атауларды теріп жазыңдар.
-  7. «Бөбекке тілек» деген тақырыпта шағын өңгіме жазып, буын үндестігіне бағынбайтын сөздерді анықтаңдар.

§19. Тұсау кесу

-  1. Суреттерге қарап, бүгінгі тақырыптың не туралы болатынына болжам жасаңдар.





- 2.** Мәтінді оқып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар. Өздерің білетін ақпаратпен толықтырыңдар.

Тұсаукесер – сәбиді қаз тұрғанынан кейін «тез жүріп кетсін!» деген тілекпен жасалатын ғурып, ырым. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап тез жүгіртеді, шашу шашады.

Тұсауыңды кесейін,
Күрмеуіңді шешейін.
Қаз, қаз, балам, қаз, балам,
Қадамыңды жаз, балам!
Қадам бассаң, мәз болам.
Тағы-тағы баса ғой,
Алты қырдан аса ғой.
Қаз, қаз, балам, қаз, балам,
Тақымыңды жаз, балам,
Қаз баса ғой, қарағым,
Құтты болсын қадамың! –

деп тұсаукесер жыры айтылады.

(«Қазақ салт-дәстүрлері» жинағынан)




1. «Тұсау» деген сөздің мағынасын түсінесің бе?
2. Тұсау кесу үшін неге ала жіп алышады?
3. Ала жіктен басқа немен кесуге болады?
4. Тұсау кесу үшін баланың ата-анасы қандай адамдарға қолқа салады?



3. Тұсау кесу рәсімінде айтылатын тілек өлеңді (08. тр3) тыңдаңдар. Жас балаға қандай тілектер айтылған?
4. Венн диаграммасын толтырыңдар.

Шілдехана

Тұсаукесер



5. Оқылым мәтінінен ықпал түрлеріне мысалдар тауып жазыңдар.





6. Бесікке салу, шілдехана, балаға ат қою, тұсаукесер рәсімдері туралы ақпарат жинақтап, достарыңа хат жазыңдар.

§20. Тілашар



1. Суреттерге қарап, бүгінгі тақырыптың не туралы болатынына болжам жасандар.



2. Мәтінді оқып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңдар. «Білім алу» және «тілашар» ұғымдарының арасында қандай байланыс бар екенін баяндаңдар.

Тілашар дегеніміз – баланың ұстаз алдын алғаш көруіне (мейлі ол қожа, молда болсын, мұғалім болсын) арналған ізгі ниет, бата-тілек емес пе?! Ертеде алалы жылқы, ақтылы қой айдаған ірі байлар балаларын Бұхара, Самарқан, Қазан, Туркістан, Орынбор секілді қалаларға үлкен медреселерден білім алуша жіберген. Ауқатты адамдардың көбі ауылында бала оқытатын қожа-молдаларды ұстаған. Баласын алысқа жіберуге шамасы келмейтін қоңыртөбел шаруасы барлар мен саптыаяқтық айраны бар кедейдің өзі баласын ауыл арасындағы молдаларға апарған екен. Тілашар дәстүрі сол кезде жасалған. Оқуға баратын баланы жуындырып, тырнақ-шашын алып, әркім жағдайына қарай балаға жаңа киім кигізіп, қолдағы барымен дастарқан жасап, үлкендерден бата алған.

Таудай болсын талабың,
Ашылсын тілің, қарағым.
Оқу сіңіп санаңа,
Жарқырай берсін қабағың.
Мақтанышы бола біл
Ата менен анаңың! –

деген секілді ақ ниеттен шыққан батаны естіген баланың рухы көтеріліп, оқуға талпынған. Ата-анасы баласын молдаға жетелеп апарып: «Молдеке, сүйегі – біздікі, еті – сіздікі.

Тілашар – баланың мектепке барған алғашқы қадамына арнал жасалын мереke.

Медресе – діни білім беретін мектеп.

Қоңыртөбел шаруасы бар – орташа, қарапайым шаруасы бар.

Саптыаяқ – ағаштан шауып жасалған сабы бар ыдыс.

Осы балаға қара танытып, тілін ашып беріңіз», – деп тапсырады екен. Әрине, ол заманның оқуы мен бүгінгі дәуірдің сабағын да, ұстазын да салыстыруға болмайды. Алайда мұсылманша әріп танып, оқу-жазуға көзі қарақты болғандардан қазактың небір ғұлама ғалымдары, классик ақын-жазушылары шықты емес пе?!

(Зейнеп Ахметова)

-  3. Сөздіктерді пайдаланып, тіркестердің мағынасын түсіндіріндер. Оларды қатыстырып, сөйлемдер құраңдар.

Алалы жылқы, ақтылы қой; қоңыртөбел шаруасы барлар; саптыаяқтық айраны бар кедей; қолдағы барымен дастарқан жасау; тілін ашып беру; қара таныту; көзі қарақты болғандар.

-  4. Оқылым материалы бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазыңдар.
-  5. Оқылым мәтінінен буын үндестігі мен дыбыс үндестігіне мысалдар келтіріндер.
-  6. Бұрынғы және қазіргі тілашар дәстүрі туралы шағын ойтолғау жазыңдар. Сөздердің дүрыс жазылуына көңіл боліңдер.

§21. Тұған күн

-  1. Суреттерге қарап, бүгінгі тақырыптың не туралы болатынына болжам жасаңдар. «Отбасы мүшелері және олардың тұған күндері» тақырыбында диалог құрыңдар.





- 2.** Мәтіндегі нақты ақпараттар бойынша сыныптастарыңа сұрақтар дайындаңдар.

Мүшел

Қазақтың үлттық ұғымында жас саны мүшелден есептеледі. Мүшелдің алғашқысы 13 жастан бастап, кейін өр мүшел сайын 12 жылдан қосып отырады. Соңда екі мүшел – 25, уш мүшел – 37, төрт мүшел – 49 және одан өрі осылайша есептеле береді. Бұрынғы кісілер жасын айтқанда «бес мүшелден екі жыл астым» (63 жас), «жеті мүшелге толдым» (85 жас) дейді. Мүшелдің 12 жылдан қайырылуының өзі адам өмірінің елеулі кезеңіне сәйкес келеді. Мысалы, бір мүшел (13) балалық, екі мүшел (25) күш-қуаттың толысыу, уш мүшел (37) жан-жақты толысу, төрт-бес мүшел (49–61) кемелдену, одан өрі қарттық дәуірге сәйкес келеді. Халық ұғымында өр мүшел «адам өміріне қауіпті жыл» деп саналып, мүшел жасында жаңа киімін біреуге беріп, құдайы таратады. Бұл жасында өр адам сақтанып жүреді: алыс, ауыр сапарларға шықпайды. Ауа райының қолайсыз кезеңдерінде абайлап жүреді. Қазақтардың мұндай сақтануы негізсіз де емес. Өйткені адам ағзасында өр 12 жылда үлкен өзгеріп болып тұрады.

(Сейіт Кенжеахметұлы)



1. Бұгінгі тақырып пен мәтіннің арасында қандай байланыс бар?

2. Халық неге мүшел жасты қауіпті деп есептеген?

3. Тағы қандай отбасылық мерекелерді білесіндер?



3. Оқылым мәтінін негізге алып, деңгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-деңгей. Жұлдызнама бойынша сыныптастарыңың туған күні қай жүлдізға сәйкес келетінін жазыңдар.

2-деңгей. Отбасы мүшелерінің жасын мүшел жаспен байланыстырып жазыңдар.

Үлгі:

Атамның жасы 58-де, ол 5 мүшелге жақындаады. Әкемнің жасы 39-да, ол 3 мүшелден асты, т.т.

3-деңгей. Ата-аналарыңың, бауырларыңың не достарыңың туған күндеріне құттықтаухат жазыңдар.



4. Оқылым мәтінінен буын үндестігі мен дыбыс үндестігіне мысалдар келтіріңдер. Ауызша түсіндіріңдер.

Үлгі:

Шілін – айтылууда буын (ерін) үндестігіне сәйкес үшүн болып өзгереді.



5. Өзге халықтарда жыл атауларының қазақша жыл қайырудан айырмашылығы бар ма? Өздерің дүниеге келген жыл туралы қысқаша сипаттама жазып, ықпал түрлерін кестеге түсіріңдер.

§22. Қонақ күту дәстүрі

1. Суреттер мен тірек сөздер бойынша сабактың не туралы болатынын болжандар. Сыныптастарыңа сұрақтар дайындаңдар.

Tіrek сөздер: төр, қонақ, дастан, тагамдар



2. Олеңді оқып, қонақжайлышық белгілерін атаңдар. Өздерің билетін мәліметтермен толықтырыңдар.

Қонақжайлышық белгісі

Сырттан келген мейманға
Сөлем беріп, қол алсаң –
Бірінші еткен қызметің.
«Түсіңіз», – деп тұс берісіп,
Шылбырына оралсаң –
Екінші еткен қызметің.
Есік ашып ентізіп,
Көрпе төсеп, құп алсаң –
Үшінші еткен қызметің.

Мейман риза болмағы –
Құрметпен үйге қонғаны.
Кешіктірмей шай берсең –
Ұмыт болар тоңғаны.
Тысқа шықса қария –
Қолыңда болсын құманы,
Ірікпесең барыңды –
Қонақжайлышық сол дағы.

(«Қазақтың шешендейк сөздері» кітабынан)

3. Олең мәтінінде қою қаріппен жазылған сөз тіркестеріндегі ықпалды анықтаңдар. «Мейман», «қызмет», «құрмет» сөздерінен қандай ерекшелік байқадындар? Себебін түсіндіріңдер.
4. Қадыр Мырза Әлінің «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыры» өлеңін (09. тр3) тыңдал, қазақ халқына тән қасиеттерді тауып жазыңдар. Олеңді жаттап алыңдар.



- 5.** Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен қонақжайлышыққа қатысы барын тауып, шағын мәтін жазындар.

Төрге шығару, төбеге шығу, құс, құсжастық, сыйлау, сыйлық беру, жоғары шығу, жоғары көтерілу, амандасу, қоштасу, хал-жағдай сұрасу, қызметке орналасу, қызмет қылу, құрмет тұту, құрмет көрсету, есік ашу, есікті қафу.



- 6.** Қонақ күту дәстүрі туралы «Төрт сөйлем» тәсілі бойынша ойларынды жазындар.
1. Пікір. Өзіндік пікірлерінді бір сөйлеммен жазындар.
 2. Дәлел. Өз пікірлерінді бір сөйлеммен дәлелдендер.
 3. Мысал. Пікірлерінді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.
 4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарындар.
- 7.** Қосымша әдебиеттер мен ғаламтор желісінен қонақ күту дәстүрі туралы нақыл сөздерді жазындар. Олардың мәнін ашындар.

§23. Қазақ халқының салт-дәстүрлері



- 1.** Мәтінді оқып, халқымыздың салт-дәстүр атаулары мен олардың мәнін түсініңдер.

Сүйінші. Қуанышты хабар жеткізуші адам: «Сүйінші!», «Сүйінші!» – деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі: «Қалағанынды ал!» – дейді немесе оған риза болатындей сыйлық ұсынады. Бұл – қуанудың, ризалықтың белгісі.

Сәлемдеме – адамдардың бір-біrine деген сыйластығының, құрмет тұтуының айқын белгісі. Сәлемдеме – көптен көрмей сағынысқан адамдардың, бір-біrine жіберген қымбат бүйімі, асыл заты, жеңсік тамағы, қысқы сыбағасы.

Көрімдік және байғазы. Жаңа туған балаға, жас келінге, жас төлге алғаш көрген сәтте көрімдік сұрау – халықтың ежелгі дәстүрі. Мұның маңызы алып-беруде ғана емес, жақын-жынықтың адамгершілігін, ниетін, жомарттығын да танытудың белгісі ретінде қаралады. Байғазы мен көрімдік – екі басқа үғым. Көрімдік адамға, жандыға, байғазы көбінесе жансыз дүниеге қатысты беріледі.

Базарлық. Алыс сапарға саяхатқа, сауда жолына шыққан адамдар жерлестеріне, көрші-көлем, сыйлас адамдарына, жас балаларға ірілі-ұсақты сыйлықтар өкеледі. Оны «базарлық» деп атайды.

Жеті ата. Әр адам жеті атаға дейін жақын туыс саналады. Қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспаған. Жеті ата өкеден төмен емес, жоғары таратылады. Олай болса, жеті ата: 1) бала, 2) әке, 3) ата, 4) арғы ата, 5) баба, 6) тұп ата, 7) тек ата («ата-тек» деген сөз осыдан шыққан). Жеті атаны тарату осылай жіктеледі.

(«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан)



2. Мұқағали Мақатаевтың «Наурыз» өлеңін (10. mp3) тыңдал, сыбағаның кімге берілетінін анықтаңдар. Өлеңді жаттап алыңдар.



3. Төмендегі жағдаяттар қай салт-дәстүрге сәйкес келетінін жазыңдар.

1-жағдаят. Ажар жаңа көйлек сатып алды.

2-жағдаят. Әсетке ағасы Стамбулдан ойыншық ат әкелді.

3-жағдаят. Елдостың жарыста жеңгені туралы хабар келді.

4-жағдаят. Нұрхан досына Астанадан әкелген ойыншығын берді.

5-жағдаят. Бекбол атасынан қай руга жататынын сұрады.



4. Мәтіндегі қазақ халқының салт-дәстүрі туралы жаңа ақпаратты анықтаңдар. Негізгі ойды өрбіте отырып, қысқаша мәтін жазыңдар.

Әр халықтың өзінше дәстүрі бар. Дәстүрдің де жақсы-жаманы болады. Жаманы жолшыбай қалып қояды, жақсысы ғасырдан ғасырға кете барады.

Қазақ дәстүрі ата-ананы, үлкенді сыйлауға баулиды. Үлкенге сөлем беру, жол беру, алдынан көлденең кесіп өтпеу, қонақты қарсы алу, төрге шығару, жақсы қабақпен аттандырып салу, жолдас-жораға қайырымды болу сияқты дәстүрлер өмір бойы ескірмейді.

Халықтық жақсы дәстүрлерді ешбір ұлы адам аттаған емес, әрбір жас дәстүрді қорғаушы, орындаушы әрі дамытушы болғай-ақ.

(*Фабиден Мұстафин*)



5. Оқылым мәтінінен айтылғанда ерін үндестігіне сәйкес өзгеріске ұшырайтын сөздерді теріп жазып, орфоэпия заңдылығына қарай дұрыс оқындар.





6. Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы ақпараттарды «Қос жазба күнделігіне» түсіріңдер.

Ақпараттар	Түсіндірме (комментарий)

§24. Адам және табиғат



- Суреттерге қарап, бүгінгі тақырыптың не туралы болатынына болжам жасаңдар.



- Мәтінді оқып, тақырып қойындар.

Қазақ халқының көшпелі өмір салты сан ғасырлар бойы табиғатпен етене танысусына мүмкіндік берді. Осының нәтижесінде жабайы жануарлардың тыныс-тіршілігін, олардың бір-бірінен айырмашылығын, мекен-орнын, пайдасы мен зиянын ажыратса білді. «Тұз тағысы табиғатпен тілдес» екендігін аңғарып, олардың аталағын, аналығын және үрпақтарын жеке атаумен атап, әрқайсысына ерекше мән берген. Кейбір жануарларды киелі, қасиетті деп санаған немесе «кесірі тиеді», «киесі ұрады» деп есептеген. Мысалы, жыланды «қыбыр», «ұзынқұрт» деп, ал қасқырды «ит-құс», «бері», «ұлым» деп атаған. Ежелден қазақ аңшылары мен саяткерлері арасында аңдар балалаған кезде, құстар жұмыртқалап жатқанда, балықтар уылдырық шашқанда оларды аула-майтын салт-дәстүр қалыптасқан. Мұның өзі тұз тағыларына деген үлкен қамқорлықты көрсетеді.

(Рысбай Сәтімбекұлы)



- «Тұз тағысы» дегенді қалай түсіндідер? Тұз тағысына (жабайы аңдарға) қандай аңдар жатады? Үй жануарларына ше?
- Қандай жануарлар киелі саналады? Неге? Себебін анықтандар.
- «Аңшылық», «саяткерлік» сөздерінің мәнін сөздіктен қарап, қандай айырмашылығы бар екенін біліп алындар.



!

Тіліміздегі сөздердің мағыналары әртүрлі. Бір ұғымның өзін бірнеше сөзben беруге болады. Мысалы: *ғұлама* деген сөзді *данышпан*, *кеменгөр* сияқты бірнеше сөзben беруге болады. Мұндай сөздер мәндес сөздер деп аталады.

Мәндес (синоним) сөздер деп дыбысталуы әртүрлі, бірақ мағыналары жақын сөздерді айтамыз. Мысалы: *әдемі*, *сұлу*, *ажарлы*, *келбетті*.

Қарсы мәндес (антоним) сөздер деп мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді айтамыз. Мысалы: *жақсы* – *жаман*, *ұзын* – *қысқа*, *біл* – *аласа*.



4. Денгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-денгей. Оқылым мәтініндегі мәндес сөздерді теріп жазыңдар.

2-денгей. Берілген сөздердің антонимдерін тауып, сөйлем құрандар.

Пайда. Жабайы. Айырмашылық. Көшпелі.

3-денгей. Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың атауларын «Т кестесіне» салып жазыңдар.



5. Жан-жануардың төлдері қалай аталады? Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазып, сөйлем құрандар.

Қоянның Тұлқінің Еліктің Арыстанның Аюдың
Киіктің Қасқырдың Жолбарыстың

§25. «Қазақстанның Қызыл кітабы»




1. Суреттер мен тірек сөздер бойынша бүгінгі тақырыпқа болжам жасандар.

Tіrek сөздер: жануарларға қамқорлық, жойылу қаупі бар аңдарды қоргауга алу, табигатты аялап, көркейту.

Омыртқалылар – арқа омыртқасы немесе арқа жұлдыны және миң мен көзін қорғайтын бассүйегі бар жануарлар.

Атсалысу – араласу, қатысу, үлес қосу.





- Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңдар. Мәтінге жоспар құрыңдар.

«Қызыл кітап»

«Қазақстанның Қызыл кітабы» – республика аумағында кездесетін **сирек**, саны азайып, жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдік түрлері туралы, оларды ғылыми зерттеу, қорғау, қалпына келтіру, **тиімді** пайдалану туралы толық мәліметтері бар негізгі құжат.

«Қазақстанның Қызыл кітабы» «Жануарлар» мен «Өсімдіктер» деп атапттын 2 томнан тұрады. Оның омыртқалы жануарларға арналған I бөлімі 1978 жылы **басылып шықты**. Оған омыртқалылардың 78 түрі **енді**. Оларға сүтқоректілерден қара кірпі, көк сүыр, құндыз, үнді қайраны, қызыл қасқыр, Тянь-Шань аюы, қара күзен, Орта Азия сілеусіні, шағыл мысығы, қарақүйрық, устірт қойы, арқар, т.б.; құстардан Алтай ұлары, қара ләйлек, кәдімгі қоқиқаз, дуадақ, безгелдек, бұркіт, субұркіт, лашын, т.б.; балықтардан Сырдария тасбекіресі, Арас албырты, Каспий тасбекіресі, т.б. кірді.

Қазақстан Қызыл кітабының өсімдіктерге арналған II бөлімі 1981 жылы басылып шықты. Оған өсімдіктердің 308 түрі **тіркелді**. «Қызыл кітап» – аң-құс пен өсімдіктердің белгілі бір түрлерінің **жойылу** қаупін, оларды көздің қара-шығындағы қорғау қажеттігін, оларды аулауга тыйым салынғанын ескеrtetіn белгі, сол түрлерді **сақтап**, көбейту **ісінің** бағдарламасы болып табылады.

(«Ол кім? Бул не?» кітабынан)



- Қалай ойлайсындар, бұл кітаптың түсі неге қызыл?
- «Көздің қарашығындағы қорғау» дегенді қалай түсінесіндер?
- Суреттердегі (39-бет) «Қызыл кітапқа» енген аңдарды атаңдар. Олар туралы не білесіндер? Ақпарат жинаңдар.



- Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің синонимдерін жазыңдар.
- Қ.Мырза Әлінің «Қызыл кітап» өлеңін (11. mp3) тыңдаңдар. Аң-құс, жәндіктердің жо-йылуына кім кінелі? Оларды қалай қорғауға болатыны туралы өз ойларыңды жазыңдар.
- Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша «Қос жазба күнделігін» толтырыңдар. Негізгі ақпаратты түсіндіріңдер. Жұптасып, өзара талқыланңдар.

Дәйектөз (цитата)	Түсіндірме (комментарий)



- «Қызыл кітапқа» енген аң, құс, балық және өсімдік түрлерін жазыңдар.

Сүтқоректілер: ...

Құстар: ...

Балықтар: ...

Өсімдіктер: ...

§26. «Бақа мен үйрек» ертегісі

-  1. Мәтінді рөлге бөліп оқындар.

Жағаға үйректер қонды.

Үлкен үйрек:

– Жол алыс. Тез тамақ ішіндер! – деді.

Бақа оларға жақындаш келіп:

– Үйректер, қайда барасындар? – деп сұрады.

– Оңтүстікке, – деді бір үйрек.

– Оңтүстіктеге маса, шіркей көп пе?

– Көп.

Бақа оларға:

– Мені ала кетіндер, – деді.

– Сенің қанатың жоқ, – деді үйректер.

– Шыбықты екі үйрек ұшынан тістейді. Мен ортасынан тістеймін. Осылай ұшамын, – деді бақа. – Бірақ сендер қаңқылдамаңдар, мен бақылдамаймын.

Үйректер мен бақа бір ауылдың үстінен ұшып бара жатты. Төменде балалар:

– Қызық-ай! Мынаны қараңдар! – деп шулады. Соңдарынан жүгірді. Бақа мақтанып кетті:

– Бұны мен ойлап таптым! Мен! Мен! – деп айқайлады.

Бақа шалшық суға құлап түсті.

(«Ертегілер» жинағынан)



2. «Табиғат – адамзатқа аманат» атты бейнефильмді (<https://vimeo.com/826174664>) тамашалаңдар.



3. Оқылым және тыңдалым материалдарын негізге алып, тапсырмаларды орындаңдар.
1-денгей. Бақаға сипаттама беріндер. Сипаттама сөздердің антонимдерін анықтаңдар.
2-денгей. Бақалар мен жабайы үйректер туралы қандай қызық мәліметтер білесіндер? Хабарлама дайындаңдар.

3-денгей. Тыңдалым бөлімінен алған өсерлерінді достарыңа хат түрінде жазыңдар.



Бірнеше мағынада жұмсалатын сөздер **көпмағыналы сөздер** деп аталады.

Көпмағыналы сөздер түсінірме сөздікте 1); 2); 3)... деп нөміреніп беріледі.

Мысалы, **қара** (етістік):

- 1) көз жіберу, назар аудару;
- 2) іздеу, табуға тырысу, қарастыру;
- 3) көру, тексеру, бақылау;
- 4) ескеру, елеу, тыңдау;
- 5) аңғару, байқау;
- 6) бағып қағу, күту, баптау;
- 7) күту, тосу, бөгелу, т.б.



4. «Ақылды», «айлакер», «қорқақ», «сақ», «қырағы», «төзімді» сөздерінің синонимдері мен антонимдерін жазып, сөйлем құрастырыңдар.



5. Берілген аң-құстарға қандай сипаттама сәйкес келетінін анықтап, сәйкестендіріп жазыңдар.

Тұлкі	әнші
Сүңқар	айлакер
Қоян	ақылды
Ит	қорқақ
Бұлбұл	сақ
Үкі	қырағы
Түйе	төзімді



6. «Бақа мен үйрек» ертегісінің желісімен оқиғаны жалғастырып, диалог құрыңдар.



7. Фаламтор желісі мен қосымша әдебиеттерді пайдаланып, жан-жануарлардың төлдерінің, аналық, аталақтарының атауларын жазыңдар.

Үлгі: сиыр, өгіз, бұзау, т.б.



§27. Жан-жануарлар туралы ертегілер

1. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар, тақырып қойыңдар.

Баяғы еткен заманда бір шал мен кемпір өмір сүріпті. Жалғыз сиырдың сүті олардың қорегі болыпты. Сондықтан сиырдың бұзауы сүтке жарымай, өле беріпті. Сиыры енді бұзауласа, кемпір мен шал бар уызын бұзауға бермек болып келіседі.

Үш күннен соң сиыр ерекек бұзау туады. Олар қанша тарықса да, сиырды саумай, барлық сүтін бұзауға береді. Енесінің бар сүтін бір өзі еміп өскен бұзау үлкен өгіз болып шығады.

Күндердің бір күнінде ол өзінің семіздігіне масаттанады. «Осындаі зор, сұлу денеммен мына бір жаман сиырлардың ішінде жайылып жүргенім лайықсыз екен, түйелерге барып қосылғаным дұрыс шығар», – деп ойланады өгіз.

Озін ерекше зор сезініп жүрген ол барынша-ақ түйе болуга тырысып бағады. Олардың жеген шебін жейді, алыс шөлге кетіп, сортаң жалайды. Ақырында, шөлден қатып, іші ауырып, шыдай алмайды.



– Әбден өлетін болдым, жылқыларға барайын. Олар түйеден кішірек қой, азабы да женелірек болар, – дейді.

Жылқылардың ішінде жүрген де оған жайсыз болады. Соларға ілесіп, қатарларынан қалмай шауып жүремін деп әбден шаршайды.

Бір күні үйрігे қасқыр тиіп, жылқылар дүркірек қашады. Өгіз ілісе алмай, айдалада қалып қояды. Жылқылар қашып кетеді де, өгіз қасқырлардың қоршауында қалады.

– Мө-ө-ө-өөө! Құтқарындар мені! Құтқарындар! Мө-ө-ө! Мө-ө-ө-өөө! Кім бар маңайда? Мө-ө-ө! – деп мөңірейді өгіз.

– Бұл не айқай? Құлақ түріндерші!

– Таныс дауыс қой өзі.

Табын сиыр жотаға шықса, сол баяғы өздерін менсінбей кеткен өгіз қасқырлардың қоршауында қалған екен.

Сиырлар өгізге ешбір кек сақтамастан, оны қасқырлардан құтқарып алады.

– Мен сендерді ренжіттім. Ақылсыздығымнан осындай жағдайға тап болдым. Тату болған, туыстармен бір жүрген қандай жақсы! «Бөлінгенді бөрі жейді!» деген осы екен. Кешіріндер мені, мө-ө-ө-өөө! – деп кешірім сұрапты өгіз.

(Халық ертегісі)



1. Өгіз неге өзін туыстарынан артықпын деп санады?
2. Өгіздің түйелерге де, жылқыларға да қосыла алмауының себебі неде?
3. «Бөлінгенді бөрі жейді» дегенді қалай түсінесіндер?
4. Осы оқиға адамдарға сабак бола ала ма?



2. «Жан-жануарлардың жылға таласуы» ертегісін (12. mp3) тыңдаپ, алған әсерлеріңмен бөлісіндер.



Дыбысталуы бірдей, мағыналары әртүрлі сөздер **омонимдер** деп аталады.

Мысалы: *ара*: 1) *бал арасы*, 2) *ағаш кесетін ара*;

Омонимдер мен көпмағыналы сөздер өзара ұқсас болып көріні мүмкін. Көпмағыналы сөздердің арасында қандай да бір мағыналық жақындық, байланыс болады.

Ал омоним сөздердің арасында ондай мағыналық жақындық, ұқсастық болмайды. Мәселен, *қара* сөзінің көпмағыналы екенін білдік. Осы *қара* сөзі заттың сыйын да білдіреді. Мысалы: *қара шаш*, *қара қарындаш*. Бұл кезде ол қимылды білдіретін *қара* сөзіне омоним болады.



3. Берілген сөздерден сөйлемдер құрау арқылы олардың омонимдік мағынасын анықтаңдар.

- Үлгі: Шал:*
1. *Баяғыда шал мен кемпір болыпты.*
 2. *Байқаусызда шалып құлатты.*
 3. *Досына телефон шалды.*

Шал, сау, бар, қос, ақ, қал, шап, қой, жас.



4. «Бас», «бет», «құлак» сөздерінің көпмағыналы екенін мысалдармен дәлелдендер.

Үлгі: көз – зат есім

1. адамның көрү мүшесі, көзи;
2. иненің көзі, жіп откізетін тесігі;
3. терезенің көзі, әйнегі;
4. істің көзін табу, жұмысты жақсы орындау;
5. көз салу, қарастау;
6. бас-көз болу, қадагалау.



5. Тыңдалым бөлімінде баяндалған өртегі желісі бойынша қойылатын спектакльге хабарландыру жазындар.
6. Омоним, синоним және антонимдерді пайдаланып, өздерің білетін хайуанаттар бағына жарнама жасандар.



§28. Адам және жыртқыш аң



1. Мәтінді оқып, тақырып қойындар. Себебін түсіндіріңдер. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар.

Бала күнде естіген бір әңгіме естен кетпейді.

Бір шопанның қорасы **маңына** қасқырлар бөлтірік **өргізеді**. Қой қайырған шопанның бұларға, қасқырдың оған зияны жоқ, бейбіт қатар өмір сүріп жатады. «Бөлтірігін алайық!» – деп ауыл жігіттері жүлкінгансымен, шопан оларды **маңайлатпайды**. Дүниеде бөлтірігін алдырған қасқырдан **ашулы** аң жоқ, ертең-ақ қойын қырып кетуі мүмкін. Бөлтіріктердің атасы мен енесі **көршісінің** отарына өзге тұқымдастарын **жақыннатпай**, сырттай қорғаштан жүреді.

Осы кезде мынадай **оқиға** болады: ін аузына шығып, күншуақта ойнайтын бөлтіріктер бір ақ қозыны **абайсызда** өлтіріп алады. Оны шопан да көреді. Ертеңінде «енді қайтер екен?» деп бақыласа, отарында мойнында жібі бар **бөтен** бір ақ қозы пайда болады.

Қызықты қараңыз, бөлтірігінің қылышына «**ұялған**» қасқырлар сол түні көрші ауылдың қотанына түсіп, өлгі ақ қозыны ұрлап алып келген екен.

(М.Шаханов)





1. «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. «Қасқырлармен бейбіт қатар өмір сүрге болады» деп есептейсіңдер ме?
3. Қасқырларды ұтыы бар тіршілік иелеріне жатқызуға бола ма екен?



2. «Кірпі мен қарға» ертегісін (13. mp3) тыңдаپ, ертегі мазмұнына сәйкес келетін мәтел айтыңдар.
3. Оқылым мәтінінде қою қаріппен берілген сөздерді мәндес сөздерімен (сионимдермен) жазыңдар.

Улғи: абаисызда – байқаусызда.



4. Энциклопедиялар мен әртүрлі ақпарат көздері, «Дүниетану» оқулығындағы мәліметтерді зерделеп, кестені толтырыңдар.

Таулар	Жан-жануарлар	Қорегі, ортасы
Алтай		
Тянь-Шань		
Сарыарқа		



5. Қасқыр сөзіне қатысты мақал-мәтелдерді жинақтаңдар. Түсіндірме беріңдер.

Мақал-мәтелдер	Түсіндірме (комментарий)



6. М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі бойынша түсірілген фильмді көріңдер. «Көксерек жауыздығының себебі неде?» деген тақырыпта достарыңда хат жазып, өзара ой бөлісіңдер.

§29. Өсімдік және музыка



1. Мәтінге тақырып қойып, себебін түсіндіріңдер. Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауда бағытталған сұрақтар құрастырыңдар.

ХХ ғасырдың басында Үндістанның Кол-ката қаласында физиолог ғалым Джагдиш Бос өсімдіктердің дамуына музыканың өсерін бақылап, тәжірибе жасаған. Зерттеу нәтижесінде өсімдіктерге скрипка дыбысының өте жағымды өсер ететінін анықтаған. Доктор К.Н.Сингх пен Стелла Понниа скрипканың таңертеңгі уақыттағы дыбысына



жасушадағы цитоплазма қозғалысының жылдамдауын байқаған.

Мимозаға күніне 25 минут скрипкада Үндістан музыкасы ойнаған. Музыка тыңдамаған мимозамен салыстырғанда, музыка тыңдаған мимоза 1,5 есе жақсы есken.

Күріш, темекі, бидай флейта аспабының дыбысына жақсы өседі. Скрипка дыбысына шие ағашы бір мезгілде қаулап, гүл жарған.

Бір қызығы, өсімдіктердің аса шулы музыканы «жақтырмайтыны» белгілі болды.

Музыка мен өсімдік арасында тығыз байланыс бар. Мысалы, көптеген ағаштардан музикалық аспаптар жасалады. Шыршадан домбыра, пианино, виолончель, скрипка; қайынан арфа, рояль; шамшаттан гитара; қарағайдан қобызы жасалады.

(Ж.Сагындықов, Р.Әлімқұлова)

Физиолог – жануарлар мен өсімдіктер ағзасындағы тіршілік үдерісін зерттейтін ғалым.

Цитоплазма – жасуша жарғақшасы мен ядро арасын толтырып тұратын қоймалжың сұйықтық.

Шамшат – ыстық жақта өсетін, сүрегі берік, ірі ағаш.

Сөздің тұра және ауыспалы мағынасы

Сөздің затты немесе құбылысты атап білдіретін мағынасы **тура мағына** деп аталағы. Тура мағына әр заттың өзіне тән жеке мағынасы болып табылады, сол арқылы біз оны айыра аламыз. Мысалы: **мектеп, теніз, кеме** – заттарды атаса, **ұзын, ыстық, биік, жақсы** деген сөздер заттың сыйнын, ал оқу, журу, жузу – қимылды атайды.

Сөздер тұра мағынада айтыла бермейді, ауыспалы мағынада қолданылуы да мүмкін. **Ауыспалы мағына** – сөздің қолданылуы барысында пайда болатын туынды мағынасы. Ол сөздің тұра мағынасының негізінде туындейды. Мысалы: 1. **Тенізде кеме жүзіп жур.** 2. **Білім – теніз, мектеп – кеме.** 3. **Өнерлі өрге жүзер.** Бірінші сөйлемдегі **теніз, кеме, жүз** сөздері тұра мағынасында жұмсалса, келесі сөйлемдерде ауыспалы мағынада жұмсалған.

2. Қою қаріппен берілген сөздерінің тұра және ауыспалы мағыналарын анықтаңдар.

Улғи:

Орман ішінде билейтін агаш бар. Ол адамның ішінде не барын білу қыын.

Қытайдың ежелгі орманының ішінде ерекше сәмбі тал бар. Осы **биік ағаштың** қасында **женіл** лирикалық өуен қойсаңыз, ағаш музыка ырғағына **ілесіп**, билей жөнеледі. Бір ғажабы, шулы, даңғаза музыка қойсаңыз, ағаш билемей қояды екен. Жергілікті тұргындар оған «билейтін агаш» деп ат қойған.



3. Жанар Айжанованың орындауындағы «Қобызым» өнін тыңдал, қобыздың қандай ағаштан жасалғанын анықтаңдар (<https://vimeo.com/826174830>). Өн мәтініне талдау жасандар.
4. «Күлақтан кіріп, бойды алар жақсы өн мен төтті күй» атты тақырыпта концепт өтептіндігі туралы хабарландыру жазындар.
5. Ақындардың ағаш, гүл, т.б. өсімдіктерге арналған өлеңдерінен бірнеше үзінді тауып, жазындар. Өздерің де өлең шығарып көріндер.

Үлгі:

*Жапырақ жүрек жас қайың!
Жанымды айырбастайын... (М.Мақатаев)*



§30. Ғажайып ағаштар



1. Мәтіндерді оқындар. Нан мен сұт қалай алынатынын еске түсіріңдер.

Нан ағашы Үндістан мен Малая аралында өседі. Оның асқабақ тәрізді жемісі болады. Кейбірінің салмағы 25 келіге дейін жетеді. Ағаш жемісінің крахмалы көп, дәмі бидайдың наны сияқты. Жергілікті тұрғындар осы нан ағашының жемісін бөлшектеп турал, қуырып ас етеді. Сондай-ақ әлгі жемістерді салқын шұңқырға салып, құрамындағы крахмалды ашыту арқылы қамырға үқсас қоспа алып, одан дәмді тоқаш пісіреді.



Сұт ағашы. Бразилияда сұт беретін ағаш бар, ол Амазонка өзенінің жағасында өседі. Жергілікті халық оны «сорвейра» деп атайды. Сорвейра ағашының бір жерін көртіп қалса, одан сұт сияқты ақ шырын саулап қоя береді. Өзі сұттен сөл қышқылдау. Сондықтан оны алғаш тағам ретінде пайдалана

Крахмал – өсімдікten алынатын ұнтақталған көмірсуы.

Ботаник – өсімдіктер туралы ғылыммен айналысадын ғалым.

қоймаған. Кейіннен ботаниктер **зерттең**, оның сиыр сүтінен ешбір кем емес-тігін анықтаған. Халықтың айтуынша, ақ шырынға **аздап** су қосып пісірсе, дәмі сүттен **айнымай қалады** екен. Ағашты бір «сауғанда» 2–4 литрге дейін сүт алуға болады екен.

(«Генетикалық материалдар ресурстары» ақпараттық желісінен)



1. Мәтіндерге қандай ортақ тақырып қоюға болады?
2. Нанды қандай өсімдіктерден алады?
3. Адамдар қай жануарлардың сүтін пайдаланады?
4. Халық арасында нан мен сүтті қалай атайды?
5. Мәтіндегі «ағашты сауу» деген тіркес дұрыс па? Бұл сөз қандай мағынада қолданылған?



2. Қою қаріппен берілген сөздердің синонимдерін тауып жазып, бірнеше сөйлем күраңдар.



3. «Алматының қақ ортасында ғажайып ағаш өсуде» бейнеказбасын (<https://vimeo.com/826174951>) тамашалап, ой бөлісіңдер.



4. Көп нүктенің орнына қосымшаларды орфографиялық заңдылықтарды сақтап жазып, себебін түсіндіріңдер.

Өсімдіктердің қорғануы

«Шағатын» түкті жапырақтары өсімдіктер... аш жануарлар... қорғайды. Қап-қатты жапырақтар... жануарлар шайнай алмайды. Тікенектері жануарлар... өздері... алшақ жүргүре мәжбүр етеді. Қермек дәмі өсімдіктер... жануарлар... екінші рет жоламауы... кепіл болады.



5. Еліміздің аумағында әулие ағаштар бар ма? Осындағы табиғат ескерткіштері туралы хабарлама (сөз саны – 30) жасандар.

§31. Миуалы ағаш



1. Мәтінді оқып, мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырыңдар.

Майтөбе жайлайуның құнгей жағындағы қия жолмен екі салт атты аяңдан келеді. Жамбыл мен Әлиасқар тік қияға өрлең кетті. Қарасай шоқсының алана шыққанда алдарындағы қойнауда өсіп тұрған ағаш көрінді. Бар бұтағын торт құбыластына кең жайыпты.



– Мен бұл ағашты көрмегелі он шақты жылдай болыпты-ау, – деді Жамбыл атынан түсіп жатып. – Атты жетелеп, жаяу баралық. Қасиетті ағаш қой.

Екеуді ағашқа жақындағанда, шошып қалды. Біреу қолына балта алған. Ағашты сарт-сұрт ұрады.

– Ей, тоқта, кімсің өзің! – деп Жамбыл ата шыдамай, айқайлаш жіберді.

Әлгі жасы қырықтың ішіне келген, қаба сақалды, орта бойлы біреу екен. Балтасын жерге тастап, бұларға қарсы беттеді. Жақын келіп, сәлем беріп еді, Жамбыл қолын алмай, сілтеп таставды:

– Сен өзің денің сау адамбысың? Ағашқа неге балта шабасың? Көзінді ойып алайын ба? – деді.

– Жамбыл атам екенсіз ғой. Кешіріңіз. Мен бір құбұтағын кесіп жатыр едім, – деді әлгі жігіт.

– Бопты, жүр, көрелік, – деді Жәкең жөнді шешіле қоймай.

Ушеуді мөуелі ағаштың түбіне келді. Жоқ, Әлімжан өтірік айтпапты. Шынында, бір жуан бұтағы сайға қарай қисая салбырай өскен екен. Мөуелі долананың сиқын кетіре, теріс шығып, женді білектей болған. Қурап түр екен.

Жамбыл ата сабасына түскендей болып, қалпағын қолына алып, отыра кетті.

– Ал, жігітім, жөнінді айтшы! Бұл – Сүйінбай атаңың тіккен ағашы екенин білемісің?

– Білемін, Жәке. Біз ауыл болып бұл мөуелі ағашты қасиетті санаймыз. Мен жылына екі-үш рет келемін. Қураган бұтағы болса, кесіп тастаймын. Мал бағамын. Құн ыстықта осы ағаштың көленекесіне келіп саялаймын, – деді Әлімжан. – Мына бір қисық бұтақты талай рет қайыспен тартып байлап жүрдім. Түзелмей, ақыры қурап тынды.

Жамбыл орнынан тұрып, мөуелі ағашқа бағдарлай ұзақ қарап:

– Иә, балаларым, жердің көркі – ағаш та адам сияқты. Мына қисық бұтақ қисық мінезді, қиқар, жаман адамдай. Тәрбиеге көнбеді, мерт болды. Мына зәулім ағашқа қарағанда кешегі өткен Сүйінбай ақын, бүтінгі ардагер інілерім – Сәкен мен Ораз, жайлаудағы Қисаділ есіме түседі, – деді.

(М.Етекбаев)



2. Берілген сөз тіркестерінің мағыналарын түсіндіріңдер. Оларды қатыстырып, сөйлем құрандар.

Сабасына тұсу. Қисық мінез. Мерт болу. Женді білектей. Төрт құбылаға жайылу. Балта шабу. Тәрбиеге көнбеу.



3. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің антонимдерін тауып жазындар.



- Елімізде дәстүрге айналған ағаш егу күніне байланысты бейнеказбамен (<https://vimeo.com/826175083>) танысып, оқушыларды ағаш егуге шақыратын жарнама жазындар.
- «Диктоглас» өдісі бойынша мұғалімнің оқылым мәтінін таңдалған сөйлемдерін тыңдаңдар. Естерінде қалған сөздерді қағаз бетіне түсіріп, сөйлем құрап жазындар. Соңында кітаптағы нұсқасымен салыстырындар.
- «Жердің көркі – ағаш» деген тақырыпта айналада өсіп тұрган ағаштар туралы әңгіме (сөз саны – 40) жазындар.

§32. Жеміс-жидектің пайдасы



- Мәтінді оқып, алдыңғы сабактағы оқылым мәтінімен мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстырындар.


Жұзім – өте пайдалы жеміс

Жұзім өсіру біздің заманымызға дейінгі 5 мың жылдықта басталған. Қоңыраулықтың аймағы – Кіші Азия. Жұзімнің шамамен он мыңдай түрі кездеседі.

Піскен жұзімнің 100 граммында 60 калория бар. Жұзімнің құрамындағы дәрүмендер миға өте пайдалы.

Түстен кейін қос уыс жұзім немесе жұзімнің бір кесе таза сығынды шырынын ішүүден кейін де, ми жасушаларына да өте пайдалы. Калория тұрғысынан бір килограмм жұзім 1150 грамм сүт, 390 грамм ет, 300 грамм наң мен 1200 грамм картопқа тең. Жұзім адамның иммунитетін күштептеді, жүйкені тыныштандырып, теріні жақсартап түседі. Сондай-ақ жұзім – аллергия мен буындарда тұз жиналудың алдын алуда таптырмайтын жеміс. Жұзімнің құрамындағы табиги фруктоза адамның жұмсайтын қуатын аз уақытта қайта қалпына келтіреді.

Жұзім қасиетінің Құранда айтылуы да тегін болмаса керек. Неге десеніз, қандағы оттегін жүргізетін гемоглобиннің түзілүіне



Дәрүмен (лат. *vita* – тіршілік) – адам мен жануарлардың тіршілігіне, олардың ағзасындағы зат алмасудың бірқалыпты болуы үшін қажетті қоспалар.

Жасуша (клетка, *cellula*) – дененің ең кішкене құрылымы бірлігі.

Гемоглобин (грек. *haima*, *haimatos* – қан; лат. *globus* – шар) – адамның, жануарлардың қанының қызыл пигменті.

қажетті темір мен бүйректің жұмыс істеуі және жүрек соғысының реттелуінде жұмсалатын калий онда өте көп кездеседі. Жұзім – өте пайдалы жеміс.

(«Балалар әлемі» журналы)



1. Жұзімнің жұз грамында қанша калория бар?
2. Жұзім шырынының қандай пайдасы бар?
3. Бір килограмм жұзім калориясы қанша азық-түлікке тең?
4. Тағы қандай жемістерді білесіндер? Олардың қандай пайдасы бар?



2. Жұзім құрамындағы дәрумендер мен олардың адам ағзасына пайдасын анықтаңыз, кестеге жазыңдар.

Жұзімнің құрамындағы дәрумендер	Адам ағзасына пайдасы



3. Құрма туралы бейнефильмді (<https://www.youtube.com/watch?v=NIhuqeBblyI>) тамашалап, оның қандай пайдасы барын анықтаңдар.



4. Төмендегі мәтінді оқып, өз пікірлерінді жазыңдар.

Жеміс ағашын отырғызу – сауап. Мұхаммед пайғамбар адамдардың жеміс ағашын отырғызып, жемісін игілікке жаратуын құпташ, қолдаған. Ол бұл орайда былай дейді: «Мұсылман кісі жеміс ағашын отырғызып, одан адам, хайуанат немесе құстар дәм татса, көлеңкелесе, ақырғы күніне дейін сауапқа қалады».



5. Мына сөздердің омонимдерін тауып, мағыналарын нақтылайтын бірнеше сөйлем құрастырып жазыңдар.

Тұс. Жұз. Аз. Тұз. Жаз. Біз.

6. Тура мағынасында берілген сый есімдердің ауыспалы мағыналарын жазыңдар.

Терең көл. Қиын есеп. Ашық терезе. Қалың шаш. Ақ көйлек. Қара шалбар. Төтті алма. Өткір пышақ. Жұмсақ жастық.



7. «Табиғатты қорғау – парызымыз» тақырыбында «ПОПС формуласы» бойынша өз пікірлерінді дәлелдей жазыңдар.

1-сөйлем: «Менің ойымша, ...»

2-сөйлем: «Мен оны былай тусінемін: ...»

3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...»

§33. Бос уақытты тиімді пайдалану

-  1. Мәтінді оқып, ойды жалғастырындар, түйінді сөздермен қорытындылаңдар.

«Бос уақытыңда не істейсіз?» деген сұрақ өрдайым мені ойландырып жүрген-ді. Әдетте осы сұраққа мынадай жауаптар берілуі мүмкін:

- 1) кітап оқымын;
- 2) спортпен шұғылданамын;
- 3) велосипедпен серуенге шығамын;
- 4) тамақ істеуді жақсы көремін;
- 5) шетелдерге саяхатқа шығуды ұнатамын;
- 6) теледидар көремін;
- 7) компьютерде отырамын;
- 8) шомылуға барамын;
- 9) супермаркеттерді, гипермаркеттерді аралап, тамашалаймын.

Кітап оқу босқа уақыт өткізу емес, кітап – адамның рухани қорегі әрі кенес беретін бірден-бір ақылшысы, досы. Ол тілімізді, ділімізді және қиял-күшімізді өз қалпында ұстап, ойлау қабілетімізді дамытады.

Спортпен шұғылдану адамды өрдайым сергек етіп тұрады, адамның ағзасын шынықтырады, ағзаның тәзімділігін арттырады...

-  1. Жауаптар тізіміне тағы не қосуға болады?
2. Қандай әдеби кітаптар оқыдындар?
3. Спортпен шұғылданасындар ма? Қай түрімен?
4. Сендер бос уақыттарыңды қалай өткізесіңдер?

 Сөздің бастапқы мағыналы бөлшегі **тұбір** деп аталады. Мысалы: **мектеп, бас, ой, тіл, ақыл, біл, өт, сұра, жур, ақ, сары, ұзын, сегіз, жиырма, т.б.**



-  2. Тұманбай Молдагалиевтің «Менің өпкем» өлеңін (14. mp3) тыңдалап, ондағы негізгі ойды анықтаңдар.
-  3. Денгейлік тапсырманы орындаңдар.
1-деңгей. Оқылым не тыңдалым мәтініндегі қимылды білдіретін сөздерді синонимдерімен алмастырындар.
2-деңгей. Оқылым мәтініндегі демалыс түрлерінің пайдалы және теріс жақтарын топтастырындар.

3-денгей. Қазіргі кезде балалардың бос уақытын қалай өткізетіні туралы ойларында ортаға салындар.



4. Оқылым мәтінін түбір сөздерді теріп жазындар.



5. Мәтінді оқып, тірек сөздерді анықтаңдар. Тірек сөздерді қатыстырып, автор сұрағына жауап беріндер.

Егер де есті кісілердің қатарында болғын қелсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзінен-өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің еken, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды күнінді өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгенінді өзің де білмей қалыппысың?

(Абай. Он бесінші қара сөз)



6. Бос уақытта айналысатын жұмысын мен үстанған мақсатын туралы «Қос жазба күнделігін» толтырындар.

Бос уақытта не істеймін?	Үстанған мақсатым

§34. Уақыттың қадірі



1. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

Тіл үйрену жайлы

«Мен шетел тілін үйренейін деп едім, бірақ уақытым жоқ» деген сөзді жиі естіміз.

Мен 38 тіл білемін, сондықтан бұл сұлтаудың еш негізі жоқ екенін айтайын. Мәселе – уақыттың жоқтығында емес, тәртіптің жетіспейтіндігінде немесе ерік-жігердің жоқтығында.

Тіл үйреніп, табысты болу үшін, күніне жарты сағат жеткілікті. Бірақ осы уақытты пайдаланбай: «Келесі дүйсенбіден бастаймын», – демеу керек.

Менің көп тіл білуімнің себебі – уақыттың босқа өткізбегендігімнен. Тіл үйренумен қатар түрлі спортпен айналыстым, билеуді, театрға, киноға баруды жақсы көрдім, көп оқыдым, яғни, уақытты «босқа өлтірмедім». Менің бар құпиям – осы.

(Е.Чернявский)



1. Қандай тілдерді үйренгің келеді? Тіл үйренуге не кедергі болып жүр?
2. «Уақытты босқа өлтіру» сөзінің мағынасын анықтаңдар.



- 2.** Диалогті рөлге бөліп оқындар. Ойды жалғап, сұхбат жүргізіңдер. Мұғалімнің сұрапына сендер не деп жауап берер едіңдер?

- Егер бос уақыттарың көп болса, не істер едіңдер? – деп сұрады мұғалім.
- Мен шахматпен айналысада едім, – деді Досжан.
- Мен футбол секциясына баарада едім, – деді Ерлан.
- Мен ағылшын тілін үйренер едім, – деді Сәуле.



Негізгі және туынды сөздер

Сөздер құрамы жағынан дара және күрделі болып екіге бөлінеді. Бір ғана түбірден тұратын негізгі және туынды түбір сөзді **дара сөз** дейді. Мысалы: *бала, көше, ауыл, достық, егінші* сияқты сөздер дара болып есептеледі, өйткені олар бір ғана түбірден тұрады. Бірақ олардың құрамы бірдей емес. Бірі тек түбірден тұрса, екіншілері түбір мен қосымшадан тұрады. Осыған орай олар екіге бөлінеді:

1. **Түбір (негізгі) сөз** – сөздің мағынасы бар ең бастапқы бөлшегі. Мысалы: *бала, көше, ауыл, арман*, т.б.
2. **Туынды сөз** түбір сөзге сөз тудыруши жұрнақ жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *дос-тық*: түбірі – *дос*; *-тық* – жұрнақ; *еег-ін-ши*: түбірі – *еек*; *-ін*, *-ши* – жұрнақтар, т.б.



- 3.** Деңгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-деңгей. Диалог мәтінінен түбір сөздерді теріп алып, жұрнақтар арқылы туынды сөздер жасаңдар.

2-деңгей. Оқылым мәтінінің мазмұнына сәйкес келетін мақал-мәтелдер жазындар.

3-деңгей. «Уақытты бағалай білеміз бе?» сұрағына «Төрт сөйлем» тәсілі арқылы жауап жазындар.

1. Пікір. Өзіндік пікірлерінді бір сөйлеммен жазындар.

2. Дәлел. Өз пікірлерінді бір сөйлеммен дәлелдендер.

3. Мысал. Пікірлерінді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.

4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарындар.



- 4.** Ойдан түбір сөздер жазындар, сол сөздерден жұрнақ арқылы туынды сөздер жасап, кестеге түсіріңдер. Осы сөздерден сөйлем құрастырындар.

Үлгі:

Түбір сөздер	Туынды сөздер
тіл	тіл+ші



- 5.** Уақытын тиімді пайдалана білген миллиардер – Билл Гейтстің қайырымдылық істері туралы (15. mp3) тыңдалап, өз ойларыңмен бөлісіңдер.



6. Нақыл сөздердің мәнін түсініп оқындар. Негізгі мәселелерді «Аквариум» әдісімен қарастырындар. Топ ішіндегі ойларды салыстырындар.

Уақыт біреуге ұзак, біреуге қысқа болып көріну мүмкін. Бұл оның қандай іспен не тірлікпен толтырылғандығына байланысты. (С.Маршак)

Уақыт – бізге берілген үлкен сый. Бізді ақылдылыққа, талаптылыққа, жігерлілікке үйрететін басты ұстазымыз – осы. (Т.Манн)



7. «Уақыт алтыннан қымбат» деген тақырыпта эссе (сөз саны – 30) жазындар.

§35. Балалық шақ



1. Мәтіндерді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Сендерге қай мәтіннің өсері күшті болды?

Балалық шағың –
Патшаның тағы,
Тіл жетпес оны бағалап.
Көп өтпей жыл,
Тек жүрмей біл,
Ілгері күнді сағалап.

Үйрен білім жастықта!
Білмей өс жанға қастық та!
Білген жан – көсем!
Сөйлесе – шешен
Жұртты аузына қаратар.

(Магжан Жұмабаев)

II

Бір жылдың ішінде бір-ақ жаз болады. Ағаш, шөптер, жапырақтар бір-ақ рет жасарады. Осы секілді адамның да басына жастық екі келмейді. Жастық – біздің өміріміздің жазы. Жаздан кейін қалай құз келеді, сол секілді жастықтан соң көрілік жетеді. Шаруасына жинақты кіслер жаздығұні қыстың азық-түлігін даярлап қояды. Адам да жасында өнер-білім, жақсы мінездерді бойына жинауы тиіс. Мұнсыз ол қартайған шағында рақат тіршілік ете алмайды.

(Міржанып Дулатов)



1. «Балалық шақ – патшаның тағы», «Балалық, жастық шақ – өмірдің жазы» дегенді қалай түсіндіресіндер?
2. Берілген мәтіндердің уақытпен байланысы бар ма?
3. Балалық шақ пен келешек өмірлерінің байланысын түсіндіре аласындар ма?



2. «Балалық шақ – армансыз ойнайтын шақ», «Балалық шақ – келешегіме дайындық кезеңі» деген екі көзқарас бойынша топтасып, пікірталас үйымдастырындар.



Құрделі сөздер

Құрделі сөздер кемінде екі түбірдің бірігүі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалады. Тіркесті құрделі атаулар қысқарту амалы арқылы да беріледі.

Құрделі сөздер			
Біріккен сөз	Қос сөз	Қысқарған сөз	Тіркесті сөз
тасбақа (тас+бақа)	ата-ана	ҚР (Қазақстан Республикасы)	алпыс бес
бүгін (бұл+күн)	ұлкен-кіші	АҚШ (Америка Құрама Штаттары)	сары ала
қыстығұні (қыстың+күні)	көп-көп	ТБИ (Тіл білімі институты)	ат жарыс
әнеркәсіп (әнерт+кәсіп)	той-томалақ		келе жатыр
қарлығаш (қара+ала+құс)	бала-шаға		Балқаш көлі



3. Деңгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-деңгей. Түбір сөздерді теріп жазып, жүрнақтар арқылы туынды сөздер жасаңдар.

Бүгін – сәрсенбі. Сәрсенбі – сәтті күн, сондықтан көп жұмыс жоспарладым. Таңертек ерте тұрып, сабакқа барамын. Содан соң кітапханадан кітап аламын. Түстен кейін ағылшын тілі үйірмесіне барамын. Осы жұмыстардың бәрін бүгін істеуім керек. Бейсенбіде басқа жұмыстар бар. Әр жұмысты өз уақытында істеу керек. Сонда уақыт үнемделеді.

2-деңгей. Оқылым мәтіндерінен жүрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді теріп жазыңдар. Оларды қатыстырып, бірнеше сөйлем кұрастырындар.

3-деңгей. Оқылым беліміндегі мәтіндер мен төмендегі пікірді байланыстыра отырып, замандастарыңа балалық шақтың қадірі туралы жарнама не шағын мәтін жазындар.

0–7 жас. Бала әлемді таниды, анасымен тығыз байланыста болады. Осы кезеңнің соңы ана «қанатының» астынан шығып, жаңа, ұлken әлемді тануға аттанумен аяқталады.

7–14 жас. Өзінің дара тұлға екенін түсініп, әлемді тануға, белгілі бір «бағытты» таңдауға үмтүллады.



4. Төменде сабакқа ұлгермеудің негізгі себептері көрсетілген. Аталған жағдайлар сендердің өмірлерінде болды ма? 3–4 сөйлеммен қорытындыландар.

Оқушының сабакқа ұлгермеуінің басты себептері:

- 1) өз-өзіне деген сенімділікті жоғалту;
- 2) білімге деген құлшынысының төмендеуі;
- 3) мұғалім тарарапынан қолдау көрмеу;
- 4) отбасындағы ауыр жағдай.



5. «Қазіргі заман жөні балаларға жасалған мүмкіндіктер» деген тақырыпта әссе (сөз саны – 40) жазындар.

§36. Уақыт алтыннан қымбат

1. Мәтінді оқып, ат қойындар. Қою өріппен берілген сөйлемнің мәнін түсіндіріңдер.

Оқу маған о бастан жеңіл тиді. Сөздің реті келгенде айта кетейін, мен бірінші сыныпқа барғанда біздің жеке өз үйіміз де жоқ еді. Өке-шешем көшіп-қонумен жүретін: жазда тауға кетіп, күзге қарай етекке түсіп, қыстауға бір-ақ оралатын. Сондықтан да төртінші сыныпқа дейін әкемнің інісінің үйінде жатып оқуыма тура келді. Әдетте мені мектепке баруға өтештің шақыруына қарай оятатын. Сағат дегеніңіз атымен болмайтын. Үйқылы көзбен қалың қарды омбыласп, алты-жеті шақырым жол жүріп, мектепке жететінмін. Жеткен кезде кейде сағат өлі бес не алты болып шығатын. Ондайда күзетшінің қайырымы түссе жақсы: есік ашып, ішке кіргізеді, пеш жағады. Оның жанында маужырап үйықтап алуға да болады. Үйге берілген тапсырманы орындастын уақыт тек тұн мезгілі ғана. Өйткені атқаратын шаруа шаш етектен: малға шөп салу, қорадағы малдың астын тазалау, су әкелу, бақшаның арам шөбін отау жұмыстары тіпті таусылмайтын. Есесіне **алтындаі қымбат уақытты бағалай білуді үйрендім**, сабакқа дайындалуға да, өзім қатты құмартып алған кітапты оқуға да уақыт табатын болдым. Әрине, кітап оқуымда ешқандай да белгілі бір жүйе жоқ еді. Мектеп кітапханасынан қолға түсkenдердің бәрін алыш, оқи беретінмін.

(Нұрсұлтан Назарбаев)

- ?
- Елбасының балалық шағы мен өздерінің балалық шақтарынды салыстырып көріндер. Үқастық пен айырмашылық бар ма?
 - Уақытқа алтыннан басқа қандай теңеу айта аласындар?

- Headphones icon
- Уақытты тиімді пайдалану туралы материалды көріп, өзара пікір алмасындар. (<https://vimeo.com/826175160>)
 - Қанатты сөздерді түсініп оқындар, күрделі сөздерді анықтап, қалай жасалғанын көрсетіндер.

- Оқу-өнер – жастық шақтың қару-жарагы. (І.Жансүгіров) 2. Адамдарға ақыл-парасат өз өмірін жақсарту үшін берілген. (Н.Назарбаев) 3. Адам баласының қолымен жасалғанның бәрі – уақыт пен төзімнің жемісі. (О.Бальзак) 4. Адамның табиғаты қызық; байлығынан айырылғанда қатты налиды, ал асыл уақытының мән-магынасыз өтіп жатқанын елең қылмайды. (Абул-Фарадж) 5. Бақыт өрдайым батыл адамның жағында. (П.Багратион) 6. Беймезгіл істің берекесі болмайды. (Н.Қапалбекұлы)



4. Денгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

- 1-денгей. Оқылым мәтінінде туынды сөздерді теріп жазыңдар.
- 2-денгей. Тындалым материалын негізге алып, денені дамыту, интеллектуалдық, рухани даму үшін уақытты тиімді пайдалану жолдары туралы сұхбаттасыңдар.
- 3-денгей. Оқылым және тындалым материалдарын сабактастырып, «Уақыт алтыннан қымбат» деген тақырыpta ойтолғау жазыңдар.



5. Бүтінгі тақырып бойынша ойларынды тиянақтап, «Бестармақ» тәсілі арқылы «Уақыт» сөзіне «Бесжолды өлең» жазыңдар.

1. Бірінші тармақ (жол) – 1 зат есім.
2. Екінші тармақ – 2 сын есім.
3. Үшінші тармақ – 3 етістік.
4. Төртінші жол – кез келген сөз таптарынан тұратын 4 сөз.
5. Бесінші жол тағы да бір сөзден (әдетте зат есім) тұрады.

§37. Үйірменің үйретері көп



1. Мәтінді оқып, ат қойыңдар. Мәтінде көтерілген мәселе бойынша өз ойларынды ортаға салыңдар.

Астанадағы «Шығармашылық техникалық **орталыққа**» келетін балалар шетінен өнерлі. Солардың бірі – Нұрдәulet Құттыбек. Небәрі 9-сыныпқа көшкен **жеткіншектің** жиырмадан астам медалі бар. Өзі өте ашық, әңгімелі екен.

«Мұнда келгеніме төрт жыл болды, – дейді Нұрдәulet, – 5-сыныпта жүргенімде осы кабинеттің жанынан өтіп бара жатып, бас сұқтым. Ағай балаларға жаңа кеменің **сызбасын** түсіндіріп жатыр екен. Қызығып кетіп, ертеңіне дереу үйірмеге жазылдым».

Былтырғы жарыс Павлодарда өтіпті. Нұрдәлеттің кемесі қазылардың көңілінен шығып, екі күміс пен бір қола жүлдені еншілепті. Бір қызығы, қатысушылардың көбі **өзара жұстанныс** болып қалған.

– Сендердің тәжірибелерің де зорғой онда. Бәйгеге жаңадан қосылып жатқан құрдастарың қандай қателік жібереді?

– Кемелері аударылып қалып жатады немесе басқару тетігі дұрыс істемейді. **Кейбіреулері** үйінен құрылғысын дұрыс **қуаттамай** келеді. Қысқасы, істерінен шалалығы көрініп тұрады.

Нұрдәлеттің арманы – ұстазы секілді **білікті** техник болу. Болашақта заман талабына сай жаңа құралдарды ойлап тапқысы келетінін де жасырмады. **Өнерпаз** өренге **сәттілік** тіледік.

(«*Улан*» газетінен)



1. Үйірмеге нешінші сыныптан бастап барғанды дұрыс деп санайсыңдар?
2. Өз мектеп, қала, ауылдарында қандай үйірмелер бар екенін білесіндер ме?



2. Уақытты білдіретін күрделі сөздердің мағынасын анықтап, түрлеріне қарай (біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз, тіркесті сөз) топтастырыңдар.

Алагеуім, ақшам, км/сағ, сүтпісірім, бейуақыт, қас-қағым, таң сәрі, тал тұс, елең-алаң, бие сауым, ХАУ (халықаралық атомдық уақыт).



3. Оқылым мәтінінде қою қаріппен берілген сөздерді тұлғасы мен құрамына қарай ажыратыңдар.



4. Абайдың ұлағатты сөздерін түсініп оқып, жаттап алыңдар.

- Егер «ісім өнсін» десен, ретін тап.
- Еңбек – қуаныш, жалқаулық – арылмас азап.
- Еңбексіз мал дәметкен – қайыршылық.
- Жұмысы жоқтық,
Тамағы тоқтық
Аздыrap адам баласын.



5. Балалар мен жасөспірімдерге үйірмелерге қатысадың пайдасын түсіндіру мақсатында жарнама дайындал, «Галереяны шарлау» өдісімен ең үздігін анықтаңдар.



6. Эссеңің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, «Оқуда табысқа жету үшін не істейім керек?» тақырыбында эссе жазыңдар.

§38. Хобби



1. Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты табыңдар.

Хобби дегеніміз – әр адамның өзі сүйіп істейтін әрі қолынан келетін ісі. Біреулер сурет салғанды, біреулер ән айтқанды, ал енді біреулер коллекция жинағанды ұнатады. Жер бетінде қанша адам болса, барлығының да бос уақытында айналысатын сүйікті ісі болады.

Қазақ қаламгерлерінің көпшілігінің сүйікті істері болған. Мәселен, балалар ақыны Мұзафар Әлімбаевтың хоббиі – сөзжұмбақ, сканворд құрап, шешу, әлем халықтарының мақал-мәтеддерін жинау, оларды қазақ тіліне аудару; жауынгер-жазушы Әзілхан Нұршайықовтың хоббиі – сурет, жақсы кітап жинау; Қадыр Мырза Әлінің хоббиі – кітап, қалам, бәкі, тәсбелгі жинау болса, жазушы-аудармашы Герольд Бельгер шахмат ойнауды жақсы көрген, классик жазушы Фабит Мұсірепов неше алуан таяқ жинаған.

Қазақтың біртуар ұлы Дінмұхамед Қонаев оттықтан (зажигалка) топтама жинаса, Н.Ә.Назарбаевтың хоббиі – табиғат аясында болу, спортпен шұғылдану, музика тыңдалап, кітап оқу екен.

Сол секілді өнер адамдарының да хоббителері сан алуан: бірі құс өсірумен айналысса, екіншілері аңшылықпен, үшіншілері жылқы ұсташамен, төртіншілері қолөнер кәсібімен, гүл өсірумен, т.б. істермен айналысқанды ұнатады.

(*Фаламтор желісінен*)



1. Адам хоббимен не үшін айналысады деп ойлайсыңдар? Дәлел келтіріңдер.
2. Сендердің хоббителерің бар ма? Болашақта қандай істі қолға алғыларың келеді?



2. Өз хоббителерің туралы өңгімелеп, сұхбат құрыңдар.



3. Суреттердегі балалардың хоббителері туралы хабарлама жазыңдар.



4. «Қолөнер үйірмесінің жұмысы» хабарын (<http://mangystautv.kz/public/kz/news/society/kol-oner-uiirmesinin-zhumisy>) көріп, өз ойларыңмен бөлісіңдер. Арапарында қолөнерді хобби етіп жүргендер бар ма?



5. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.
 1. Өздеріңе жақсы таныс адамнан оның хобби жайлары сұхбат алыңдар.
 2. Мәтінді негізге алып, өздеріңнің сүйікті істерінің артықшылығын жарнамалаңдар. Мәтіндеріңден күрделі сөздерді теріп жазып, түрлерін көрсетіңдер.

Менің сүйікті ісім – қолөнер. Құйзеліс пен көңілсіздікten арылтатын іс – тоқыма тоқу. Тоқыма тоқыған кезде өзіңізді жайлар әрі жеңіл сезінесіз. Сондай-ақ кесте тігү, сурет салу, икебана жасау, бисер тоқу, т.с.с. қолөнер түрлерімен айналысуға болады. «Қолымнан келмейді» десеңіз, танымдық кітап-журналдарды ақтарып, үйреніп алуға үмтүліңіз.

§39. Ұлы адамдардың өмірінен

1. Мәтінді оқып, тақырып қойындар. Себебін түсіндіріңдер. Негізгі ойды табындар.

Өркештеге созылған тау беткейіндегі шағын ауылдың бір топ баласы Жасабай көліне келді.

Шыжыта шақшиған күннің ыстығына шыдамаған балалар тез-тез шешіне салды да, суға қойып-қойып кетті.

Суды шалпылдата шуласып жүрген балалар бір кезде қуаласпақ ойнамақ болып, екі бөлінгенде, Әлкей жоқ болып шықты.

Балалар абыржып қалды.

– Ол қайда кетті екен?!

– Жаңа ғана келе жатыр еді ғой...

– Өзі суға түсіп пе еді? Қолге батып кетпесін!

Осы кезде бір бала:

– Айтпақшы, ол тағы да әнеугұнгідей тастарды тамашалап жүрген шығар, – деді жолдастарына қарап.

– Иә, иә, дұрыс, ол тек сонда, басқа ешқайда кетпейді.

Бұдан көңілі жайлланған олар қайта жапырлап суға түсе бастады.

Күн еңкейген кезде өзер қайтқан ұландар анадайдан жол жиегіндегі бір аң мүсінді биік тастың іргесіне еңкейіп, бірдеме істеп жүрген Әлкейді көрді.

Балалар жанына келгенде, ол тершіген маңдайын сипап қойып, тізесінде жатқан дәптерге үңіліп отыр еді.

– Ой, сен өлі мұнда отыр ма едің, біз сені мана үйге қайтқан болар десек, – деді бір бала оған.

– Қане, тағы не жазып алдың, көрсетші? – деді екіншісі қағазға қолын созып.

Әлкей оған қағаздарын ұсынды. Балалар жапырласа төнді.

– Мынау – ана тастағы сурет қой.

– Ал мынау – сондағы жазу емес пе?

– Өзі бәрін айнытпай салыпты, – деді дабырласып олар.

Әлкей ақырын орнынан түрді да, түсындағы тасқа қарап:

– Шіркін, бұлардың сырын білсе ғой... – деді армандалап...

Содан бері көп жыл өтті. Тұған өлкедегі таулардың әрбір қызық бітімді құпия тасына таңдана қарап, тамсанатын кешегі жас бала атақты тарихшы ғалым, белгілі әдебиетші Әлкей Марғұлан ағаларың болатын.


(Ермек Өтетілеуов)

1. Әлкей неге басқа балалардан жырақ кетті деп ойлайсындар?
2. Бала Әлкей не туралы армандалады?
3. Фалым Әлкей Марғұланның бала кезіндегі қызығушылығы өміріне әсер етті ме?

2. Мәтіндегі бала Әлкей мен өзге балалардың әрекетін салыстырып, «Т кестесіне» жазындар.



- 3.** Күрделі сөздерді қолдана отырып, өздерің тұратын ауылды немесе қаланы суреттеп жазындар.
- 4.** Оқылым мәтінінен жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді бір бағанга, күрделі сөздерді екінші бағанға теріп жазындар.
- 5.** Венн диаграммасы бойынша салыстырындар.

Біріккен сөздер**Тіркесті сөздер**

- 6.** Қосымша әдебиеттерден еңбектену, талпыну мен ізденудің пайдасы туралы нақыл сөздер тауып жазындар.
- 7.** Оқылым мәтініндегі автор көзқарасына қатысты өз пікірлерінді «ПОПС формуласы» бойынша дәлелдеп жазындар.
 - 1-сөйлем: «Менің ойымша, ...»
 - 2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін: ...»
 - 3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...»
 - Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...»

§40. Шаршамаймын десен...



- 1.** Мәтінді оқып, қыздың көңілді журуінің себебін түсіндіріңдер.

Кішкентай көрші

Бұл кішкентай қызы біздің көршіміздің қолына жақындаған келді. Сонда да ол осы маңайдағы түргындардың бәрімен көптен таныс, сыр мінез адамдай етene бол, арапасып кетті. Оны бала да, үлкен де жақсы көреді. Демалыс күні бала біткеннің бәрі соның төңірегінен шықпайды. Оның білмейтін ойыны, таппайтын өнері жоқ: неше алуан ойыншықтар жасайды, қағаздан сан алуан кестелер ояды.

Жабырқау, қамығу, яки жатырқау, тосырқау дегенді білмейтін, жүрегін тек қуаныш қана жайлаған бұл жаңға қарап, еріксіз құлімсірейсің. Бойынды өлденедей көңілді ағым билейді.

Бұл тынымсыз жанның бір минут дамыл тапқанын көрген емеспін. Жұмысынан қайтса, пәтеріне келе салып я кесте тоқиды, я кітап оқиды немесе үй

жұмысымен айналысып кетеді. Әйттеуір, қарап отыру деген онда бола бермейді және бір тамашасы: сол жүргеннің бәрінде ылғи өлеңдетеді де жүреді.

(Мұқан Иманжанов)



1. Көрші қыздың көңілді жүруінің сыры неде?
2. Қандай көңіл күйдегі адам тез шаршайды?
3. Себебі неде деп ойлайсындар?
4. Достарыңа бақылау жүргізіп көріндер.



2. Тапсырмаларды орындаңдар.

1-денгей. Мәтіндегі жағымды және жағымсыз әрекеттерді білдіретін сөздерді бөліп жазыңдар.

Улғи: Жабырқау – күлімсіреу.

2-денгей. Шаршаған кезде немен айналысатындарың туралы сұхбат құрып, 3–4 сөйлеммен қорытындылаңдар.

3-денгей. Өмірде кездесетін қыындықтарды жену үшін достарыңа қандай ақыл-кеңес берер едіңдер? Тізімін жасаңдар. Жазған ақыл-кеңес тізіміндегі бірнеше сөзді тұлғасы мен құрамына қарай талдаңдар.



3. Абайдың нақыл сөздерін жаттап алыңдар.

- Жас уақытта көңіл – гүл.
- Жастықта көкірек зор, уайым жоқ.
- Жастықта бір күлгениң – мың қаралық.
- Жастықтың оты жалынданап, Жас жүректе жанған шақ.
- Талаптың аты арынданап, Өр қиянға салған шақ.



Көңілді жүрудің 5 құпиясы:

1. Үнемі көңілді жүру үшін өзіңізді бақылап үйреніңіз. Болмайтын нәрселерге ренжіп, жақындарыңызды ренжітпеніз. Көңіліңізді қалдыրған адамдарды кешіре біліңіз.
2. Кез келген нәрсеге өзілмен қараңыз. Достарыңыздың арасында күлкі сый-лап жүріңіз. Құліп жүрсөніз, қыындықтан да оңай құтыласыз.
3. Айналаңызда болып жатқан жағымсыз оқиғалардан түңіліп, үйде отыра бермеңіз. Көшеде, достарыңыздың арасында ойыңыз бөлініп, көңілсіз-діктен құтыласыз.
4. Құйбен, тіршілігіңізге жаңалық енгізіп отырыңыз, өзіңіз өзгеріңіз. Жаңа іспен айналысыңыз немесе киім киу стиліңізді өзгертиңіз. Сізде болған өзгерістерге жақындарыңыз бен достарыңыз жақсы пікірлерін білдіріп, көңіліңіз көтеріледі.
5. Үнемі жақсы нәрселерді ойладап жүріңіз. Тіпті ауыр жұмыс үстінде де достарыңызбен көңіл көтеруді ойлаңыз.
Есіңізде болсын: өзіңіздің көңіл күйіңізге өзіңіз ғана жауаптысыз!



4. «Артық болмас білгенің» айдарында берілген мәліметтерді негізге алып, «Қос жазба күнделігін» толтырындар.

Үнемі көңілді жүру үшін...	Менің ойым



5. Көңіл күйді көтеретін сөздерді тауып жазып, оларды тұлғасы мен құрамына қарай талдаңдар.

§41. Мен еліктейтін кейіпкердің сүйікті ісі



1. Мәтінді оқып, шығарма кейіпкері туралы ой бөлісіндер.

Атам суретті жақсы салады, өзінің автопортретінің бірнеше түрі бар, бәрі тамаша шыққан. Әр дәптердің бетінен сурет кездестірмей қоймайсың. Оны былай қойғанда, эскиз, сюжетті суреттері де біршама, маман суретшілердің өздері көңіл бөліп қарауға тұрарлық дүниелер.

Улкен қара альбомның іші – толған ою. Сонау бала кезімдегі терезе өйнегіне түскен сиқырлы суреттер сияқты бірін-бірі қайталамайтын, бір-біріне ұқсамайтын нәзік өрнектер. Табиғат өзі жаратқан төл таланттың қолынан шыққан сұлулық пен тапқырлықтың бір күесіндей. Құні бүгінге дейін таңғалтыным: атам ешқашан алдындағы ойған оюына қарамайтын, үқсас болып қалмасын дегенді ойына да алмайтын, сөйлем отырып, қайшыны жорғалата беретін...

(Зейнеп Ахметова «Шуақты күндер»)



1. Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер» романында кім туралы естеліктер баяндалады?
2. Батырдың тағы қандай дарыны мен қабілеті болғанын білесіндер?



2. http://kitap.kz/audiobook/5256-robinzon_kruzo/5256-robinzon_kruzo аудиокітабынан үзінді (5-бөлім 37,05 минутынан 40,24 минутына дейін) тыңдал, Даниэль Дефоның «Робинзон Крузо» шығармасының бас кейіпкері Робинзонның немен айналысқанын анықтаңдар.



3. Оқылым материалын «Үш қадамды сұхбат» әдісі арқылы талқылаңдар. Топқа бөлініп, Бауыржан Момышұлы туралы 3 түрлі сұрақ қойып, талқылаңдар. Негізгі ақпаратты анықтап, дәптерге жазындар.
1. А оқушы В-дан сұхбат алады, ал С оқушы олардың сұрақ-жауабын жазады.
 2. В оқушы С-дан сұхбат алады, ал А оқушы олардың сұрақ-жауабын жазады.
 3. С оқушы А-дан сұхбат алады, ал В оқушы олардың сұрақ-жауабын жазып отырады.



4. Денгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-денгей. Дара сөздер мен күрделі сөздерді топтастырып жазындар.


Теміртау, мақтаныш, айтыс, туған-туыс, сезім, Алтынай, көрме, Жасұлан, тасқын, Атбасар, өрмек, кемпірқосақ, оқу орны, жеңіс, егін, ақындар айтысы, қуаныш, Ақтабан, Тәңбілкөк, тұрақтылық, ата-ана.

2-денгей. Жоғарыдағы дара сөздер мен күрделі сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрандар.

3-денгей. «Мен үлгі тұтатын адамдар» тақырыбында шағын әңгіме жазып, ол адамдардың жақсы қасиеттерін сипаттандар.



5. «Бос уақыт» сөзіне «Кластер» толтырындар.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Өздеріңе жақсы таныс көркем шығарма кейіпкерінің хоббиі қандай екенін, қандай көңіл күйде жүретінін анықтаңдар.


Көркем шығарма	Сүйікті кейіпкерім	Кейіпкердің көңіл күйі мен хоббиі

2. Оқу жылының алғашқы екі тоқсанында уақыттарынды қалай өткізгендерінді, қандай жетістіктерге қол жеткізгендерінді әссе түрінде жазындар.

§42. Фантазия



1. Суреттерге қарап, тақырыптың не туралы екенін болжаңдар.



2. Өлеңді үндестік заңына сай мәнерлеп оқындар, тақырып қойындар.

Жеті қат жерің мына төңкерілген,
Жеті қат аспанменен көмкерілген.
Адамзат оның бәрін ерте білген,
Ертегіде табысқан ертеңімен,
Фаламаттар туылған ертегіден.

Фаламаттар жасалған ертегіден,
Ертегілер қиялын ерте жұрген.
Фаламдық ақиқатты бұл адамзат
Галилей, Коперниктен ерте білген.

Барлығын да адамзат қиялдаған,
Қиялдан жер бетіне сыя алмаған.
Ойлап-ойлап отырып кілемімен
Аспанға ұшудан да ұялмаған.

Қиялдан менің дана, байғұс бабам,
Алайда атқа мініп, Айға ұшпаған.
Бабамның қиялымен қанаттанып,
Бүгін мен Айға қонып, жайды ұстагам.

Фаламат – керемет, ғажап.
Галилей – Италия философы, математик, физик, механик және астроном.

Коперник – поляк астрономы, математик, экономист.



1. «Жеті қат жер, жеті қат аспан» дегенді қалай түсінесіңдер? Ақпарат көздерінен қарап, осы сөздердің мәнін ашындар.

2. Не себепті ақын: «Галаматтар жасалған ертегіден», – дейді? Ертегілерде қандай гажайып оқиғалар баяндалады? Оларды бүгінгі өмірмен байланыстыруға бола ма?



3. Оқылым мәтіні мен 1-тапсырмадағы суреттерді байланыстырып, сейлем қураңдар. Зат есімдерді көрсетіңдер.



4. Ертегілерде баяндалатын қиял-гажайыптың ақиқатқа айналғанына мысалдар келтіріңдер.

Үлгі:

Қиял	Ақиқат
Ұшқыш кілем, қанатты пырақ	Тікұшақпен, ұшақпен ұшу



5. «Егер мен сиқыршы болсам...» деген тақырыпта шағын мәтін (сөз саны – 30) жазындар. Мәтіндегі зат есімдердің астын сзызындар.

§43. «Керқұла атты Кендебай» ертегісі



1. Ертегі ұзіндісін оқып, түсініксіз сөздердің мағынасын сөздік арқылы анықтаңдар.

Керқұла атты Кендебай

Күндерде бір күн хан өзінің екі баласын шақырып алғып:

– Бүгін қара бие құлышнайды. Бұл – тоғызыншы құлышндауы. Құлышндаған күні түнде құлыш жоқ болып кетеді. Бүгін осы биені өздерің күзетіңдер. Не болғанын көздеріңмен көріндер, – дейді.

Мұны Кендебай естіп тұрады.



Кешке ханның екі баласы күзетке барғанда, Кендебай да жасырынып барып отырады. Біраздан кейін ханның екі баласы қорылдап ұйықтап қалады.

Кендебай үйиқтамай отыра береді. Таң біліне берген кезде бие алтын құйрықты, құндыш жүнді арғымақ құлын туады.

Бір кезде аспаннан бір бұлт түйіліп келеді де, құлынды ала жөнеледі. Кендебай шап беріп, құйрықтан ала түседі. Кендебайдың қолында алтын құйрық жұлдынып қала береді. Кендебай алтын құйрықты қойнына тығып, үйиқтап қалады.

Ертеңіне таң сәріден хан екі баласын шақырып алғып, не көргендерін сұрайды...

(Халық ертегісі)



1. Берілген үзіндіден қиял-ғажайыпқа құрылған қандай оқиғаны байқадындар?
2. Суреттерде ертегінің қай сәттері бейнеленген?
3. Сендердің ойларыңша, оқиға қалай жалғасуы мүмкін?



Заттың атын білдіретін сөз табын **зат есім** дейміз. Зат есімдер **кім? не?** деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *адам, кітап, дала, ой, Айгүл, т.б.*

Зат есімдер тұлғасына қарай 2-ге бөлінеді: негізгі және туынды зат есімдер.

Тек түбірден жасалған, әрі қарай бөлшектеуге болмайтын зат есімнің түрі **негізгі зат есімдер** деп аталады. Мысалы: *Оттан, дос, жол, т.б.*

Түбірге жүрнақ жалғану арқылы жасалған зат есімнің түрі **туынды зат есімдер** деп аталады. Мысалы: *қуаныш, шат-тық, қон-ақ, ән-ши.*



2. Оқылым мәтінінен зат есімдерді теріп жазып, тұлғасына қарай талдандар. Негізгі және туынды зат есімдерді «Тестесіне» түсіріп жазындар.

Негізгі зат есімдер	Туынды зат есімдер



3. «Керқұла атты Кендебай» ертегісінен үзінді тыңдалап (http://ikitap.kz/audiobook/5189-kerqula_atty_kendebaj/5189-kerqula_atty_kendebaj. 0:00 минутынан 03:15 минутына дейін), ондағы негізгі және қосымша ақпаратты анықтандар.



4. Ертегіні тыңдау барысында зат есімдерді сындық мағынадағы сөздерімен бірге жазып отырындар.

Улғи: керқұла ат, жырттық киім, т.б.



5. Ертегіні өз қиялдарыңмен жалғастырып жазып көріндер.



6. Төмендегі сөздерден туынды зат есім жасаңдар. Қажетті жүрнақтар: -ғы, -гі, -ыш, -ыс, -іс, -ма, -ме, -шы, -ші, -лық, -лік, -дық, -тық.

Улғи: сүзбе, ...

Көр, айт, шап, тап, сурет, балық, адал, қуан, жақсы, дос, бөл, тоқы, бұр.

§44. «Ер Төстік» ертегісі

1. Ертегіні оқып, ауызекі сөйлеуге тән белгілерді анықтаңдар.

«Ер Төстік» ертегісі

...Екеуі жүріп кетеді. Тағы елсізбен келе жатса, жолдарында бір адам көрінеді. «Несып жүрген адам?» деп байқаса, киіктерді матаң жүрген адам екен, екі аяғына байлап алған қазандай екі қара тасы бар. Сол тастармен де қашқан киіктерді құтқармайды.

– О, неғып жүрген адамсың? – деп екеуі қасына жетіп келеді.


– «Жердің үстіндегі Төстік жердің астына түсті» деп естіп, соған жолдас болайын деп, жолын тосып жүрген адаммын, – дейді кісі.

– Төстікке жолдас боларлықтай қандай өнерің бар еді? – дейді Төстік.

– Мен аяғыма шаң жүқпас жүйрікпін, үшқан құс, жүгірген аңың менен құтыла-тыны жоқ. Киіктерді құғанда өз екпініммен ағып өтіп, үстай алмайтын болған соң, аяғыма қазандай қара тас байлап алып құрамын. Сонда екпінім басылың-қырап, киіктерден ағып өтпей кетпей, дәл жетіп үстаймын. Желаяқ деген мен боламын, – деді кісі.

– Жарайды, сол іздеген Төстігің мен боламын, – дейді Төстік...

(Халық ертегісі)



Ауызекі сөйлеу – адамдардың алдын ала дайындықсыз тіл арқылы тікелей қарым-қатынас жасауы.

1. Суретте ертегінің қай сәті бейнеленген?
2. Қиял-тажайып ертегісіне тән қандай белгілерді байқадыңдар?

Зат есімдер құрамына қарай 2-ге бөлінеді: 1) дара зат есімдер; 2) күрделі зат есімдер.

Бір түбірден (негізгі я туынды) жасалған зат есімнің түрі **дара зат есімдер** деп аталады. Мысалы: *ауыл, сезім, тоңазытқыш, құлын*, т.б.

Екі не бірнеше сөздің біргігі, қосарлануы, тіркесу, қысқаруы арқылы жасалған зат есімнің түрі **күрделі зат есімдер** деп аталады. Мысалы: *мұражай, аққұ, баспасөз, дос-жаран, сан есім, Қазұу*, т.б.

2. «Ер Төстік» ертегісінен (http://kitap.kz/audiobook/5179-er_tostik/5179-er_tostik.25:27 минутынан 32:00 минутына дейін) үзінді тыңдаңдар. Сендердің ойларыңша, қай кейіпкерлер өмірде болмайды?



- Дара және күрделі зат есімдерді екі бағанға бөліп жазындар.

Ақыл, іс-шара, баспасөз, көлшік, кітапхана, балабақша, кәсіпорын, орындық, жұмысшы, қиял-тажайып, ержүрек, батыр, мекен.



- Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша деңгейлік тапсырманы орындаңдар. 1-деңгей. Ертегі үзінділерінен дара зат есімдер мен күрделі зат есімдерді теріп жазындар.
2-деңгей. Дара зат есімдерді тұлғасына қарай ажыратып, сөйлем құрастырындар.
3-деңгей. Ертегі желісімен салынған иллюстрация бойынша шағын әңгіме жазындар.



- Жер астында жолығып, Тәстікке жолдас болатын кейіпкерлерді, олардың өнерін кестеге жазындар.

Кейіпкерлер	Өнері



- Кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерден тұратын жоспар құрып, қиял-тажайып ертегі жазындар.

§45. Қиял мен аңыз



- Мәтінді оқындар. Негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.



Табиғаттың сырты ашылмаған жұмбағы аз емес. «Динозаврлар мекендейді» деген көлдердің түбінде жерасты қуыстарымен байланысатын оқпалар бар бол шықты. Оқпаның бетін әдетте көл табанындағы тұнбалар басып жатады. Жерасты сұзы азайған кезде оқпаның аузы ашылып кетеді де, көлдің сұзын тереңге тартады. Иіріммен бірге жердің астына ауа да кетеді. Осы кезде аңыз үн шығады. Қиял-тажайып ертегілердегі бір көлдің сұзын бір өзі жұтып қоятын алып жайындар немесе айдаһарлар бейнесі осыдан келіп шыққан.

– Онда Самұрық құс та осындағы қиял дүниесі ме?

– Жоқ, ол өмірде шын болған. Африканың оңтүстік-шығысындағы Мадагаскар аралында биіктігі төрт қабат үймен теңесетін Рух деп аталатын құстың мекендереге, оның ең соңғысын еуропалықтардың 1682 жылы атып алғаны туралы дерек бар. Бұл алып құстың кескіні қазіргі түйекүсқа келеді.

Егіншілікпен айналыса бастаған жүрт орманды жалаңаштауға мәжбүр болды. Содан аралдың табиғаты өзгере бастайды да, алып құстардың тіршілігіне қолайсыз болып, олардың жер бетінен жойылып кетуіне алып келеді. Сөйтіп, Самұрықтың аты тек аңызда ғана сақталып, бізге жетті.

(Мырзабек Дүйсенов)



1. Ертедегі адамдар табиғаттың жұмбақ сырын қалай түсінген?
2. Жойылып кеткен қандай аң-құстарды білесіндер?



Зат есімдер мағынасына қарай 2-ге бөлінеді: жалпы есімдер және жалқы есімдер.

Біркелкі заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін сөздер **жалпы есімдер** деп аталады. Мысалы: *may, құс, адам, өсімдік*, т.б. Жалпы есімдер кіші әріппен беріледі.

Біркелкі заттарды, құбылыстарды жекелей атайдын, арнайы берілген есімдер мен атаулар **жалқы есімдер** деп аталады. Мысалы: *Алатау, Ақерке, Жетісу, «Егемен Қазақстан*», т.б. Жалқы есімдер бас әріппен жазылады.

- ✓ 2. Оқылым мәтініндегі жалпы және жалқы зат есімдерді топтастырып жазындар.
- ✓ 3. Зат есімдерді тауып, негізгі, туынды түбірлерді қосымшадан ажыратып жазындар.

Улғи: бәйтерек-тің, ана-мыз, ...

...Дәл осы кезде қатты жел тұрып, нөсер жаңбыр жауды. Хасан балапандардан сұрады:

– Бұл не қылған жел? Не деген нөсер жаңбыр?

– Бұл – жел емес, біздің анамыздың қанатының лебі, ал жаңбыр дегеніміз – біздің анамыздың көз жасы. Біздің анамыз жылда осы бәйтеректің басына жұмыртқалып, балапан басып шығарады. Анамыз балапандарына тамақ ізден кеткенде, жаңағы айдаһар інінен шығып, біздің анамыздың басып шығарған балапандарын жеп қояды екен. Анамыз қайтып келгенше, ініне тығылып қалады екен. Қазір біздің анамыз аңан келе жатыр. «Балапандарымды тірі көремін бе, әлде айдаһар жеп қойды ма?» – деп жылап келе жатыр. Ол – біздің анамыздың көз жасы, – деді балапандар.

(Халық ертегісі)



4. «Табиғаттың таңғажайып сыры» тақырыбында эссе жазып, комментарий жасау арқылы бағалаңдар.



5. Фаламтор желісі мен қосымша әдебиеттерді негізге алып, сұрақтарға жауап беріңдер.
 1. Самұрық туралы ертегі сюжеті негіз болған елімізде қандай ғимарат бар?
 2. Ертегінің бүгінгі өмірмен қалай байланыстырылғандар?

6. Ізденімдік тапсырма мәліметтері бойынша мәтін (сөз саны – 30) құрастырыңдар.



§46. Өнер-білім бар жұрттар



1. Суреттерге қарап, бүгінгі сабактың мазмұнына болжам жасаңдар.



2. Үзіндіні мәнерлеп оқыңдар. Мәтіннің мазмұнын түсініп, негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Өнер-білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызыды.
Айшылық алыс жерлерден
Көзінді ашып-жұмғанша
Жылдам хабар алғызыды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге
Күн жарымда барғызыды.
Адамды құстай ұшырды,
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді.
Отынсыз тамақ пісірді,
Сусыздан сусын ішірді.

Теңізде жүзді балықтайды,
Дүниені кезді жалықпайды.
Білгендерге осылар
Бәрі дағы анықтайды,
Білмегенге танықтайды.
Біз де бекер жатпалық,
Осыларға таныспайды.
Ат өнері білінбес,
Бәйгеге түсіп жарыспайды.
Желкілдеп шыққан көк шөптей
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Үмтүлышызы, қалыспайды!..

(Бібырай Алтынсарин)



- Ақын өлеңде өз заманы үшін ғажайып оқиғалар мен таңсық дүниелерді қалай сипаттаған?
- Ы.Алтынсариннің жазғаны бүгінгі таңда қалай жузеге асқанын айтып беріндер.
- Ақын суреттеген ғажайыптар неліктен қиял болудан қалды?



Зат есімдер танылуына қарай 2-ге бөлінеді: 1) деректі зат есімдер; 2) дерексіз зат есімдер.

Нақтылы тануға болатын, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын зат атаулары **деректі зат есімдер** деп аталады. Мысалы: *кітап, мектеп, жолдас, су, т.б.*

Көзге көрінбегенмен, адамның ойлауы нәтижесінде танылатын ұғым атаулары **дерексіз зат есімдер** деп аталады. Мысалы: *ақыл, ой, бақыт, арман, т.б.*



3. Оқылым мәтінін негізге алыш, деңгейлік тапсырманы орындаңдар.
- 1-денгей. Мәтіннен деректі, дерексіз зат есімдерді топтастырып жазындар.
- 2-денгей. Дерексіз зат есімдерге жүрнақ жалғап, туынды сөз жасандар.
- 3-денгей. Өлеңдегі ғажайып сипатқа ие оқиғаларды бүгінгі күнмен салыстырып, кестені толтырындар.

Үлгі:

Ы.Алтынсариннің өлеңінде	Бүгінгі таңда
Айшылық алыс жерлерден...	Телефон, ғаламтор, факс, телеграмма, т.б.
Жылдам хабар алғызыды.	



4. Бүгінгі тақырыпқа байланысты өз көзқарастарынды «Позиция таңдау» өдісімен ауызша дәлелдендер. Негізгі түйіндерінді жазындар.
5. Өнер-білімнің пайдасы жайында мақал-мәтелдер тауып жазып, мағыналарын түсіндіріндер. Деректі, дерексіз зат есімдерді ажыратындар.



§47. Қожаның қиялы



1. Мәтінді оқындар. Алдыңғы сабактағы мәтіннен жанрлық ерекшелігін анықтаңдар.

Қожаның қиялы

Мен армиядан батыр атанып, орден тағып келе жатырмын. Қөпір аузында шоқ-шоқ гүл бумаларын ұстаган нәпір жүрт жолымды тосып түр. Солардың ішінен көзіме оттай басылып, Жанар ұшырай кетеді. Аңсап көріскең Қозы мен Баяндай бір-бірімізге құшақ жая ұмтыламыз.


Армиядан келу – әскери міндетті етеп келу.

Орден – жоғары марапат.

Нәпір – көп.

– Жанар!
– Қожа!

Мектеп директоры Ахметов бастаған бір топ мұғалім қасыма келеді. «Жарайсың, Қожа! Жігіт-ақ екенсің! Біз сенің мұндағай ержүректігінді білмей, баяғыда бекер ұрсады екенбіз ғой! Кешір», – дейді Ахметов. «Иә, талқыдан талқыға сап, күн көрсетпеуші едіңіздер, – деймін. – Әсіреле әлгі Майқанова апай...»



Майқанова маған батып келе алмай, бір шетке таман ыңғайсызданып тұрады. «Сіз неге оқшауланып тұрысыз, бері келіңіз», – деймін. Ол қалтырай басып жақындаі түседі. «Кешір, Қожа... Баяғыда саған пионер лагеріне жолдама бермегенімді ұмытпаған боларсың». «Иә, ұмытқаным жоқ». «Кешір, кешір, айналайын Қожатай».

(Бердібек Соқпақбаев)

- 1. Берілген үзіндіден Қожаның қандай өзіндік өлемі байқалады?
 - 2. Қожа не себепті атақты, танымал тұлғаға айналғысы келеді?
 - 3. Ол батыр болуды армандағанда тек қана атын шығаруды мақсат ете ме?
 - 4. Сендердің ойларыңша, оқиға қалай жалғасуы мүмкін?
2. «Менің атым – Қожа» хикаятынан үзінді (16. mp3) тыңдалап, сұрақтарға жауап беріңдер.
- 1. Қожа шарбақтан не мақсатпен секірді?
 - 2. Оның ойы жүзеге асты ма?
 - 3. Қожа сендердің достарың болса, оған қандай кеңес берер едіңдер?

Көптік жалғау

Қазақ тілінде тәрт түрлі жалғау бар: көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары.

Көптік жалғау зат атауларына жалғанып, заттың көптігін білдіретін жалғау. Көптік жалғауы (-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер) сөздерге үндестік заңдылығына сәйкес жалғанады. Мысалы: **бала-лар, үй-лер, қаз-дар, із-дер, кітап-тар, көлік-тер**.

- 3. Оқылым мәтінін негізге алып, деңгейлік тапсырманы орындаңдар.
1-деңгей. Мәтіннен жалқы есімдер мен жалпы есімдерге мысалдар теріп жазындар.
2-деңгей. Мәтіндеңі деректі зат есімдерді тауып, оған көптік жалғауын жалғандар.
3-деңгей. Өз армандарыңмен бөлісіп, Қожаға хат жазындар.
- 4. Қожаның қияллын «Үш қадамды сұхбат» стратегиясы бойынша талқылап, түйінді үш сөзді анықтаңдар. Бұл сөздерге көптік жалғауын жалғап, сөйлем құрандар.



- Жалпы және жалқы есімдерді қатыстырып, «Менің қиял-арманым» тақырыбында ойтолғау жазындар. «Галереяны шарлау» өдісімен үздік жұмысты анықтаңдар.
- Жоспар құрып, соның негізінде «Менің қиялымдағы болашақтың мектебі» тақырыбында эссе (сөз саны – 60) жазындар.



§48. Космогондық ою-өрнек – адам қиялының жемісі



- Мәтінді мәнерлеп оқып, өздеріне түсініксіз сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы анықтаңдар. Өзара пікір алmasып, сұрақтарға жауап беріңдер.

Космогондық өрнектер ғарышпен байланысты барлық нәрселерді – жүлдышдар мен Айды, жарты ай мен Күнді, кемпірқосақты бейнелейді. Ұлан-ғайыр далада көшіп-қонып жүрген көшпенділерді ғарыш пен әлем құпиясы қызықтырыған. Оларды түнгі аспан әлемінде көрініс тапқан космогондық өрнек – жүлдышдардың сырьы бейжай қалдырмаған.

Қазақтардың тұрағы – киіз үй. Осы жеңіл де жинақы киіз үй – көшпелі өмірдегі ең лайықты баспаана. Шаңырағы аспанға тіке жол ашады, сырлы дүниеге шақырып, адамның қиял-арманын ұштайды.

Осылайша табиғаттың өзі өмірдің талай құпиясын үйретіп, қазақтарға ою-өрнектің космогондық нақышын тарту етті. Олар – ежелгі сақтар заманынан келе жатқан әлемдік кеңістік пен жер шарының төрт тарабының, мәңгілік қозғалыстың символы: шенбер, айшық, күн шүғыласы, төрт құлақ, шимай, қисық сызықты бейнелейтін жүлдыш және ою-өрнектің ортасында орналасқан бес бұрышты жүлдыш.



Сақтар – Орта Азияны мекендейген ежелгі тайпалар.
Ұлан-ғайыр – ұшы-қиырсыз ұлкен, кең.



- Табиғатпен үйлесімде өмір сүрген қазақ халқын қалай сипаттар едіндер?
- Космогондық өрнектерде халқымыздың арман-қиялы қалай көрінген?
- Суреттегі космогондық өрнектерді қандай қолонер туындыларынан кездестіруге болады?
- Бір космогендік ою-өрнек пен өсімдік текстес ою-өрнекті салыстырып, Венн диаграммасына түсіріңдер.





Тәуелдік жалғауы

Бір заттың екінші бір затқа, кісіге тәуелді екенін білдіретін жалғау **тәуелдік жалғауы** деп аталады.

Тәуелдік жалғауы – тек зат есімге тән жалғау, басқа сөз таптары заттанып барып қана тәуелдене алады.

I	Мениң дәптер (-лер) -ім	Біздің дәптер-іміз
II	Сенің дәптер (-лер) -ің	Сендердің дәптер (-лер) -ің
	Сіздің дәптер (-лер) -іңіз	Сіздердің дәптер (-лер) -іңіз
III	Оның дәптер (-лер) -і	Олардың дәптер (-лер) -і



3. Деңгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-деңгей. Берілген зат есімдерді тәуелдендер: *өрнек, гарыш, жүздің*.

2-деңгей. Мәтіннен көптік, тәуелдік жалғаулы сөздерді тауып, топтастырыңдар.

3-деңгей. Оқылым мәтінін мазмұны негізінде диалог құрастырыңдар. Диалогтегі зат есімдерге талдау жасандар.



4. Оқылым мәтінін деректі және дерексіз зат есімдерді екі бағанға теріп жазыңдар.



5. Космогендік ою-өрнегі бар кез келген затты алып, сипаттама мәтін жазыңдар. Оюдың білдіретін мағынасын «ПОПС формуласы» бойынша дәлелдей жазыңдар.
- 1-сөйлем: «Мениң ойымша, ...»
- 2-сөйлем: «Мен оны былай түсінемін: ...»
- 3-сөйлем: «Оны мына деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...»
- Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...»

§49. «Фажайып планета»



1. АКТ арқылы «Фарыш әлемі» тақырыбы бойынша танымдық бейнефильмді көріңдер (<https://www.youtube.com/watch?v=n-khlCFOpzQ>). Бейнефильмдегі негізгі ақпаратты, ұсынылған иллюстрациялардың тақырыпқа қатысын анықтандар.



-  2. Үзіндіні оқып, мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырыңдар.

Оразов «Байқоңырдың» жолына ең таяу деген қос жүлдyz шоғырына бұрылуға үйгарты. Ол небері он жеті планетадан құралған. Қос жүлдyz егіз Күн іспеттес. Екеуінің дәл ортасынан орбита сызып, бір алып сарғыш планета айналып жүр. Екі Күн – ата-анасы, ал ана планета олардың кенжесі төрізді. Екі шырақтың нұрлы сәулесіне бөленіп, ерекше жарқырайды ол. Бүкіләлемдік тартылыш заңының ең бір ғажап қасиетін бір өзі пайдаланып тұргандай. Қай жағында болсын, мәңгі жарық, біркелкі мәңгілік температура. Шіркін, устінде өмір бар ма екен, жоқ па екен?

Оразов «Байқоңырды» дәл осы планетаға бағыттады. Экипаж мүшелері үнсіз ишаралған болғандағандаған. Ал ерке Кибер алақанын соққылап, қуаныш қалды: «Алақай, жаңа планета көреміз!»

Оның бұл қуанышы орынды да еді. Оған себеп ғарыш заңы – бұлжымас қатал заң. Қандай бір экспедиция болмасын OFC-ның (Орталық ғарыш стансының) бүйрігіна сөзсіз бағынуы тиіс.

(Талап Сұлтанбеков)



Септік жалғаулары

Септік жалғаулары – зат пен зат, зат пен қимыл арасындағы түрлі (мекендік, мезгілдік, мәлшерлік, себептік, т.б.) қатынастарды білдіріп, сөз бер сөзді байла-ныстыратын қосымшалар. Қазақ тілінде жеті септік жалғауы бар: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктегі.

Септіктер	Сұрағы	Жалғауы	Мысалдар
Атау	Кім? Не?	–	кітап
Ілік	Кімнің? Ненің?	-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің	кітап-тың
Барыс	Кімге? Неге? Қайда?	-ға, -ге, -қа, -ке	кітап-қа
Табыс	Кімді? Нені?	-ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні	кітап-ты
Жатыс	Кімдे? Ненде? Қайда?	-да, -де, -та, -те	кітап-та
Шығыс	Кімнен? Неден?	-дан, -ден, -тан, -тен, -нан,	кітап-тан
	Қайдан?	-нен	
Көмектес	Кіммен? Немен?	-мен, -бен, -пен	кітап-пен
	Қалай?		



3. Оқылым мәтініндегі септік жалғаулы сөздерді теріп жазып, қай септікте тұрганын ажыратыңдар.



4. Фажайып ғаламшарлар туралы сұхбат жүргізіп, хабарлама жазыңдар.



5. «Фарыш», «аспан», «Байқоңыр», «өмір» сөздерін септендер.



6. Қосымша әдебиеттер мен ғаламтор желісін пайдалана отырып, ғаламшарларды кестеге орналастырып, сипаттама жазыңдар.

Ғаламшарлар	Менің сипаттауым

§50. Плутонға сапар



1. Үзіндіні түсініп оқыңдар. Оқиғаны өз қиялдарыңмен жалғастырыңдар.

Күні кеше ғана бүкіл планета болып, біздің ауылдық Арапбаев ағайды Плутонға сапарға шығарып салып едік. «Мына тұрған жақын жер емес пе? Көзді ашып-жұмғанша жетіп келеді деп», қаннен-қаперсіз жүргенбіз. Кенет күтпеген оқиғаға душар болыпты.

Мұны біз кейін білдік...

Арапбаев ағай Айдағы планетааралық ғарыш айлағынан үшісімен, Плутонға апаратын тұра жолға түседі.

Кемеде жалғыз өзі. Жоқ, жалғыз емес, қасында өзінің бұрын да талай сапарға бірге барысып жүрген Құтжолы бар. Құтжол – робот. Үйінде Құтжол деген иті де жүр. Танимыз. Жақсы ит. Біздің физик ағайдың Бөрібасарынан да асып түседі. Мықты.

Сол Құтжол екеуді келе жатады. Бір кезде кеме ішіндегі есепші нейтрино аспаптардың көк, жасыл, қызыл және т.б. қандай болса да, барлық шамдары жыптылықтай қоя береді. Арапбаев ағай елең ете қалады. Құтжол да елең ете қалады. Ағай өзі отырған орындықтың сол қапталындағы бір түймені басып жіберді. Бұл – есепші аспаптың дыбыстық жүйесін қосқаны. Ғарыш сапарының нұсқауы солай...

Таяқ тастам жер – жақын жер.
Плутон – ергежейлі ғаламшар.
Нейтрино аспабы – ғарыштық нысандарды зерттейтін құрал.

(Абдулхамит Мархабаев)



Жіктік жалғауы

Адамға қатысты зат есімдер, яғни, кәсібі, мамандығы, туыстық қатынасты білдіретін сөздер жіктеледі. Жіктелген зат есім сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады. Үшінші жақта арнайы жалғауы жоқ.

I	Мен оқушы-мын (-мін, -бын, -бін, -пын, -пін)	Біз оқушы-мыз (-міз, -быз, -біз, -пыз, -піз)
II	Сен оқушы-сың (-сің)	Сендер оқушы-сың-дар (-сің-дер)
	Сіз оқушы-сыз (-сіз)	Сіздер оқушы-сыз-дар (-сіз-дер)
III	Ол оқушы –	Олар оқушы-лар –



2. Оқылым мәтінінен адамға қатысты зат есімдерді тауып, жіктеңдер.



3. Оқылым мәтінін негізге алып, деңгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-денгей. Мәтіндегі зат есімдерді тауып, қай жалғауда тұрганын талдандар.

2-денгей. Мәтіннен жалқы, жалпы зат есімдерді тауып, топтап жазындар. Жалқы есімдермен сөйлемдер құрастырыңдар.

3-денгей. Берілген жұмбақтарды шешіп, тақырыпқа қатысын анықтаңдар. Өздерің осындай үлгімен жұмбақтар құрастырып жазындар.

Көк жиекті, шай табақты,
Алтын алма тербеледі.
Кейде бұркер алма жүзін
Үлпа мақта переделер.

Қонақтап күнде су бетіне,
Сүйсінер барлық адам келбетіне.
Тұлғасы су ішінде көрінеді,
Таңырқап қарап тұрсам суретіне.

Көп моншақ үй үстіне қойдым шашып,
Қарасам толып жатыр көзін ашып.
Үйіме сөулеленіп түссе жарық,
Кетеді өлгі моншақ бәрі қашып.



4. Қазіргі озық технологияның үздік жетістіктерінің бірі – «Ақылды үй» жобасы. Ал сеулдік (Корея) ғалымдар «ақылды терезе» жобасын ұсынуда. Осы жетістіктер туралы ізденіп, сыйыптастарыңа таныстырылым дайындаңдар.



5. «Ақылды үй» идеяларын пайдаланып, «Менің қиялымдағы болашақтың киіз үйі» тақырыбында хабарлама жазындар.



§51. Бағдаршам

-  1. Мәтінді оқып, ойларынды ортаға салындар.

Таң атқаннан кеш батқанға дейін өрі-бері жүретін сіз жол бойында үнсіз «тіл қатып» тұратын бағдаршамға күніне неше рет жолығасыз? Үш түстен тұратын бағдаршам «Тоқта!», «Дайындал!», «Жүр!» деп жанып-өшіп, қанша адамның өмірін сақтап тұр екен?! Ол түсін алма-кезек ауыстырғанда көз алдыңызға не елестейді? Бағдаршам сіз үшін қай кезде жүріп, қай кезде тоқтау керектігін түсіндіретін құралғана ма?..



-  1. Бағдаршамның «тілі» мен адамның сөйлеу тілінің арасында үқсастық бар ма?
2. Тағы қандай түстердің бағдаршам түстері секілді мәні бар?

 Заттың, құбылыстың сын-сипатын, көлемін, түр-түсін, сапасын білдіретін сөз табы **сын есім** деп аталады. Мысалы: *әдемі, ақшыл, ұзын, мейірімді*.

Сын есім қандай? қай? деген сұрақтарға жауап береді.

Сын есімдер тұлғасына қарай 2-ге бөлінеді: 1) негізгі сын есімдер; 2) туынды сын есімдер.

Өрі қарай бөлшектеуге келмейтін сын есімдер **негізгі сын есімдер** деп аталады. Мысалы: *жақсы, әсем, асыл, ақ, сұлу, т.б.*

Түбірге журнақ жалғану арқылы жасалатын сын есімдер **туындысын есімдер** деп аталады. Мысалы: *арыстан-дай, су-лы, тер-шен, сер-гек, бағын-бынқы, т.б.*



-  2. Денгейлік тапсырманы орындаңдар.

1-деңгей. Мәтіндегі сын есімдерді тауып, тұлғасына қарай талдандар.

2-деңгей. Мәтіндегі нақты ақпараттарды анықтай, хронологиялық кесте жасаңдар.

3-деңгей. Бағдаршамның пайдасын «Кластер» әдісімен түсіндіріңдер.

Ең алғашқы бағдаршамды XIX ғасырда британдық Джей Найт есімді азамат ойлап тапты. Бұл құрылғы 1868 жылы Лондон парламенті орналасқан көшеге қойылды. 1869 жылы бағдаршамның шамы жарылып, жақын тұрған полиция сақшысын зақымдаған көрінеді. Содан бағдаршам ұзақ жылдар бойы ұмыт қалған.

1914 жылы тамыз айының 5-і күні Американың Кливленд қаласында заманауи бағдаршамның алғашқы нұсқасы шықты. Бастапқыда құрылғы тек екі түсті шамнан тұрды. Ол бір түстен екіншіге аудисқандада дыбыс шығаратын болған. «Халықаралық бағдаршам күні» осы оқиғаға байланысты тойланады.

Ал біз күнде көріп жүрген үш түсті бағдаршам Нью-Йорк қаласында 1920 жылы пайда болды. Жылдар өте бұл құрылғы тиімділігін көрсетіп, өлемнің өзге де елдерінде кеңінен қолданыла бастады.



3. «Бағдаршам және балалар» атты жол сақшыларымен кездесу шарасы өтетіні туралы хабарландыру жазындар.

Хабарландыру критерийлері:

- 1) іс-шараның басталатын уақытын;
- 2) іс-шараның тақырыбын;
- 3) іс-шараға қатысушыларды;
- 4) іс-шараның болатын орнын көрсету.



4. Фаламтор мен қосымша өдебиеттерден бағдаршам туралы қызықты ақпараттар жинаңдар.



5. «Алып шаһардағы бағдаршам» тақырыбында ертегі жазып, ең үздік жұмысты анықтаңдар.

§52. Жол қауіпсіздігінің ережелері



1. Жол полициясы қызметкері балаларға жолда журу ережелерін таныстырып жатыр. Рөлге бөліп оқындар.

- Балалар, мынау қандай мағына беретін белгі?
- Бұл – жаяу жүргіншілер жолы.
- Жаяу жүргіншілер жолынан қалай өту керектігін білесіндер ме?
- Оны білмейді еkenбіз. Бізге түсіндіріп жібересіз бе?
- Жаяу жүргіншілер жолынан өткенде абай болындар. Көліктер сендерге жол беруі керек. Бірақ сонда да тезірек өтуге тырысындар. Себебі сендерді көліктер күтіп тұрады ғой.
- Жарайды, айтқаныңызды орындаимыз.

!

Сын есімдер құрамына қарай 2-ге бөлінеді: 1) дара сын есімдер; 2) күрделі сын есімдер.

Бір түбірден (негізгі я туынды) тұратын сын есімнің түрі **дара сын есім** деп аталауды. Мысалы: **жасыл, жолбарыстыай, әдемі, көтерікі, т.б.**

Кем дегенде екі түбірден жасалған сын есімнің түрі **күрделі сын есім** деп аталауды. Мысалы: **ұзын бойлы, ақ құба, қызылды-жасылды, т.б.**



Тіл – таңбалар жүйесі. Алғаш таңба мәселесімен көне ғасырларда әйгілі философтар – Аристотель мен Демокрит айналысқан.

Тілден басқа таңбалар жүйесі қолдан жасалады. Оларды келісім бойынша өзгертуге болады. Оларды өзгертуге қоғамдағы барлық адамның қатысуы шарт емес. Сол мамандық өкілдерінің келісімі бойынша жасала береді.

Таңбалардың барлығының да мағынасы тіл арқылы айқындалып, дыбыстық тілге «аударылады». Мысалы, транспорт сигналдарының мағынасын дыбыстық тілдегі аудармасы арқылы ғана түсініп, білеміз. Бағдаршамның қызыл түсті жарығы – «Тоқтаңыз!» деген белгі. Мұны білмейтін адамға қызыл түсті жарық қаншама жарқыраса да, еш нәрсені хабарлай да, аңғарта да алмайды. Сайып келгенде, олар тілге негізделеді. Мысалы: бірінші таңба велосипедпен жүретін жолды білдіреді; екінші таңба «Велосипедпен жүруге болмайды» дегенді білдіреді.



2. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген мәтіннен дара және күрделі сын есімдерді анықтап, «Т кестесіне» түсіріңдер.

Дара сын есімдер	Күрделі сын есімдер



3. «Жолдос көмекке асығады» атты қазақстандық анимациялық оқыту сериалынан үзінді (17. mp4) көріп, сұрақтарға жауап беріңдер.
1. Ата-анаңың қөлігінде сапарға шығу үшін қауіпсіздік ережелерін білу қажет пе?
 2. Қауіпсіздік белдігі мен балалар орындығының қандай пайдасы бар?
 3. Жолдос тағы қандай пайдалы кеңестер берді?



4. Жол қауіпсіздігіне байланысты көлік жүргізушілеріне хат жазыңдар.

Хат жазуға қойылатын негізгі талаптар:

- 1) сәлемдесу;
- 2) хат жазу мақсаты;
- 3) хаттың мазмұны;
- 4) қорытынды.



5. Қандай жол белгілерін білесіңдер? Жол белгілерінің таңбалары бойынша «Таңбадағы ақпарат» деген тақырыпта мәтін жазындар.



1. Мәтінді түсініп оқындар. Өткен сабактағы сұхбаттан бұл мәтіннің құрылымында қандай айырмашылық бар екеніне назар аударындар.

Көліктің пайда болу тарихы

Адам баласы ежелден қысқа мерзімде ұзақ қашықтыққа жету, өз жұмысын жеңілдету, еңбек өнімділігін арттыруды армандаған. Олар жолаушы және жүк тасымалдау үшін механикалық құрылғылар жасай бастады.

Ең алғаш өздігінен қозгалатын бүмен жүретін көлік 1769 жылы Францияның соғыс министрі Этьен-Француаның тапсырмасымен құрастырылды. Бу көлігін Николас Джозеф Кагнот пен өскери механик Брезин Парижде құрастырып шығарды. Бес тоннаға дейін жүк тиеге болатын бұл көлік сағатына 4 шақырымды ғана бағындыра алатын еді. Көліктің осал жері тежегіші болған. Осының кесірінен бірнеше рет жол апатына ұшырап, нәтижесінде 1771 жылы көлікті шығару тоқталған. Соған қарамастан, Кагноттың көлігі тарихтағы ең алғашқы көлік болып саналады.

Ал жаңармаймен жүретін алғашқы көлікті жасап шығарған – Карл Бенц. Ол 1885 жылы үш дөңгелекті, үш орындықты көлік жасап шығарды. Үш дөңгелекті көлік ыңғайсызыдау болған соң, 1893 жылы қозғалтқышы үш ат күшіне тең төрт дөңгелекті автокөлік ойладап тапты. Ол – Мерседес Бенц көліктерінің атасы, түңғыш шығарушысы.

Қазіргі көліктердің күші 40 аттың күшіне тең.

Тежегіш, қозғалтқыш – көліктің негізгі бөлшектері.

Алпауыт – алып, үлкен.



1. Өздігінен жүретін алғашқы көлікті кім ойладап тапты?
2. Жаңармаймен жүретін алғашқы көлікті жасап шығарған кім?
3. Қалай ойлайсындар, көліктің адамзатқа зиянды жағы бар ма?



Сын есімдер мағынасына қарай 2-ге бөлінеді: 1) сапалық сын есімдер; 2) қатыстық сын есімдер.

Негізгі сын есімдерден жасалып, заттың санын тікелей анықтайтын сын есімнің түрі **сапалық сын есім** деп аталады. Мысалы: *жасыл, қызылт, әдемі, қысқа, т.б.*

Заттың санын басқа сөз таптарының (зат есім, есімдік, етістік, үстеу) қатысы арқылы білдіретін сын есімнің түрі **қатыстық сын есім** деп аталады. Мысалы: *түнгі, таулы, көрікті, алғыр, аяулы, т.б.*

-  2. Мәтіннен сын есімдерді тіркескен зат есімдерімен теріп жазып, мағыналық түрлерін ажыратындар.

Үлгі: қысқа (сапалық сын есім) мерзім.

-  3. Суреттегі көліктегердің атауларын даму реті бойынша орналастырындар. Сын есімдерді қатыстырып, оларға сипаттама жазындар.



-  4. Көлік жасау тарихы туралы ізденип, Карл Бенц туралы қызық мәліметтер жинаңдар.
-  5. Жеңіл көлік түрлеріне сипаттама беріп, кестеге жазындар.

Көлік түрлері	Сипаттама

§54. Қазіргі кездегі автокөлік түрлері

-  1. Мәтінді рөлге беліп оқындар. Сұхбатты жалғастырындар.

Жігіттер, өлемдегі ең күшті көлік қайсы?
Меніңше, «Мазерати».

Ой, ең күштісі «Геленваген» гой. Оның басқару жүйелері де заманауи.

Иә, «Геленваген» сұлу ғой. Бірақ көшпеде жургенге ең қолайлысы «Тойота» емес пе?!

Ал мен тау-тасты аралап, табиғатты тамашалау үшін джип төріздес «Нива» көлігін таңдар едім.

Қазақстанда шыққан көлікті алсақ, еліміздің экономикасына пайдасы тиер еді.

Жігіттер, арманымыз күшті. Бірақ біз өлі баламыз фой. Өскенде қазақша атаумен мәшине шығарайық.

Дұрыс айтасың! Достар, өскенде бір-бірімізді қолдап жүрейік!

Қолдайық! «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер», – деген фой.

- ?
1. Қөліктің тағы қандай түрлерін білесіндер?
 2. Неліктен олардың атаулары қазақ тілінде емес?
 3. Балаларға қандай кеңес айттар едіндер?

2. «Тойота» компаниясының табысы туралы ақпарат жинап, хабарлама дайындаңдар.

Улғи: 1933 жылы «Тойота» компаниясы текстильді фирмадагы көлік департаменті болып құрылды. Тек кейіннен гана автокөлік зауытына айналды...

Сын есімнің екі түрлі шырайы бар: салыстырмалы шырай және күшейтпелі шырай.

Біркелкі сындардың бірінен екіншісінің артық я кемдігін салыстыру арқылы көрсететін шырай түрі **салыстырмалы шырай** деп аталады.

Салыстырмалы шырай жасайтын жұрнақтар 2-ге бөлінеді:

- 1) барлық сапалық сын есімдерге жалғанатын жұрнақтар:
 - -ырак, -ірек, -рақ, -рек: **көбірек, қаттырақ;**
 - -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу: **аласалау, үлкендеу.**
- 2) кейір сапалық сын есімдерге жалғанатын жұрнақтар:
 - -аң, -қай, -ша, -ше: **бозаң, қоңырқай, балаша;**
 - -ғыш, -ілдір: **сарғыш, көгілдір;**
 - -тыл, -қыл, -ғылт, -қылт, -ғылтым, -қылтым; -шыл, -шіл, -шылтым, -шілтім: **сарғылт, ақшыл, ақшылтым.**



- ✓ 3. Сын есімнің салыстырмалы шырай түрін қатыстырып, өздерің білетін екі автокөлікті салыстырыңдар.



4. Суреттегі көлік түрлерін атқаратын қызметіне қарай топтастырыңдар.



5. Сын есімнің салыстырмалы шырай түрін қатыстырып, «Қазіргі кездегі автокөлік түрлері» тақырыбында шағын мәтін жазыңдар.

§55. Су көліктепі



1. Мәтінді оқып, ат қойыңдар. Мәтін мазмұны негізінде сұрақтар құрастырыңдар.

Қайық – көліктің ең ескі түрі. Ертедегі қайықтар ағаштан жасалып, айналымалы ескектің көмегімен жүретін. Ежелгі мысырлықтар шамамен 5 мың жыл бұрын өзенде, теңізде жүзу үшін желкенді пайдаланды. Қытайда жүк тасымалдау үшін желдеткіш тәрізді желкен түрі қолданылған.

Бүгінде кемелер – сауда-саттық, құрылыш және әскери мақсатта адамдар мен тауарларды, т.б. нәрселерді тасымалдау үшін таптырмайтын көлік түрі. Су көліктерінің тұрағы – айлақтар мен теңіз порттары. Кемелерге арналған теңіз маршруттары болады. Олар айлақтарға белгілі кесте бойынша келіп кіреді.

Кеменің сан алуан түрі бар. Олар қызметтеріне қарай: авиатасымалдаушы, жүк кемесі, контейнерлі кеме, сал кеме, күзетші кеме, суасты қанаты бар кеме, реактивті қозғалтқыш орнатылған суасты кемесі, мина тазартушы кеме, мұхит лайнері, жолаушылар кемесі, желкенді кеме, сұңгуір кеме, зерттеу жұмыстарына арналған кеме болып бөлінеді. Осылардың қай-қайсысын да суда көріп қалуымыз әбден мумкін.



1. Кеменің қандай түрлері бар?
2. Қалай ойлайсыңдар, неліктен біздің елімізде су көліктері көп пайдаланылмайды?



2. «Ақтау теңіз сауда портын кеңейту» (<https://vimeo.com/826175350>) бейнежазбасын тамашалап, өз сөздеріңмен айтып беріңдер.



3. Ақтау порты және ондағы су көлігінің түрлері туралы зерттеу жұмысын дайындал, топ алдында корғаңдар.

Улғи:

Еліміз өз портын жаңадан құрды. Онда қазіргі заманғы танкерлер, өздігінен жүретін баржалар, мұзжарғыш бұксирлер бар. Елдің басты «теңіз қақпасы» – қатпайтын Ақтау сауда порты...



4. Ізденимдік тапсырмадағы жинаған мәліметтеріңің негізінде «Қазақстандағы портты қала және ондағы су көліктері» деген тақырыпта шағын мәтін жазыңдар. Сын есімдерді тұлғасына, мағынасына, құрамына қарай талдаңдар.



5. Өлемді кемемен аралап, қай мемлекеттерге, қай қалаларға барғыларың келеді? Сол елге барғанда қажет болатын 5 сөзді ұсыныңдар. Олардың орыс және ағылшын тіліндегі баламаларын жазыңдар.



6. Мақал-мәтел, тұрақты тіркес, жұмбақтар қатарын толықтырыңдар.

Мақал-мәтел	Тұрақты тіркес	Жұмбақ
Екі кеменің құйрығын ұстаган суға кетеді.	Салы суға кету.	Жүрсе – ізі жоқ, Сойса – қаны жоқ.

§56. Әуе көліктепері



1. Мәтінді оқып, мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырыңдар.

Ұшақ қалай пайда болды?

Өзге құралдар сияқты ұшақтар да өздігінен пайда болған жоқ. Ұзақ ізденистің, ерен еңбектің арқасында алғашқы ұшақты жасап, ұшырып, тәжірибе жасаған – өнертапқыш ағайындылар Уилбур мен Орвилл Райттар.

Геликоптер – тікүшақтың ағылшын тіліндегі атаяуы.



Райттарға ұшақ ойлап шығаруға «геликоптер» деп аталатын ойыншық ой салған. Олардың әкесі – Мильтон Райт 1878 жылдың көктемінде іссапардан келе жатып, дүкеннен балаларына ойыншық алмақшы болады. Дүкенде бұрын-сонды көрмеген ойыншыққа көзі түседі. Бұрамасын бұраса, ызындаған дыбыс шығарып, тірі жәндік сияқты аспанға ұшады. Ойыншықты сатып алғып, екі ұлына апарады. Ерекше ойыншықтың құны да арзан емес еді. Елу центке жаңа жейде мен сырты

қапталған дүға кітабын сатып алуға болатын. Күні бойы ойнаған балалар оны сындырып алады. Қымбат ойыншықты сындырғанға әкесі ұрсады. Ағайындылар геликоптердің қалай жасалғанын көру үшін ішін ашады. Уилбур мен Орвилл Райттардың ұшатын құрылғы жасауына осы зат ойтұрткі болады.



Біркелкі сындардың бірінің екіншісінен не өте артық, не өте кем екендігін көрсететін шырай түрі **қүшейтпелі шырай** деп аталады.

Күшейтпелі шырай 2 жолмен жасалады:

- 1) сапалық сын есімдердің алдына қүшейткіш буындардың үстелуі арқылы: *білбійк, ұп-ұзын, қып-қызыл, т.б.;*
- 2) сапалық сын есімдерге *өте, тым, аса, ең, тіпті, нағыз, орасан* сияқты қүшеткіш үстеулердің тіркесуі арқылы жасалады: *өте құшті, тым бійк, т.б.*

- ✓ 2. Қазіргі заманғы ұшақтарды сипаттайтын сын есімдерді тауып, оларды қүшетпелі шырай формасында түрлендіріп жазыңдар.

Улғи: ұлken – тым ұлken, үп-ұлken.

- 🔍 3. Жолаушылар тасымалдайтын «Airbus A380» ұшағы туралы мәлімет жинап, жолаушыларға жарнама жасаңдар.

Улғи: «Airbus A380» – әлемдегі жолауши тасымалдаитын ең ұлken ұшақ. Ұшақ 15 мың километрден де алыс қашықтықта ешқандай аялдамасыз жеткізеді. Бұл алыпты құрастыру үшін «Airbus S.A.S.» компаниясының он жыл уақыты кеткен...

- 📝 4. Өде көліктеріне сипаттама беріп, кестеге жазыңдар.

Өде көліктерінің түрлері	Менің сипаттауым

- 🏠 5. Суреттегі құс пен ұшақты байланыстырып, «Адамзат қиялы – шындық» тақырыбында эссе жазыңдар.



§57. Жол қозғалысына қатысушылар

1. Мәтінді рөлге бөліп оқындар.

Рақымның жауабы

Рақым қызырып кетті. Құлім қаққан жүзі кенет сұрланып:

– Сен қызығаншақсың, ішің күйсе, тұз жала! – деді.

– Тұзыңды өзің жала, мақтаншақ! – дедім ашуым келіп. – Өуелі көшеде қалай жүруді де білмейсің сен.

– Білемін! – деді ол сенімді түрде.

– Білмейсің! – дедім мен.

– Білемін! – деді ол тағы да.

– Білгіш болсаң, айтшы, көше мүйісінен қалай өтесің?

– Қалай өтейін, көшениң ортасына барғанша сол жағына қараймын, соナン соң оң жағыма... – деп, жауап беріп жатыр еді, сыныпқа мұғалім кіріп, таласмызыз аяқталмай қалды.

(Нәсіреддин Сералиев)

1. Рақым дұрыс айтып жатыр ма?

2. Рақымның орнында болсандар, қалай жауап берер едіңдер?

2. «Жол белгілері мен таңбалары» туралы бейнеказбаны (www.youtube.com/watch?v=uXi90N17XmQ) көріп, жол ережелерін сақтаудың маңызын түсіндіріңдер.


3. Өлеңді мәнерлеп оқындар. Ережелерді өлең жолынан қалыпты сөйлемге айналдырып жазындар.

Реттеуші

Ала таяқ қолында,
Айтары көп оның да.
Не істеу керек тұрса егер
Реттеуші жолында.

Тік көтерсе таяқты,
Баспа алға аяқты.
Бағдаршамның бұл белгі
Сары шамы сияқты.

Кеудесімен бұрылса,
Қарап саған бетпе-бет.
Тұрганы оның ұғынсаң:
«Жолды жаптым, өтпе!» деп.



Арқа жағын қаратса,
Өтіп кетпе аңғармай.
Бағдаршамның бұл белгі
Қызыл түсі жанғандай,

Оң иық не сол иық
Бұрылғанда сен жаққа.
Тұрып қалма мөлип,
Алға қарай тез атта.

Реттеуші бұрылды,
Бір қырындаң тік тұрып.
Жасыл жанды дегенді
Жүргіншіге ұқтырып.

Реттеуші бар көшеге
ТАП болса егер кімде-кім.
Тек сол берген белгіге
Көну – оның міндеті.

(*erketai.kz/balalarga/balalardin-olenderi/jol-erejeleri*)

- 
4. «Еркін микрофон» әдісімен жол қозғалысына қатысуышылардың арасында сұхбат жүргізіндер.
 5. Сұхбат мәтінін жазындар. Онда сын есімнің шырай түрлерінің болуын ескеріндер.
 6. Сын есімдерді қатыстырып, оқылым мәтініндегі кейіпкерге хат жазындар.
- 
- 

§58. Жол белгілерін білеміз бе?

- 
1. Мәтінді оқып, ат қойындар. Мәтін мазмұны негізінде сұрақтар құрастырындар.

I

Жол белгілері – көлік қозғалысын реттеп, көлік жүргізуші мен жаяу жүргіншіге ақпарат беру мақсатында жол бойына қойылатын арнайы белгілер.

- Жол белгілері 7 топқа бөлінеді:
- 1) ескерту белгілері;
 - 2) басымдылық белгілері;
 - 3) тыйым салу белгілері;
 - 4) міндеттеу белгілері;
 - 5) ақпараттық-көрсеткіш белгілері;
 - 6) қызмет көрсету белгілері;
 - 7) қосымша тақтайшалар.

II

Қиылышта, жол шетінде, бұрышта
Тұрлі-тұрлі белгілер бар тұратын.
Жүресің бе, жүрмегенің дұрыс па?
Не істей керек? Соган қарап ұғасың.
Қызыл шеңбер ішіндегі таңбалар
Әлденеге қатаң тыйым салады.

Өмірінді қорғауға олар арналар,
Білмеген жан өкінішке қалады.
 «Мына жерге кірмегенің жән», – дейді,
 «Мына жермен жүрмегенің жән», – дейді.
 «Кері бұрыл, тоқтама не бұрылма,
Сонда саған ешбір қауіп төнбейді».
 Белгілердің мәнін білу – мықты күш,
 Келесіци – шеті қызыл үшбұрыш.
 Бұл белгілер ескертеді, біліп ал, Көңіл бөлмей өтіп кетпе тып-тыныш.
 Қыылыс па, бұрылыс па алдыңда,
 Теміржолға таяп әлде қалдың ба?
 Өзен бар ма, көпір бар ма, ор бар ма?
 Мекені ме жабайы аң мен малдың да?
 Соның берін біліп ал да, абаў бол,
 Сенің аман жүргенінді қалайды ол.
 Белгілердің сырын еске сақтап ал,
 Болашақта жүресің ғой талай жол.

(<http://erketai.kz/balalarga/jol-erejeleri/>)



1. Қандай тұстерьмен боялған жол белгілерін білесіңдер?
2. Не себепті олардың тұстери әртүрлі?
3. Қай жол белгілері жиі кездеседі?



2. Денгейлік тапсырманы орындаңдар.
 1-денгей. Бірінші және екінші мәтіндегі жол белгілерін сәйкестендіріп жазыңдар.
 2-денгей. Мәтіндерде баяндалған жол белгілерін суреттен көрсетіңдер.



3-денгей. Сын есімді қатыстырып, өздерің жақсы билетін жол белгісін сипаттап, шағын мәтін жазыңдар.



3. Жол белгісінде қандай түс жоқ? Олар неліктен алынбаған деп ойлайсындар? Пікірталас жүргізіп, қорытынды жасаңдар.
4. Салыстырмалы шырай формасындағы сын есімдерді пайдаланып, өздерің бұрын байқамаған жол белгісіне сипаттама мәтін жазыңдар.



§59. Қоғамдық көлік атаулары



1. Жұмбакты шешіп, бүгінгі сабактың тақырыбына болжам жасаңдар.

Жүйткіген дәу күйінде
«Жүйрік», – деп ел сүйсінді.
Тас жолда жүртты тасып жүр,
Жылдамдыққа басып жүр.



2. Мәтінді оқып, қоғамдық көлікке анықтама құрастырыңдар.

Қоғамдық көліктің қызметін күнделікті пайдаланамыз: онымен жұмысқа баралық, үйге қайтамыз. Қарапайым халықтың көшпілігі базар мен дүкен аралағанда автобустармен жүреді. Қала тұрғындарының тіршілігі автотранспортпен байланысты.

Автобус, троллейбус, трамвай және метро ең көп пайдаланылатын көлік түрлеріне жатады. Бұдан өзге аспан әлемін шарлайтын үшақ, көк теңізде еркін қалқитын кеме, жер жүзін тіліп өтетін пойыз да адамзатқа қызмет етеді.



1. Қоғамдық көлік не үшін қажет деп ойлайсындар?
2. Мәтіндегі қоғамдық көлік түрлерінің қайсысын көбірек пайдаланасындар?
3. Өз қалаларында қоғамдық көліктің қай түрі жи кездеседі?



3. Сын есімнің шырайларын қатыстырып, өздеріңе ұнайтын қоғамдық көлікке сипаттама жазыңдар.



4. «Қоғамдық көлікте жүру әдебі» туралы бейнежазбаны (<http://kaztrk.kz/news/articles/qogamdyq-kolikte-zhuru-adebi-video-3426>) мүқият тындалап, пікір алмасындар.
5. Тындалым мәтініне сүйене отырып, бастауыш сынып оқушысына қоғамдық көлікте өзін қалай ұстау керек екендігі жөнінде хат жазыңдар. Хатта шырай формасындағы сын есімдерді пайдаланыңдар.



- 6.** Қоғамдық көліктегі жолаушылар үстанатын ережелердің дұрыс не бұрыс екенін анықтап, кестеге жазыңдар.

Ережелер	Дұрыс	Бұрыс
Жасы үлкен кісілерге орын беру керек.		
Көлік ішінде үялды телефонмен немесе қасындағы достарыңмен айғай-лап сөйлесуге болады.		
Ауыр заты бар немесе балалы қісілерге мініп-түсуге көмектескен жөн.		
Көлік ішінде әрі-бері жүгіруге болады.		
Көлік терезесінен басынды шығаруға болады.		
Көлік ішінде тамақ, балмұздақ жеген дұрыс емес.		
Жүргізушімен сөйлесіп, оны аландатуға болады.		
Көліктегі аяқ киімінді тазалап, киімдерінді қаққаның әдепсіздік болып саналады.		
Қоғамдық көліктегі әрдайым мәдениетті, өзара сырпайы болған жөн.		



Тілімізде қолданылатын қоғамдық көлік атауларының бәрі өзге тілден енген. Мысалы, автобус (көне грек. *autos* – «өзі» және латын. *bus* – «бәріне»), трамвай (ағылш. *tram* – «вагон» және *way* – «жол»), троллейбус (ағылш. *trolley* – «түйіспелі сым» және *bus*), сондай-ақ метро немесе метрополитен (фр. *metropolitain* – «астаналық») – барлығы да кірме сөздер. Түрік тілінде мәши-нені «араба» деп атайды. Бұл сөз біздің тіліміздегі «арба» сөзімен сәйкес келеді.



- 7.** Фаламтор мен қосымша әдебиеттерден мәлімет жинап, Алматы метрополитені туралы қорытынды мәтін жазыңдар.



VIII АДАМНЫҢ СЫРТ КЕЛБЕТІ МЕН МІНЕЗІ

§60. Бала Абай



1. М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан (<http://kitap.kz/audiobook/2087-abai/2087-abai>). I том, 5-бөлім, 26.27 минутынан 29.00 минутына дейін) үзінді тыңдал, бала Абайдың неге қызыққанын анықтаңдар.
2. Мәтінді түсініп оқындар. Үзіндіге қандай тақырып қоюға болады?


Биыл Абайдың жасы он үшке толған еді. Денесі де бір аралық кейіпте. Бойы өскен. Қол-аяғы ұзарған. Бұрын мұрны шолақтау болушы еді, биыл біраз ұзарып қалыпты. Бет-бейнесі баладан гөрі ірілеңкіреп, бозбалалық қалпына бейімделген. Бірақ әлі сол мұсінде, ұлкендік жоқ. Толық, балын емес. Сидиып, арықтап, құр созылған сияқты. Құн көрмей өскен реңі солғын, бойшаңғана өсімдік бейнелес.

Бұрын қара болушы еді, бетінің қызылы да бар еді. Қазірде қаладан қайтқандық және ауру қосылғандық бар ма, әйтеуір, бозғылданған.

Сүйіктай қоңыр шашының арасынан бас қүйқасы да қылаңданып көрінеді. О да ауырғандық пен құн көзінде болмағандықтың белгісі.

Абайдың осы сияқты қалпына ендігі мінез машиғы да бір алуан боп өзінше үйлесті.

(*Мұхтар Әуезов*)



Сидиып – арықтап ұзарған.
Бас қүйқасы – бас терісі.
Сүйік шаш – жұка, сирек шаш.



1. Бала Абайдың кескін-келбетін көз алдарыңа қалай елестетесіндер?
2. «Балғын», «солғын» сөздерінің мағыналарын түсіндіріңдер.
3. Мәтіндегі сипаттау мәніндегі сөздер мен сөз тіркестерін анықтап, оларды синонимдермен ауыстырыңдар. Кестені толтырыңдар.

Сипаттау мәніндегі сөздер мен сөз тіркестері	Білдіретін мағыналары
денесі де бір аралық кейіпте	денесі орташа



Заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, қанша? неше? нешеву? нешиші? сұрақтарына жауп беретін сөз табы **сан есім** деп аталады.

Сан есімдер құрамына қарай 2-ге бөлінеді: 1) дара сан есімдер; 2) күрделі сан есімдер. **Дара сан есімдер** бір түбірден құралады. Мысалы: *он, үш, мың, жұз, ондаған, сегізінші, жетеу*, т.б.

Екі я одан да көп түбірдің тіркесінен немесе қосарлануынан жасалған сан есім **күрделі сан есім** деп аталады. Мысалы: *үш мың тоғыз жұз елу алты, жұз қаралы, оннан бір, бір-бірден, үш-төрт*, т.б.



- Оқылым және тыңдалым мәтіндерінен сан есімдерді тауып, құрамына қарай ажыратындар.


Дара сан есімдер	Күрделі сан есімдер



- Адамның жас мөлшері турагынан сан есімдер қатысқан мақал-мөтелдер жазып, құрамына қарай талдандар.



- Мәтінді негізге ала отырып, бала Абайдың портретін өз сөздеріңмен «Кластер» өдісі арқылы топтастырып жазындар.



- Абайдың адамның сырт келбеті мен оның бойындағы қасиеттері турагы «Он сегізінші қарасөзін» оқып, өз пікірлеріңмен толықтырындар.

§61. Бағып-қағуда көп мағына бар



- Мәтінді рөлге бөліп оқындар. Негізгі ойды анықтаңдар.

Бақша ағаштары

Жаздың бір әдемі күнінде таңертең бір тере өзінің баласымен бақшага барып, екеуі

Фибрат – өнеге.
Түзік кісі – тәрбиелі кісі.



егілген ағаштар менен гүл жапырақтарын көріп жүрді.

– Мынау ағаш неліктен тіп-тік, анау біреуі неге қисық біткен? – дед сұрады баласы.

– Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қатумен өсірген, қисық бұтақтары болса кесіп. Мынау ағаш бағусыз, өзі шығу қалыбымен өскен, – деді атасы.

– Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен фой, – деді баласы.

– Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырафым. Мұнан сен де өзіңе ғибрат алсаң болады: сен жас ағашсың, саған да күтім керек, мен сениң қате істерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсөң, жақсы, түзік кісі болып өсерсің; бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, – деді.



(ІІбырай Алтынсарин)

1. Бала мінезінің қалыптасуына отбасында берілетін тәлім-тәрбиенің қандай маңызы бар?
2. «Мен сениң қате істерінді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсөң, жақсы, түзік кісі болып өсерсің? бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, – деді.
3. «Бағусыз бетімен кету» дегенді қалай түсінесіндер? Өз сөздеріңмен айтып беріңдер.

2. «Қоңыр» тобының орындаудағы «Бесік жырын» (<https://vimeo.com/826175416>) тыңдау, балаға алғашқы тәрбие бесік жырымен берілетіні туралы ой түйіндер. Баланың «Бесік жырын» естіп өсуі қаншалықты маңызды?

Сан есімдер мағынасына қарай 6 түрге бөлінеді: есептік сан есім, реттік сан есім, болжалдық сан есім, топтау сан есім, жинақтық сан есім, бөлшектік сан есім.

Есептік сан есім заттың нақтылы санын білдіріп, қанша? неше? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: бес, он екі, жүз, жылорма сегіз, тоғыз жүз бір, т.б. Есептік сан есімдердің дара түрі де, күрделі түрі де сан есімнің басқа мағыналық түрлерін жасауға негіз болады.

3. Мәтіннен тірек сөздерді анықтап, оларды есептік сан есімдермен тіркестіріп жазыңдар.

Тірек сөздер	Есептік сан есіммен тіркестіру
Ағаш	Бір ағаш



4. Оқылым мәтініндегі сан есімдерді анықтап, қурамына қарай талдаңдар. Сан есімнің басқа мағыналық түрлерін жасауға негіз болған есептік сан есімдерді анықтаңдар.



5. «Еркін микрофон» өдісімен «Тәрбиедегі үлкендердің рөлі» тақырыбында сұхбат жүргізіндер.

Үлгі:

– Адамның жақсы болып өсуіне отбасындағы, айналасындағы адамдардың ықпалы зор деп ойлаймын. Сен мұнымен келісесің бе?

– Әрине, «Ұяда не көрсөн, үшіншанды соны ілерсің», – деген гой. Менің ең басты тәрбиешім – атам.

– Ал мені әжем тәрбиеледі. Ол кісі – шебер ертегіши. Ертегілерден көп өнеге алуға болады.



6. Қосымша әдебиеттерден тәлім-тәрбиеге байланысты мақал-мәтелдерді тауып жазып, қурамындағы сан атауларын есептік сан есімдерге айналдырыңдар.

§62. Асыл қасиет



1. Адам бойындағы жақсы қасиеттер көрініс беретін жағдайларға мысалдар келтіре отырып, сұхбат құрындар.



2. Мәтінді түсініп оқындар. Әңгімеге басқаша қандай тақырып қояр едіндер? Асыл қасиетке тағы қандай қасиеттерді жатқызар едіндер? Ойла-рынды дәлелдендер.

Асыл шөп

Зылиха мен Бәтима деген екі қызы бала төбесіне бір-бір жәшік жеміс көтеріп, қалаға келе жатыпты. Зылиха ахілеп-үхілеп: «Шаршадым!» – деп, Бәтима күліп, әзілдесіп келе жатады. Сонда Зылиха айтты:

– Сен неге мәз болып қуанып келесің, тәбендегі жәшіктің ауырлығы да менің басымдағыдан кем емес, өзің де менен күшті емессің?



– Мен жәшігімнің ішіне ауырды жеңілдететін бір шөп салдым, – деді Бәтима.

– Әй, ондай болса, шебінің атын айтшы, мен де ауырлықты жеңілдетеїн, – деді Зылиха.

– Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын, аты – «сабыр» деген, – деді.

(*Бібырай Алтынсарин*)



1. Өңгімеге неге «Асыл шөп» деген тақырып қойылғанын түсіндіріңдер.
2. Өңгімеде адам бойындағы қандай асыл қасиет дәріптелетінін айқындал, ойларың мен бөлісіндер.
3. Бәтима неге: «Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын», – дейді?



3. Генри Фордтың табысқа жету жолындағы табандылығы мен шыдамдылығы туралы өңгімені (18. mp3) тыңдандар. Оқылым мәтінімен ортақ ойды табындар.



Реттік сан есім заттың саналу ретін білдіріп, *нешінші?* деген сұраққа жауап береді. Реттік сан есімдер есептік сан есімдерге, егер олар дауысты дыбысқа бітсе, -ны, -нші, ал дауыссызға аяқталса, -ыны, -іни жүрнақтары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *бір-інші, тоғыз-ыны, екі-нші, алты-ны, жұз отыз бес-інші*, т.б.

Реттік сан есімдер цифрмен берілсе, тәмендегідей жазылады.

1. Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе, -ны, -нші, -иши, -нші жүрнақтарының орнына дефис (-) қойылады. Мысалы: Сен биыл 6-сыныпқа барасың. Асхана мектептің 1-қабатында орналасқан.
2. Реттік сан есімдер рим цифрымен берілсе, жүрнақтың орнына дефис қойылмайды. Мысалы: «Абай жолы» романының II томы, I жүлделі орын, т.б.
3. Жыл, ай аттарының алдынан келген сан есімдер араб цифрымен берілсе де, олардан кейін дефис қойылмайды. Мысалы: 2016 жылы Рио де Жанейро қаласында жазғы олимпиада ойындары өтті.



4. Оқылым және тыңдалым мәтіндерінен сан есімдерді теріп жазып, құрамы мен мағынасына қарай ажыратындар.
5. Абайдың 19-қарасөзін түсініп оқып, ондағы негізгі ойды реттік сан есімдерді пайдалана отырып жазындар.

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, үстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі де есті болады.



6. Адам бойындағы асыл қасиеттер туралы мақал-мәтел мен қанатты сөздерді жазып, «Т кестесі» бойынша магынасын түсіндіріңдер.

Мақал-мәтелдер	Магынасы




7. «Менің досымның асыл қасиеті» тақырыбында шағын эссе (сөз саны – 40) жазыңдар.

§63. Уәдеге адалдық



1. С.Бегалиннің «Бала Шоқан» әңгімесінен (http://www.ikitap.kz/index.php/catalog/audiobook/2364-bota_bala_wokan) үзінді (1-бөлімнің 01.15 минутынан 03.22 минутына дейін) тыңдандар. Суретте шығарманың қай сөті бейнеленген?



2. Үзінділерді оқып, тақырып қойыңдар. Себебін түсіндіріңдер.

|

Әкелерімен қабаттаса атқа мінген Шоқан, кешегі Мысыққа айтқан уәдесі бойынша, құдық басына тартты. Шыңғыс баласының жалғыз кетіп бара жатқанын көріп, шақырып алды.

- Сен жалғыз қайда бара жатырсың? – деп себебін сұрады.
- Атеке, кеше Мысыққа, өлгі мұсінші балаға, келем деп уәде бергем. Соған барам.
- Кейін-ақ бармайсың ба, немене, ол бір жаққа кетіп қалар деп пе едің? – деген әке сөзіне:

– Үәде айтып, артынан алдасам, ұят болады ғой. Бұдан былай ол менің сөзімे сенбейді ғой, – деді.

Шыңғыс Шоқанға ойланған қарады да:

– Ә, жарайды, бар. Екі айтпаған жақсы, – деді.

Шыңғыстың өнінде баласына іштей разыланған ажар бар еді.

II

Шоқан қүйғыта шауып құдық басына келгенде, Мысық алдынан қарсы шықты. Ол қолына ұстаган жаңа мұсіндерін жоғары көтере көрсетті:

– Міне, Шоқан, істеп қойдым. Мен сені келмей қалар деп ем!..

– Жоқ, мен айттым ғой «келемін» деп, неге келмеймін?! Үәде етпеу керек, үәде еттің – орында. Міне, сен де кеше үәде еттің, айттың, орындал, тосып отырысң, – деп, Шоқан досына өзінің әдетін түсіндірді.

Мысық бұл жолы құстың (қаршығаның) тұлғасын бейнелепті және пәуеске арбаның бейнесін жасапты.

Жаңадан көргенін, жаңа нәрсені тез танығыш Мысықтың зеректігі Шоқанға сондай ұнады.

(Сапарғали Бегалин)



1. Бала Шоқанның бойындағы қандай қасиет ұнады? Неге?
2. «Үәдеге адалдық» дегенді қалай түсінесіндер? Осындағы қасиетті қай сыйыптаста-рыңың бойынан байқадындар? Әңгімелеп беріндер.



Жинақтық сан есім заттың жинақталған санын білдіріп, нешеу? деген сұраққа жауап береді. Жинақтық сан есім бірден жетіге дейінгі есептік сан есімдерге -ay, -ey жүрнақтары жалғану арқылы жасалады: *birey, ekeu, ysheu, tərmetey, beseu, altau, jetey*.

Жинақтық сан есімдер әдетте зат есімдермен тіркеспей жеке қолданылады да, заттанып тұрады. Әрі сандық, әрі заттық мағына береді. Мысалы: *Altau ала болса, aуыздагы кетеді. Tərmetey түгел болса, төбедегі келеді*.



3. Сан есімдердің мағыналық түрлерін қолдана отырып, Шоқан мен Мысықтың диалогін қайта құрастырындар.
4. Жинақтық сан есімдерді қатыстыра отырып, тындалым мәтінінің қысқаша мазмұнын жазындар. Жинақтық сан есімдерге сұрақтар қойындар.
5. Оқылым материалын негізге ала отырып, «Үәдеге адалдық» тақырыбында шығарма жазындар. Ең үздік жұмысты «Басбармақ» әдісімен бағалаңдар.
6. «Кейіпкерге хат» әдісін пайдаланып, бала Шоқанға хат жазындар.



§64. Жауынгердің тұлғасы

1. Өңгімені түсініп оқып, оқиғасына сәйкес тақырып қойындар.



Соғыс саябыр тауып тынар емес. Хабар онша қуанышты да емес: екі жақтан да шығын мол...

Бұдан екі апта бұрын полкке тағайындалғанымда: «Өз баталыонымды, от пен суды бірге кешіп, тар жол, тайғақ кешуден, сүм майданның бірнеше құз-қияларынан бірге өткен ерлерімді кімге тапсырамын?» деп көп ойлап, толғанып, сенімді адам іздең, екі күн үйқы көрмestен басымды қатырып, кіші лейтенант Мұхаметқұл Исламқұловқа тоқтап, соны бірінші баталыонның командирі етіп тағайындағанмын. Басқалары бұрынғыдай: әрқайсысы өз орнында.

Мұхаметқұл соғыстан бұрын Қазақстанда газет қызыметкери болып істеген, орта бойлы, кең маңдайлы, жайнаған дөңгелек мөлдір көзді, салтанатты, келбетті жігіт еді. «Тұсі жақсыдан түңілме» дегендейін, табанды, сабырлы, ісін ақылға салып, түбін ойлап істейтін, жүректі командирлеріміздің бірі еді.

(Бауыржан Момышұлы)

Саябыр тауып тынар емес –
бәсендемеді, тынышталмады.
Лейтенант – әскери атақ.
Баталыон – әскери бөлім.

2. Б.Момышұлының «Москва үшін шайқас» романынан (http://kitap.kz/index.php/catalog/audiobook/2148-moskva_uwin_waikas_audio. 17-бөлім: 45-минутынан 48.30-минутына дейін) жауынгерлердің түр-тұлғасын сипаттайтын үзіндіні тыңдаңдар.

- ?
1. Б.Момышұлы туралы қандай кітаптар оқып, кинофильмдер көрдіндер?
 2. Сендердің ойларынша, жауынгердің тұлғасы қандай болуы керек?

3. Жауынгер бейнесі қандай айшықты сөздермен суреттелгенін теріп жазындар.

Мұхаметқұл Исламқұлов

!

Болжалдық сан есімдер заттың санын дәл білдірмей, шамамен болжалдан көрсетеді де, қанша? неше? қай шамалы? қаншадан? сияқты сұрақтарға жауап береді. Болжалдық сан есімдер бірнеше жолмен жасалады.

Жасалу жолдары:

1. Есептік сан есімдерге *-лаган, -леғен, -даған, -деғен, -таған, -теген, -лап, -леп, -дал, -дел, -тап, -теп, -дай, -дей, -тай, -тей* жүргіншілерге жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *мыңдаған, жүздел, сексендей*, т.б.
2. Есептік сан есімдерге көптік жалғауы, оған барыс не жатыс септік жалғаулыры жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *жасы алпыстарда, елуперге келген*, т.б.
3. Есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы жасалады. Мысалы: *алпыс-жетпіс, сексен-тоқсандаій*, т.б.
4. Есептік сан есімдерге *шамалы, шақты, қаралы, таман, тарта, жуық, жақын* сияқты сөздердің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *жүзге тарта, елуге жақын, он шақты, он мыңға жуық*, т.б.




4. Оқылым мәтініндегі сан есімдерді анықтап, болжалдық сан есімнің жасалу жолдары бойынша түрлендіріңдер. Сол сөздерге қатысты мақал-мәтелдер мен жұмбақтар тауып, жазындар.
5. «Түсі иғіден туңілме» деген мақалдың мағынасын түсіндіріп, осы тақырыппен байланыстырып шағын әссе жазындар.
6. «Батыр Бауыржан Момышұлының келбеті» тақырыбында ойтолғау жазындар.



§65. Эке – балаға сыйншы



1. Атақты актер, режиссёр Асанәлі Әшімовтің ұлы – актер Саги Әшімовтің газетке берген сұхбатынан үзіндіні оқындар. Негізгі ойды анықтаңдар.



Режиссер – фильмді қоюшы адам
Эпизод – үзінді, белім.



Жан дүнием әкемнен айнымай қалған

Әкем – өте қатал режиссер. Ол республикада алғашқы болып көпсериялды «Шоқан Үәлиханов» фильмін түсірді. Тәжірибелінің аздығына қарамастан, мен сол фильмде басты рөлде ойнадым.


Бірде ол кезекті эпизодтан кейін: «Мен тәуекелге барып, осындағы қызың қойылымға сені басты рөлге таңдадым. Бекер болған екен. Сенен ештеңе шықпайды!» – деп қатты ашуланды да, түсірушілерді ертіп кетіп қалды.

Мен киіз үйде жалғыз қалдым. Жанымды қоярға жер таппай, кейлегімнің дал-далын шығарып жыртып, түні бойы намыстан өртеніп кете жаздал, жылаумен болдым.

Таңтертең әкемнің «Сағи» деп айғайлаған даусынан оянып кеттім. Әбден қалжырап шаршағанмын, қарным ашып барады, екі көзім қып-қызыл.

Кенет әкем: «Тұсіру алаңын дайындаңдар! Науқас Шоқанды тұсіреміз!» – деп айқайлап жіберді. Сол күні кекірек ауруымен ауыр хал үстінде жүрген Шоқанды шынайы тұсіру үшін бірнеше мәрте тауға жүгіртіп шығарды. Сол жолы менің әбден шаршаңқы, үрейлі жүзімді көрген бір кісінің: «Асеке, мынау, шынымен, сіздің балаңыз ба?» – деп таңғалғаны бар.

(Асанәлі Әшімов «Жан бөлек...»)



1. Асанәлі Әшімов туралы не білесіңдер? Ол қандай рөлдерді сомдаған? Қандай фильмдер тұсірген?
2. Сағи Әшімов туралы не білесіңдер? Ол қандай фильмдерге түскен?
3. Сағи режиссер әкесінің сенімінен шыға алды ма?
4. Мәтіннен Сағидың бойындағы қандай қасиеттерді байқадыңдар?

2. Мұқағали Мақатаевтың әке туралы өлеңін (19. тр3) тындандар. Оқылым мәтінімен салыстырып, екеуіндегі ортақ пікірді анықтаңдар.

Топтау сан есімдері заттың санын жекелеп емес, топтап көрсетеді де, **нешeden? қаншадан?** деген сұрақтарға жауап береді. Топтау сан есімдері дара сан есімдер мен қосарлану жолымен жасалған күрделі сан есімдерге шығыс септік жалғауы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: **ұштен, жұз елуден, жиырматызыдан, бес-бестен, бес-алтыдан, т.б.**

3. Берілген сан есімдерден топтау сан есімдерін жасап, олардан сейлем құрастырыңдар.

Бес-алты, елу, төрт-төрт, үш, тоғыз, қырық-елу.

4. Энциклопедиялар мен ғаламтордан ізденіп, танымал тұлғалар (әкесі мен баласы) туралы материал жинақтаңдар.

5. Ізденімдік тапсырмадағы мәліметтерді пайдаланып, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді қатыстырып, «Әке – балаға сыншы» атты шағын мәтін жазыңдар.

6. Өздерің қалаған кісімен сұхбат жүргізіп, оның өміріндегі әкесінің орны туралы жазыңдар.

§66. Әлін білмеген әлек



1. «Өгіз бер бақа» мысалын түсініп оқындар. Иллюстрацияға қарап, өгіз бер бақанын түртүлгасы мен дene көлемін салыстырындар.

Өгіз бер бақа

Бір өгіз айдын шалқар көлге келді,
Жағалап суаты бар жерге келді.
Шілденің сарша тамыз ыстық кезі,
Бек қатты қаны қашып шөлдеп еді.

Су ішіп, көлдің шықты жағасына,
Мал еді көз толатын қарасына.
Артықша бір көлбақа күншіл екен
Сол көлдің бақасының арасында.


Өгізді суға тойған бақа көрді,
Секіріп көршісіне жетіп келді.
«Боламын мен де сонау өгіздей», – деп,
Жел тартып, ісіп-кеуіп, қарнын керді.

Сұрады жолдасынан: «Толдым ба?» – деп,
«Өгіздей анау тұрған болдым ба?» – деп.
Өгіз бер екеуіне қарап тұрып,
Жолдасы жауап берді сонда бүй деп:

«Өгіздей болу саган қайды, шырақ?!
Араңыз екеуініздің тым-ақ жырақ.
Онымен бірдей болып толмақ түгіл,
Қалпыңнан асқан жоқсың артығырақ».

«Карашы, енді қандай болдым?» – деді,
«Міне, мен жана әбден толдым», – деді.
Жолдасы тағы қарап денесіне:
«Қалпында қараң менен формын», – деді.

Дүниеде мұнан күншіл кем-ді бақа,
Зорланды қарнын керіп енді бақа.
Шыдамай жүқа қарын керуіне,
Жарылышп сол арада өлді бақа.



Сарша тамыз – жазғы ыстық кетіп, жеміс-жидек пісетін кез.
Күншіл, құндеу – қызғану, кере алмау.
Керу – созу.

Күнәсі күндеғенниң жаман қатты,
Күндеңе біреуге Алла берген бақты.
Өгізді күнде, «Сондай боламын», – деп,
Көлбақа онан қанша пайда тапты?!

Әуелде Құдай өлшеп берген дене
Қаншама зорлағанмен артылмапты.
Нақыл сөз «Әлін білмес әлек» деген
Осындай әуре болған жаңнан қапты.

(Ахмет Байтұрсынұлы)



- Мысалда қандай ғибрат айтылғанын айқында, өзара ой бөлісіндер.
- Даңғойлық пен мақтаншақтық иғі іске апармайтынын түсіндіріп, сұхбат қураңдар.



Бөлшектік сан есімдер заттың бөлшектік санын білдіреді. Бөлшектік сан есімдер жай бөлшек және ондық бөлшек болып екі түрде қолданылады. Жай бөлшектеке сан есімнің бөлімі шығыс я ілік септікте, алымы тәуелдік тұлғада жұмсалады. Кейде тәуелдік жалғауы түсіріліп те айтылады. Мысалы: *екіден бірі* (2/1), *жүздің екісі* (100/2), т.б. Ондық бөлшек *екі бүтін оннан бес* (2,5), *екі бүтін жүзден бес* (2,05) түрінде беріледі. Сол сияқты бөлшектік сан есімдер есептік сан есімдерге жарты, жарым, ширек сөздерінің тіркесіп келуі арқылы да жасалады. Мысалы: *бес жарым, үш ширек, онның жартысы*, т.б.



- Бөлшектік сан есімдерді қолдана отырып, өгіз бен бақаны салыстырыңдар. Өлшемдері әртүрлі нысандарды салыстыру арқылы бөлшектік сан есімге бірнеше мысал келтіріндер.
- Оқылым мәтінінен тірек сөздерді анықтаңдар. Оларды сан есімдермен тіркестіріп, сөйлемдер қураңдар.




Tірек сөздер	Сөз тіркестері	Сөйлемдер
Өгіз	Бір өгіз	Бір өгіз айдын шалқар көлге келді.

4. «Әлін білмеген әлек» мәтелінің мағынасын түсіндіріп, осы тақырыппен байланыстырып шағын эссе жазыңдар.

5. Мақтаншақтық пен даңғойлықтың зияны туралы қанатты сөздерді жинақтап, мағынасын түсіндіріндер.

§67. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен!

1. Суреттерде адам бойында кездесетін қандай жағымсыз әдептер бейнеленгенін атаңдар. Жақсы мен жаман туралы сұхбат құрындар.



2. Өңгімені түсініп оқып, тақырып қойындар. Баланың жаман әдептен бас тартуының себебін анықтаңдар.

...Шылым шегіп әдептеген балаға ешбір сөз әсер етпей қойған. Бірде әкесі оның қияллына әсер етуді ойлады. Ол баласына мынадай әңгіме айтады: «Көрі патшаның патшалыққа мұрагер болатын жалғыз ғана ұлы болыпты, өзі дәл сен сияқты кішкентай бала екен. Өзі жақсы бала екен. Еш уақытта екпелемейді, ерте жатады, үстелдегі нәрселерге тимейді екен. Өзі ақылды болыпты. Оныңбір ғана кемшілігі бар: шылым шегеді екен... Патшаның баласы шылымнан көкірек ауру болып, жиырма жасында өліпті. Қаусаған ауру шал ешбір қолғанатсыз қалыпты. Мемлекетті басқарып, сарайды қорғайтын ешкім болмапты. Жау келіп, шалды өлтіріп, сарайды қиаратып тастапты. Сонымен енді бақша да, шие де, құстар да, қоңыраулар да қалмаған».

Мұрагер – әке-шешесінің мал-мұлкінің иегері.

Қолғанат – көмектесетін жәрдемші.

Эмоциялы әсерге толы осы әңгіменің оған күшті әсер еткендігі сонша – бала қараңғы терезеге ойланып сөл қарап отырып, селк етті де, мұнайған дауыспен:

– Мен енді шылым тартпаймын... – деді.

(Антон Чехов)

3. «Темекінің зияны» атты бейнежазбамен (<https://www.youtube.com/watch?v=VffcKOAg7aE>) танысындар. Пікірлерінді ортаға салындар.



Сан есімнің емлесі

1. Күрделі сан есімнің әр сыңары бөлек жазылады. Мысалы: жүз, *бір*, жиырма *екінші*, *екі мың он жеті*, т.б.
2. Цифрмен таңбаланатын дара және күрделі сан есімдерге жалғанатын жалғаулар дефис арқылы жазылады. Мысалы: *5-ке бөлді*, *30-дан 31-ге қарады*, т.б.
3. Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе, *-ыны*, *-інші*, *-ни*, *-нші* жүрнақтарының орнына дефис (-) жазылады, рим цифрымен берілсе, дефис қойылмайды. Мысалы: *5-сынып*, *XXI ғасыр*, т.б.
4. *Екі, алты, жеті* сандарына жинақтық сан есімнің *-ау*, *-еу* жүрнақтары жалғанғанда, түбірдің соңындағы *-ы*, *-и* дыбыстары түсіп қалады. Мысалы: *екеу, алтау, жетеу*.
5. Болжалдық сан есімдер цифрмен жазылғанда, оларға жалғанатын қосымшалар дефис арқылы жазылады. Мысалы: *1000-даган*, *200-дел*, *10-дарда*, т.б.
6. Қосарланып айтылған топтtau сан есімдері сөзбен берілсе де, цифрмен берілсе де, дефис арқылы жазылады. Мысалы: *он-оннан*, *10-10-нан*, *бес-алтыдан*, *5-6-дан*, т.б.



4. Сан есімдерді қатыстырып, достарыңың бойындағы жақсы қасиеттерді сипаттап, мәтін жазындар. Сан есімдердің емлесіне талдау жасандар.
5. Жақсы және жаман әдеттерді екі бағанға жазып, ой қорытындысын шығарындар.
6. Жаман әдеттен аулақ болу туралы ой-пікір айтқан ұлы адамдардың қанатты сөздерін жинақтаңдар.
7. Өздерің жинаған қанатты сөздерді қатыстырып, «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» тақырыбында мәтін жазындар.



§68. Күш атасы



1. Жазушы Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» хикаятынан (http://kitap.kz/audiobook/5326-kajumukan_paluan/5326-kajumukan_paluan) 07.00 минутынан 10.18 минутына дейін үзінді тыңдаңдар. Бала Қажымұқанның бойынан қандай қасиеттерді байқадындар? Иллюстрацияда шығарманың қай сөті бейнеленгенін айтындар.



2. Мәтінді оқып, кейіпкердің кескін-келбеті мен мінезін өз сөздеріңмен сипаттаңдар.

Қажымұқан

Сағаттың тіліндей айналған күн өте берді.
Мұқанның қарағайды қамыстай қаусатып,
қолымен құлатқаны, талай ауыр жүкті жал-
тыз тиегені аңыз болып жүрді. Челябинск,
Қазан, Уфа, Самара бірнеше рет барып қайт-
ты. Бойы есіп, буыны қатая түсіп, он сегіздең
жігіт болды.

Қыс ортасы ауып, ақпанның ішінде үсті-үстіне төпеп қар жауып,
Қызылжар айрықша сұытты. Масликовтің үйіне отын да, шөп те шақ кел-
меди. Ауыр жұмыс қайда болса, Мұқанды сонда жұмсау
әдетке айналды.

Айдың аяғына таман
Ресейге кеткен көліктер келіп,
қаладан жиырма шақырым
жердегі шөпке Мұқанның
қасына төрт шана қосып, бес
көлік жіберді.

Масликовтің үй ішіне
Мұқанның ауыр мінезді,
тілалғыш тәртіптілігі қатты
ұнаған еді. Оған қандай жұмыс
тапсырылса да, орындан келе-
тініне өбден сенді. Сондықтан:

– Митъка (Масликовтер «Мұқан» деуді қыын көріп, «Митъка» деп атап кет-
ти), мұмқіндігің болғанша шөпті тез жеткізуге тырыс. Басқаларға қарамай,
шөбінді алдымен тиеп ал да, келе бер. Жолдан келген аттар тілін тістеп, аш
түр, – деді қожасы.

– Жарайды, – деді тілалғыш Мұқан...

Қамыстай қаусатып – жұлып.
Челябинск, Қазан, Уфа, Самара –
Ресей қалалары.



1. Үзіндіде бала Мұқанның қандай қасиеттерін байқадыңдар?
2. Шығарма үзіндісінде суретtelген бала Мұқан халық арасында қандай атқа ие бол-
ған? Ол туралы қандай деректер білесіңдер?



3. Оқылым мәтінінен сан есімдерді теріп жазып, мағыналық түрлерін анықтаңдар.
Оларды қатыстырып бірнеше сейлем құрастырыңдар.
4. Сөздіктердің көмегімен «тілалғыш», «ауыр мінезді» сөздерінің мағынасын анықтай,
оқиганы жалғастырып жазыңдар.



5. «Диктоглас» әдісі бойынша мұғалімнің оқылым мәтінінен таңдал оқыған сөйлемдерін тыңдаңдар. Естерінде қалған сөздерді қағаз бетіне түсіріп, сөйлем қурандар. Соңында кітаптағы нұсқасымен салыстырыңдар.



6. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Адам бойындағы күш-жігер, қайрат туралы айтылған ұлы адамдардың қанатты сөздерін тауып жазып, өз ойларыңмен қорытындылаңдар.
2. Фаламтор мен қосымша әдебиеттерден қазақтың әйгілі балуаны туралы қосымша ақпарат жинақтаңдар. Картадан Қажымұқанның жас кезінде болған қалаларын көрсетіңдер. Сан есімнің мағыналық турлерін қатыстырып, хабарлама жазыңдар.

§69. Кейіпкер Бейнесі



1. Жазушы С.Сарғасқаевтың «Тәмпіш қара» хикаятынан (http://kitap.kz/index.php/catalog/audiobook/5152-tampish_qara. 16.00-минутынан 18.16-минутына дейін) үзінді тыңдал, бас кейіпкерді өз сөздеріңмен суреттенндер.



1. Тыңдалым мәтінінде Шашшатайдың портреті қалай берілген?
2. Тәмпіш қара баланың бүкіл ауыл балаларын үйіріп алуының себебін қалай түсін-діреп едіңдер?



2. «Қоңыр күз еді» хикаятынан үзіндіні оқып, оқиғаға сәйкес тақырып қойыңдар. Алматайдың авторға ұнауының себебін анықтап, мәтінді өз ойларыңмен жалғастырыңдар.

...Соғыс біткеніне бір-ақ жыл болған. Сол жылдарың күзі еді. Маймұрын Қаламтайдың інісі – Алматай Алматыдан институт бітіріп келді. Біздің мектепте жоғары сыныптарға әдебиет пәнінен сабак берді. Отыздар шамасындағы орта бойлы, арық қара жігіт болатын. Оның мөлдіреген тұнық көзінің тереңінде әлдебір мұң іріліп жатқандай, биік қабақтың астында мөлиетін де тұратын. Алқымында балық желбезегіндей қатпар-қатпар боп сыңсып жататын ескі жарадан қалған қызылшақа тырттығы бар еді. Ауыл ішінде жұрт (әсіресе балалар) ат тағуға шебер ғой. Келе сала-ақ ұлken-кішіге бірдей «Тырттық» атанып кетті. Сабырлылығы ма, әлде түйықтығы болар, көп сейлемейтін. Оқушыларға айғай-үйгай қаталдығы да жоқ. Сабакты да мейлінше жақсы түсіндіретін. Жалпы, оның қолынан сынып журналынан басқа не дәптер, не кітап көрген емеспіз. Құллі әдебиетті жаттап алғандай, мудірмей соғып отыратын.

Алқым – мойынның алдыңғы, тاماқ жақ белгі.

Ат тағу – атын өзгертіп атая.



Неге екенін өзім де білмеймін, алғашқы күннен-ақ Алматай маған қатты ұнап қалды. Оның әрбір сабагын асыға күтіп, әрбір әңгімесін аса бір ләззатпен үйип тыңдаушы едім.

(Қалихан Ысқақ)



3. Суреттерде бейнеленген адамдардың түртүлгасын сипаттаңдар.



Алексей



Мұрат



Дина



Кәусар



Арман



Қуаныш



Жарас



4. Сан есімдерді қатыстырып, суреттерде бейнеленген адамдардың жас мөлшері туралы 7–8 сөйлем қурандар. Сан есімдердің емлесін түсіндіріңдер.



5. «Тәрбие» сөзжұмбағын шешіңдер.

СӨЗЖҰМБАҚ

1.	T				
2.	Ө				
3.				R	
4.		B			
5.	I				
6.	E				

1. Жақын адам.
2. Баланың қамқоршысы.
3. Асыл қасиеттер.
4. Елін қорғайтын адам.
5. Жаманнан безіну.
6. Үлгі, тәрбие.



6. «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында ойтолғау жазындар. Жұмыстарында пайдаланған сан есімдердің емлесін түсіндіріңдер.

§70. Ерте дүниедегі халық астрономиясы

-  1. Мәтінді оқып, мәтіндеңі негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Арғы ата-бабаларымыз аспан денелерін зерттеп, аса құнды енбектер жазған.

Орта Азияның ұлы астрономдары қатарына Әбу Насыр әл-Фарабиді, Әбу Райхан әл-Бириуниді, Омар Һайамды, Мұхаммед Тарагай Ұлықбекті жатқызамыз. Әл-Фарабидің мол рухани қазынасының ішінде астрономияға қатысты еңбектері де көп. Ал әл-Бириуни Орта Азияда жыл санаудың екі жүйесі болғанын анықтаған. Ұақытты есептеу өдістері, жыл мен ай, апта мен күн есептері туралы айтқан. Омар Һайам күнтізбені дәл жасаған. Күнтізбедегі жыл басы 22 наурызға сәйкес келеді. Ұлықбектің үлкен ерлігі – Самарқандада үлкен астрономиялық обсерватория салдырып, жүлдыштардың жаңа тізбесін жасауы.

(«Мениң алғашқы энциклопедиям» жинағынан)

Астрономия – аспан денелерінің құрылышы, дамуы және тұтас ғалам жайындағы ғылым.
Обсерватория – астрономиялық бақылау жүргізетін ғылыми мекеме.



Сөйлеуші тек өзі ғана сейлей бермей, өз сөзінің ішінде басқа біреудің айтқа-нын, сөйлеген сөзін келтіреді. Біреудің сөзі екі түрлі жолмен беріледі:

- 1) ешбір өзгеріссіз, дәл сол айттылған күйінде жеткізілуі **төл сөз** деп аталады. Мысалы: «Еңбек түбі – береке», – дейді халық.
- 2) сөйлеуші тараپынан өзгеріске ұшырап, тек мазмұнын сақтап жеткізу **төлеу сөз** деп аталады. Мысалы: **Халық еңбектің түбі береке екенін айтқан**.



-  2. Мәтіндегі төл сөздерді төлеу сөз түрінде жазыңдар.

– Жыл санаудың күнтізбелік жүйесі бұдан 5–6 мың жыл бұрын Ежелгі Шығыс елдерінде пайдада болған, – деді Құләш.

Әли:

- Иә, Ежелгі Вавилонда Айдың қозғалу ерекшелігіне негізделген күнтізбе жасалған. Ол «Ай күнтізбесі» деп аталған, – деп жалғастырды.
- Олар аспан денелерінің қозғалысын бақылаш, жылына екі рет күн мен түннің теңесетінін білді, – деп Жарқынай да өз ойын ортаға салды.
- Күн мен түннің көктемдегі екі рет теңесуінің арасы бір жыл деп саналды. Оның ұзақтығы 365 тәулікке тең. Осылайша жыл санау жүйесі дүниеге келді, – деп қорытындылады Әлішер.



3. Сұрақтарға жауап беріңдер. Бір-біріңмен пікір алмасып, сұхбат құрындар.

1. Сағат болмаған шақта адамдар уақытты қалай белгілеген?
2. Сағаттың қандай түрлерін білесіндер? Сағаттың жыл санауға қатысы бар ма? Неліктен?
3. Уақыттың ең кіші бөлшегі мен үлкен бөлшегін атаңдар.



4. БАҚ материалдарын пайдаланып, сағат және оның түрлері туралы телебағдарлама сценарийін жазындар.

Сценарийге қажетті сөздер:

Кіріспе	Негізгі бөлім	Қорытынды бөлім
Күрметті балалар!	Сағаттың қалай пайда болғаны; сағат түрлері; уақыт өлшемдері; уақыт өлшемдерінің Күнмен байланысы;	Міне, енді сендер бұл туралы көп мәлімет алдындар.



5. Ата-аналарыңың көмегімен немесе энциклопедияларды пайдаланып, ертедегі халықтық үғымдағы тәулік мезгілдерін ретімен жазындар. Оларға түсінік беріңдер.

Үлгі: Ақшам – қараңғы түссе бастаган кез.



§71. Жер – ғаламшар

1. Бейнеказбаны (<https://vimeo.com/826175727>) қарап шығып, көтерілген мәселені түсіндіріңдер, өзара ой бөлісіндер.



2. Мәтінді оқып, тақырып қойындар. Өздерің білетін мағлұматтармен толықтырындар.

Жер өз білігін батыстан шығысқа қарай айналады. Оның өз білігін айналу себебінен күн мен түн ауысады. Жердің Күннен жарық түскен бір жағы күндіз, ал көлеңкеленген жағында осы уақытта түн болады.

Жер өз білігін 24 сағатта толық бір айналып шығады. Осы уақыт аралығы «тәулік» деп аталады.

Күн жарықпен қоса жылу да береді. Сондықтан түнде, Күн жоқ кезде, ауа райы суық болады.

Ай Күнді 29 күнде айналып шығады. Айдың көлемі Жер көлемінің төрттен бір бөлігіндегі ғана.

Жер өз білігін айналуымен қатар Күнді де айналады. Жер Күнді толық айналып шығу үшін бір жыл кетеді. Жердің Күнді айналып шығу жолы «Жер орбитасы» деп аталады.

(«Менің алгашиқы энциклопедиям» жинағынан)



- 3.** Тыңдалым және оқылым материалдарын пайдаланып, сұрақтарға жауап беріндер. Өз ойларынды дәлелдей, сұхбат құрындар.

1. Күн мен түн неліктен ауысып отырады?
2. Қазақ тілінде күн мен түннің ауысуынан пайда болған қандай сөздерді білеңдер? Олардың мағынасын түсіндіріңдер.
3. Күн Жерді айнала ма, өлде Жер Күнді айнала ма?
4. Алғашқы кездегі адамдардың жер мен аспан туралы түсініктері туралы айтып беріндер.



Төл сөз және автор сөзі

Сейлеушінің өз сөзінің ішінде біреудің айтқан сөзін ешбір өзгертпей, сол айтылған күйінде беруін **төл сөз** дейміз. Мысалы: *Дина бір сөзінде Асанға:*

— Талабың бар еken, бірақ талап өлі өнер емес, — деген болатын.

Бұл мысалдағы *Талабың бар еken, бірақ талап өлі өнер емес* деген сөздер – Динаның өз аузынан шыққан төл сөзі. Мұны сейлеуші сол айтылған күйінде жеткізіп отыр.

Төл сөзben байланысты айтылған сейлеушінің өз сөзін **автор сөзі** дейміз.

Жоғарыда алғынған мысалдағы *Дина бір сөзінде Асанға*, деген болатын – автор сөзі. Мұнда сейлеуші төл сөзді кім айтқаны (Дина) және кімге қаратып айтқаны (Асанға) жайында түсінік береді.

Төл сөз Ben автор сөзі «де» көмекші етістігі арқылы байланысады, ол үнемі автор сөзінің құрамында болады және деді, дейді, деп, деген, деген еken (болатын), дей жаздады, дегендей, т.б. тұлғада қолданылады.



- 4.** Берілген сөйлемдерді төл сөз Ben автор сөзіне айналдырып жазындар.

Ұлғи: Ежелгі адамдар: «Жер жазық», – деп болжаган.

1500 жылға дейін адамдардың көпшілігі Жер өлемнің ортасында орналасқан деп ойлаған. 1473–1543 жылдар аралығында өмір сүрген поляк ғалымы Николай Коперник Күн өлемнің ортасында орналасқанын, ал Жер өзге ғаламшарлармен бірге Күнді айналып жүретінін дәлелдеді.

(«Сурақ және жауап» энциклопедиясынан)



- 5.** Энциклопедиялар мен ғаламтордан Жер туралы қызықты деректер жинақтаңдар.



- 6.** Жинаған деректеріңді қатыстырып, шағын мәтін жазындар. Төл сөз Ben автор сөзін ажыратындар.



- 7.** Төл сөз Ben төлеу сөзді қатыстырып, «Жер – біздің ортақ үйіміз» тақырыбында сұхбат жазындар.

§72. Ай мен Күн



- Мәтінді оқып, тақырып қойындар. Негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Күн неге батады, неге шығады? Шындығында, күн батпайды және шықпайды. Жер өз білігінен сағат тіліне қарама-қарсы бағытқа айналу арқылы Күнге біресе бір жағымен, біресе екінші жағымен қарайды. Ал бізге Күн шығыстан шығып, батысқа бататын төрізді көрінеді.

Ай Күн мен Жердің арасынан өткен кезде Күннің бетін көлегейлейді. Бұл «Күннің тұтылуы» деп аталады. Әдетте Жердің көшпілік белгінде жарым-жартылай тұтылу көрінеді. Айдың тұлғасы Күнді толық жапқанда 7 минуттай түнек орнайды. Сол кезде Жерден Күн сөулесінің жиегі ғана көрінеді.

Күн көз шыдатпайтын жарық дөңгелек болып көрінеді. Егер бұлтсыз ашық күні бір-екі минут қарап тұрсаң, көзің басқа ештеңені көрмей қалады. Сондықтан Күнге тіке қарауға болмайды. Күнге таңтерең өрте және кешке қарай дәл көкжиекте тұрганда қараған қауіпсіз.

(«Мениң алғашқы энциклопедиям» жинағынан)



- Мәтіннен халық тіліндегі ұғымдарды анықтап, оның ғылыми негізін көрсетіңдер.

Үлгі:

Халық тілі	Теориялық негізі
Күн шығады, күн батады.	Күн батпайды және шықпайды. Ол...



Төл сөздің мазмұны автор сөзінің ынғайына қарай біреудің айтқан сөзі ғана емес, оның ойлаған ойы, айтуға оқталған сөзі де болып келеді.

Мысалы: «Бұл жақта күн қандай салқын! Алматы қазір күйіп тұрған болар», – деп ойлады мектеп директорының күткен Жақылбек. (М.Иманжанов) Бұл мысалда Жақылбектің айтқан сөзі емес, ойлаған ойы төл сөз түрінде берілген.

«Еркем, не қып тұрсың?» – деп қала жаздаған Айбала аузына келіп қалған сөзді ернімен бөгөй қойды. (С.Мұқанов) Мұнда Айбаланың айтпаған, бірақ айтуға оқталған сөзі берілген. Солай бола тұра бұлар – төл сөздер.



- Мақал-мәтелдерді қатыстырып, төл сөз және автор сөзінен тұратын 4–5 сөйлем құрастырындар.

- Күн ортақ,
- Ай ортақ,
- Жақсы ортақ.
- Таң атпайын десе, күн қоймайды.
- Сүмбіле туза, су суыр.
- Жаңа айдан жақсылық.



- Мәтіндегі мәліметтерді төл сөзге айналдырып, жазып шығындар.

Улgi: «Александрияда түсте құдық түбіне жарық түспейді, ал агаштар мен ғимараттардың көлеңкелері жанына түседі», – деп ойлады Эротосфен.

Грек ғалымы Эротосфен Александрия қаласында тал түсте терең құдық түбіне жарық түспейтінін, ал агаштар мен ғимараттардың көлеңкелерінің жанына түсетінін байқаған. Ал дәл сол мезетте оңтүстікте орналасқан Сиена қаласында, керісінше, тал түсте агаштар мен ғимараттардың көлеңкесі болмайтынын, терең құдық түбіне жарық түсетінін байқаған. Осы жайттар оқымыстыны Жердің шар тәрізді екендігін болжауға алыш келген. Бұрыш пен қашықтықты өлшей отырып, Жердің радиусын және экватордың ұзындығын есептеген.

(«Жаратылыстану» оқулығынан)



- «Ай мен Күн» ертегісін (20. mp3) тыңдал, мазмұн, стиль жағынан оқылым мәтінінен айырмасын айтындар.



- Төл сөз бер автор сөзін қатыстырып, «Ай мен Күн» ертегісінің желісі бойынша сұхбат құрындар.



- Ай мен Күн туралы ертегі құрастырындар. Ертегіде біреудің сөзінің (айтылған сөзі, ойлаған ойы, айтуға оқталған сөзі) болуын ескериңдер.

§73. Көк аспан



- Берілген тірек сөздер арқылы бүгінгі тақырыпты болжап, сұхбат құрындар.

Tіrек сөздер: көк аспан, ауа қабаты, атмосфера, бұлтты аспан, ашиқ аспан.



- Мәтінді бір-біріңе оқып беріп, түсіндіріндер. Түсіндірмелерің мен мәтін арасындағы айырмашылықты анықтаңдар.

Аспан неге көгілдір?

Жерді ауа қабаты – атмосфера қоршап тұр. Ол жерді сұықтан, зиянды сөулелерден және ғарыш тастары – метеориттерден қорғайды. Атмосфераны «ауа мұхиты» деп те атауға болады.

Ауа – Жерді қоршап тұрган көзге көрінбейтін газдардың қоспасы. Ол түсіз, оның иісі жоқ. Біз ауаның ағынын сеземіз. Қозғалатын ауаны «жел» деп атайды. Жел ауа райына байланысты сұық, жылы және ылғалды болады. Ауа барлық тіршілік атаулыға тыныс алу үшін қажет.

Күн сәулесі ауа қабаты арқылы өткенде, өзінің жарықтығын жоғалтады. Сөйтіп, аспан көгілдір болады. Ауада шаң бөліктері, тұтін көп болса, аспан ақшыл, кейде қызылдау болып көрінеді.

(«Мениң алғашқы энциклопедиям» жинағынан)



3. Р.Рымбаеваның орындауындағы «Құсжолы» өнін (<https://www.youtube.com/watch?v=FxKfEaVvLdc>) тыңдап, өн мөтініндегі көтерілген мәселелерді анықтаңдар.

Аспан, аспан шайдай ашық,
Жүлдyz, жүлдyz қандай қашық?!
Құсжолы, ғарыш көкке туған жерден
Телмірем жандай ғашық.

Көлға келіп қонса жүлдyz,
Жанға серік болса жүлдyz.
Фарышқа қанат қақты туған жерден
Самған қанша үл-қыз.

(Y.Eсдәүлетов)



Төл сөз бен автор сөзі өзара төрт түрлі тәртіппен орналасады.

1. Төл сөз автор сөзінен бұрын тұрады. Мысалы:

– Ата-бабамыз ауа райының ерекшеліктеріне қарай жылды төрт маусымға бөлгөн, – деді Айдана.

2. Төл сөз автор сөзінен кейін орналасады. Мысалы:

Асхат былай деді:

– Ескі ай кеміп, жаңа ай келетін уақыт «өлара» деп аталағы.

3. Төл сөз автор сөзінің арасына орналасады. Мысалы:

Асылбек те өз ойын ортаға салып:

– Бұл кездері ауа райында өзгерістер болады деп есептеп, күннің суытуын күткен, – деді.

4. Автор сөзі төл сөздің арасына орналасады. Мысалы:

– Тұнгі мал күзетінде жүретін көшпенділер, – деді Аружан, – аспандагы Ай мен жүлдyzдардың орналасуына қарап, ауа райын болжаған.



4. Мөтіндегі негізгі ойға қатысты тірек сөздерді анықтап, олармен төл сөз бен автор сөзі түрінде сөйлемдер құрастырыңдар.

Аспан сүті

Айлы түнде бұлтсыз аспанда солтүстікten оңтүстікке қарай созылып жатқан ақ жолақ көрініп тұрады. Ол «Құсжолы» деп аталағы. Оған Құн жүйесі және тағы осындай бірнеше жүлдyzдар жүйесі кіреді. Құсжолы күз алларында жақсы көрінеді. Жыл құстары көктемде келгенде және күзде жылды өлкеге қайтқанда осы жолдың бағытымен үшады екен.

«Галактика» сөзі ежелгі мысырлық «гала» – «сүт» деген сөзден шыққан. Бұл галактика «Сүтжолы» немесе «Құсжолы» ретінде әйгілі.

(«Мениң алгашиқы энциклопедия» жинағынан)



5. Фаламтор мен қосымша әдебиеттерден аспан денелері жайлы бір қызық аңыз-әңгіме жазып алыңдар.

Үлгі:

Көк жерге құлап кетіп, жер жүзінде аласапыран орнамас үшін Тәңір олардың арасына темір қазық қойды. Тәңір Темірқазыққа жүлдyzдарды байлан тастады...



6. Төл сөздің орналасу тәртібін негізге алып, ізденімдік тапсырма мәтініндегі сөйлемдерден сұхбат құрастырындар.

§74. Жұлдыздар жымындаиды



- «Жұлдыздарды санау» (<https://twig-bilim.kz/film/volume-counting-stars-6057/>) бей-нематериалын көріп, негізгі ойды анықтаңдар.
- Мәтінді оқып, осыған дейінгі жұлдыздар туралы ойларынмен салыстырындар.



Жұлдызды аспан көгінде

Жұлдыздар туралы айтқанда адамдардың көбі түнгі аспанды көзімен көруге болатын жарқыраған денелерді көз алдына елестетеді. Бірақ олардың көшпілігі жұлдыздар емес, ғаламшарлар немесе жай газ бұлттары.

Жұлдызы – қызған газдан тұратын көлемді шар. Өте жоғары температурада қызатыны сондай – олар жарқырап тұрады.

Жерден ете алыста орналасқандықтан, жұлдыздар кішкентай болып көрінеді. Күн – бізге жақын орналасқан жұлдыз. Сондықтан ол үлкен болып көрінеді. Қоңтеген жұлдыздардың көлемі Күннің көлемінен бірнеше есе асып түседі.

(«Мениң алғашқы әнциклопедиям» жинағынан)



- Жұлдызы мен ғаламшарлардың айырмасы қандай? Күн қайсысына жатады? Жер ше?
- Адам есімін неге жұлдызбен байланыстырып қоятынын ойланып көрдіңдер ме?



- Тірек сөздерді пайдалана отырып, тілек жазындар.

Жұлдызы жарқырау; жұлдызы жоғары; маңдайдағы жұлдызы; айы оқынан, жұлдызы соңынан туады.



Төл сөз бер автор сөзінің орын тәртібі мен тыныс белгілерінің сызбасы:

Орын тәртібі	Тыныс белгісі	Мысал:
Төл сөз автор сөзінен бұрын келеді.	– Төл сөз, – автор сөзі. «Төл сөз», – автор сөзі.	– Мениң гарышкер болғым келеді, – деді Дарқан.
Төл сөз автор сөзінен кейін келеді.	Автор сөзі: – Төл сөз. Автор сөзі: «Төл сөз».	Дарқан былай деді: – Мениң гарышкер болғым келеді.
Төл сөз автор сөзінің ортасында келеді.	Автор сөзі: – Төл сөз, – автор сөзі. Автор сөзі: «Төл сөз», – автор сөзі.	Дарқан: – Мениң гарышкер болғым келеді, – деді.
Автор сөзі төл сөздің ортасында келеді.	– Төл сөз, – автор сөзі, – төл сөз. «Төл сөз, – автор сөзі, – төл сөз».	– Мениң, – деді Дарқан, – гарышкер болғым келеді.



4. Денгейлік тапсырмаларды орындаңдар.

1-денгей. Мәтіндегі төл сөз бен автор сөзінің орын төртібінің сызбасын көрсетіңдер.

– Табигаттағы өзгерістер аспан шырақтары мен жұлдыздарға тікелей байланысты, – деді Асқар.

Самал:

– Бұл құбылыстардың жыл сайын жылдың белгілі бір мерзіміне тұра келетінін халқымыз біліп отырган, – деді.

Сайлау былай деді:

– Жұлдыздарға қарап, бағытты анықтауды қазактар ертеден білген.

– Иә, дұрыс айтасың, – деді Сәуле, – олар Темірқазықты, Үркерді, Ұшақар-Таразыны, Құсжолын белгілеп, адаспай жол тапқан.

2-денгей. Сөйлемдерді төл сөз бен автор сөзі болатында етіп құрастырыңдар.

«Ауыл-үй қонды» – Ай мен Үркердің бір-бірімен жақын келген күні.

«Тоғандасты» – Үркердің Ай орағының немесе табағының тасасында көрінбей қалуы.

«Өріп шықты» – Айдың Үркерді басып өткен үшінші күні.

3-денгей. Аңыздың жалғасын жазып, мәтінді аяқтаңдар.

Қазақтан басқа түркі халықтарында аз ұшырасатын космогониялық мифтердің бірі – Жетіқарақшының Үркердің қызының ұрлауы туралы аңыз. Аңыз жұлдыздардың қозғалысын бақылау нәтижесінде кейінгі замандарда пайда болса керек. Қазақ халқында бұл аңыздың бірнеше нұсқасы бар. Бірінде Жетіқарақшы Үркердің қызыны ұрлайды. Үркер қызының қайтарып алу үшін үнемі Жетіқарақшының қуып жүреді...



5. Жетіқарақшы туралы аңызды ғылыми түрғыда түсіндіріп, хабарлама жазындар.

§75. Аспан өрнектері



1. Мәтінді оқып, аспанда қандай өрнектер барын, олар туралы аңыздарды бір-біріңе әңгімелендер.

Тұнгі ашық аспанға көз салсаң, жұлдыздардың өрнек, түрлі пішін құрайтынын көресің. Мұндай белгілі бір суретті құрайтын жұлдыздар тобыны «шоқжұлдыздар» деп атайды. Аспанда 88 шоқжұлдыз бар. Олардың кейбірі жануарлардың, енді біреулері ежелгі батырлар мен Құдайлардың құрметіне солардың аттарын иемденген. Жер Күнді айналатындықтан, біздің өртүрлі шоқжұлдызды бақылауға мүмкіндігіміз бар.

Жетіқарақшы – аспанның солтүстік жартышарындағы шоқжұлдыз. Оның жеті жұлдызының сыртқы пішіні шемішке ұқсайды. Қазақ халқы тұн бойы Темірқазықты айнала қозғалатын Жетіқарақшыны тұн мезгілінде жер тараптарын айыру үшін қолданған.

«Темірқазықты бетке ал» немесе «Темірқазық сол иығында болсын», – деп жолаушыға жол сілтеген.

Жетіқарақшыға үқас тағы бір «шөміш» бар. Ол да жеті жұлдыздан тұрады, ол «Кішіқарақшы» деп аталады, Жетіқарақшы екеуі бір-біріне жақын орналасқан. Бірге туып, бірге батады. Жетіқарақшының басы он жаққа, сабы сол жаққа, Кішіқарақшының басы сол жаққа, сабы он жаққа қарап тұрады. Кішіқарақшының сабының үшіндағы жұлдыз «Темірқазық», ең шеткі екі жұлдызы «Ақбозат», Көкбозат» деп аталады.

(«Мениң алгашиқтың энциклопедиям» жинағынан)

- 
2. Жетіқарақшы туралы аңызды (21. mp3) тыңдап, оқылым мәтінімен салыстырындар.
- 
3. Сұрақтарға жауап беріп, осы тақырыпта сұхбат құрындар.
1. Қазақша жұлдыз атауларын басқа тілдердегі атауларымен салыстырындар.
2. Жұлдыздар туралы тағы қандай аңыздар білесіндер?



Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары

Төл сөзді төлеу сөзге айналдырғанда, негізгі өзгеріс төл сөздің тұрлаулы мүшеперінде болады; екіншіден, бір жақтың орнына екінші бір жақ айтылады; үшіншіден, автор сөзіндегі «де» етістігінің орнына *айт*, *сөйле*, *сұра*, *бұйыр* деген сияқты етістіктердің бірі айтылады. Мысалы:

Төл сөз	Төлеу сөз
– Биыл біздің үйірмеде жеті оқушының өнертапқыштық ұснынысы өн-діріске енгізілді, – деді Рашида Байғарина сұрағымызға жауап беріп.	Рашида Байғарина сұрағымызға жауап беріп, биыл өздерінің үйірмесінде жеті оқушының өнертапқыштық ұснынысы өндіріске енгізілгенін айтты.

- 
4. Төл сөздерді төлеу сөздерге айналдырып жазындар.
1. «Өнер алды – қызыл тіл», – дейді халық. 2. Ахмет Байтұрсынұлы былай деген: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі». 3. «Мал жұтайды, – деді Абай, – өнер жұтамайды».
4. Директор:
- Мұны қалай түсінуге болады? – деп сұрады.
5. Марат былай деп жауап берді:
- Кешіккендер сыбагадан күр қалады.



5. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, сол бойынша «Кос жазба» күнделігін толтырыңдар.

Үлгісі:

Мәтіндегі негізгі ой	Менің пікірім

Кейде кешкілікте іңде кезінде аспанда бір жарық жұлдыз пайда болады. Ол бірте-бірте төмендеп барып, көкжиектің дәл Күн енетін тұсына батады. Ал кей уақытта таңертең күн шығар алдында шығыс жақта таң жұлдызы жарқырап тұрады. Күн көрінісімен жоқ болады. Бұл – Шолпан жұлдызы. Шөлді жерлерде күндізгі ыстыққа ұрынбас үшін керуеншілер Шолпан тұа жүріп кетіп, күн ыси бастағанда демалатын. Сондықтан Шолпан жұлдызы «Керуен жұлдызы» деп те аталған.

(«Менің алгашиқтың энциклопедиям»)



6. Аспан денелері туралы жұмбақ, жаңылтпаш, өтірік өлеңдер жинап, оларды төл сөз берілгенде жазыңдар.



7. Астроном ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, бір шоқжұлдыз туралы мәтін жазыңдар. Ондағы бірнеше төл сөзді төлеу сөзге айналдырыңдар.

§76. Аспан шамдары



1. «Жаңа жұлдыздардың пайда болуы» бейнеказбасын (<https://vimeo.com/826175947>) көріп, аспан өлеміндегі жаңалықтар туралы өз білетіндерінді әңгімелендер.



2. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Үркерге байланысты нағым-сенімдерді түсініп, діріндер.

Үркер

Үркер күз басында шығыстан, қыс басында төбеден, көктем басында батыстан көрінеді. Ал жаз басында мұлдем көрінбейді. Қазақтар: «Үркер төмен түспей, жер қызбайды» дейді. Оның орналасу жолының ауылшаруашылығына тікелей қатысы болған.

Шоқжұлдыздардың «Үркер» деп аталуы сол жұлдыздардың аспанда үріккен қойдай шашырап жатқанын бейнелесе керек.

Үркерге қатысты қолданыстар: 1) Үркер үйден көрінсе, үш ай тоқсан қысын бар. Үркер іңде жамбасқа келсе, жаз шықпағанда несі бар. 2) Үркер түссе, жер қызады. 3) Үркер туса, сорпа ас болады. 4) Үркер көтерілсе, шөп көтеріледі, бидай тас тартады. 4) Толған Ай тұрса Үркерге қарсы қарап, қыс түсер шақырайып, боран сабап. 5) Үркер мен Ай ауыл қонысты, Үркер мен Ай тоғысты.



1. Бұдан өзге қандай жүлдіздарды білесіндер?
2. Жаңа жүлдіздар қалай пайда болады екен?
3. Жүлдіздар туралы қандай әндерді жатқа білесіндер?



Төл сөздің баяндауышы етістіктің ашықрайынан болса, төлеу сөзде ол сәйкес шақтағы есімшеге айналып, оған -дық, -дік жүрнағы, тәуелдік жалғауы және табыс септігі жалғанады да, толықтауыш болады. Мысалы:

Төл сөз	Төлеу сөз
– Мен жүлдіздарды зерттеп журмін, – деді Алма.	Алма өзінің жүлдіздарды зерттеп жүргендігін айтты.

3. Үркер жүлдізы жайында білетіндеріңмен бөлісіп, сұхбат құрындар. Сұхбат мәтінін төл сөз бен автор сөзі түрінде дәптерге жазындар.

4. Сұхбаттағы баяндауышы етістіктің ашықрайынан болған төл сөздерді төлеу сөзге айналдырындар.

5. Үркер туралы ертегі құрастырындар. Ертегінің кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімдерін жіктең көрсетіңдер.

Улғи:

Kipicne.

Ерте, ертеде Аспан деген кісінің көп баласы болыпты. Өр балага өздерінің ерекшеліктеріне сәйкес Таразы, Арыстан, Шолпан деген есімдер беріпти...

6. Төмендегі сұрақтарға кім бірінші жауап береді?

1. Аспанның солтүстік жартышарында қай шоқжүлдyz орналасқан?
2. Жетіқарақшыға үқсас тағы бір «шеміш» деп қай жүлдізды атайды?
3. Темірқазыққа байланған жылқылар қалай аталады?
4. Құн көрінісімен жоқ болатын жүлдіз туралы не білесіндер?
5. «Керуен жүлдізы» деп қай жүлдіз аталған?
6. Таң алдында туатын жүлдіз қалай аталады?
7. Жүлдіздарды зерттеу үшін қолданылатын құрылғының атасы қандай?
8. Аспанға, жүлдізға қарап аяу райын болжаушылардың аты қандай?
9. Ең жарық жүлдіз деп қай жүлдізды атайды?

7. Галактика туралы қызықты мәліметтер жинаңдар. Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілерін сақтай отырып, хабарлама жазындар.

§77. Айға сапар



- Мәтінді оқып, мәтіндегі негізгі ойды анықтандар.

Айды бағындырыу

Ерте кезден-ақ адамдар аспан өлемін зерттеуге құмар болды. Тек XX ғасырда ғана ғылым мен техниканың дамуына байланысты ғарыш кеңістігіне шығуға мүмкіндік туды. Бірінші ғарышқа ұшатын зымырандар құрастырылды. Фалам-шарарапалық зымыранның бірінші жобасын жасаған Константин Эдуардович Циолковский болды. 1957 жылы 4 қазанда орбитаға Жердің тұнғыш жасанды серігі Қазақстандағы «Байқоңыр» ғарыш алаңынан ұшырылды.

Адамды ғарышқа жіберу сөтті аяқталғаннан кейін ғарышкерлерді Айға ұшыруға дайындық қолға алдынды. Айдың бетіне бірінші болып 1969 жылы Америкалық ғарышкерлер – Нил Армстронг пен Эдвин Олдрин қонды.

Олар Айға «Аполлон-11» ғарыш кемесімен ұшып барды. Америкалықтар үш жылдың ішінде тағы бес «Аполлонды» жіберді. Олар Айдың бетін суретке түсіріп, Жерге ақпарат жіберіп отыратын құрал-жабдықты орнатты.

(«Менің алғашқы энциклопедиям» жинағынан)



- Сендердің аспан өлеміне ұшқыларың келе ме?
- Ол үшін қандай қадамдар жасау керек деп ойлайсыңдар?
- Айда ғылыми-зерттеу бекеті салынуы мүмкін бе?



Төл сөздің баяндауышы етістіктің бүйрек райынан болса, төлеу сөзде ол тұ-
ық етістікке айналып, оған табыс не барыс септік жалғауы, не болмаса *туралы*,
жөнінде, жайында шылауладының бірі қосылып айтылады.

Төл сөз	Төлеу сөз
Мұғалім Амандаққа: – Ертең сабактан қалма! – деп тап- сырды.	Мұғалім Амандаққа ертең сабактан қал- мауды тапсырды. Мұғалім Амандақтың ертең сабактан қал- мауы туралы тапсырма берді.



- Фантаст-жазушы Ж.Сахиевтің Айды игеру туралы пікірлерін негізге алып, диалог
құрындар.

Тіршіліксіз, меніреу өлем дейтін Ай ақырында өз несібесін бере бастайды. Айдың ешқашан Құн сөулесі тұспейтін полярлық бүйіріндегі қат-қат мұзды тазалап, ауызсуға айналдыратын құралдарды пайдалансақ, су алуға болады-мыс. Ал ауаны оттегіге бай Ай топырагынан бөліп алуға болады екен. Жарты миллион қашықтықтағы Айға Жерден құрылғыс материалдарын қалай тасимыз? Фалымдар зерттей келе Айдың ақ үнды, сарғыш-қоңыр құмды көзге

елестететін топырағы таптырмайтын құрылымыс материалы болатынын дәлелдепті. Одан бетон құюға, сылақ жұмыстарын да жүргізе беруге болады деседі.

(«Ақтөбе» газетінен)



3. Айды игеру туралы пікірлерді түрлендіріп, төл сөз бен автор сөзіне мысалдар жазындар. Құрастырган сөйлемдерінді төлеу сөзге айналдырындар.



4. «Мениң арманым – ғарышкер болу» тақырыбында шығармашылық жұмыс жазып, комментарий айту арқылы ең үздік жұмысты анықтаңдар.



5. Ғарыштық экспедициялар туралы мәліметтерді қарастырып, «Ай – Жердің серігі» деген тақырыпта мәтін жазындар. Жазған жұмыстарында төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілерінің дұрыс қойылуын ескеріңдер.

§78. Мен ғарышкер боламын!



1. Қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер – Тоқтар Әубекіровтің естелігін (22. mp3) тындарап, өзара ой бөлісіндер.



2. Мәтінді оқып, мазмұндан беріңдер.

Ғарышкерлерді дайындау

Ғарышкер болу үшін ұзақ уақыт дайындық керек. Оларды қатаң тексеру арқылы таңдарап алады. Ғарышкерлерге денесін шынықтыру үшін көптеген жаттығулар жасауға тұра келеді. Ұшу кезінде ғарышкерлер ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ол үшін ғарышкерлерге терең білім қажет.

Жердегі өмірге қарағанда ғарыштағы өмірдің айырмашылығы көп. Ғарыш кемесі Жер орбитасына шығысымен-ақ ондағы барлық зат салмақсыздық күйге көшеді. Ғарыш кемесінен шығу үшін ғарышкерге скафандр және ауа толтырылған баллон киуіне тұра келеді. Ғарыш кеңістігінде Жердегідей тартылыс күші болмағандықтан, ғарышкерлер кеме ішінде қалқып жүреді. Төңкерілген стақаннан су төгілмейді. Стақаннан суды сілкілеп шығарғаның өзінде су шарға айналып, ауада тұрып қалады. Қозғалу үшін ешқандай күш жұмсаудың қажеті болмайды. Ауада жүзіп, қалықтап жүргүре тұра келеді.

Бұл құбылым «салмақсыздық» деп аталады. Салмақсыздық жағдайында өмір сұру сүйектердің жұмсарып, бұлшық еттердің босауына әкеп соғады. Сондықтан күнделікті жаттығулар жасап отыру керек.

Ғарыш кемесі ғарышкерлерді қолайлы жағдаймен қамтамасыз ететіндей құрастырылады. Сондықтан да адамдардың ғарышта бірнеше ай қалуына мүмкіндік бар.

(«Мениң алғашқы энциклопедиям» жинағынан)



1. Фарышкеге болу үшін тағы не істей керек?
 2. Қазақ фарышкерлері өз мақсаттарына қалай жетті деп ойлайсыңдар? Олардың ғарышқа ұшуды туралы не білесіндер?
 3. Фарышты игеру үшін денсаулықты шынықтыру қаншалықты қажет?

Төл сөздің баяндауышы есім сөздерден не түйік етістіктен болса, төлеу сөзде ол сөзге екенін деген кемекші етістік жалғасып айтылады.

Төл сөз	Төлеу сөз
– Сенің есімің кім? – деп сұрады ол оң жағында тұрган қызыл көйлекті баладан.	Ол оң жағында тұрган қызыл көйлекті баладан есімінің кім екенін сұрады.



3. Оқушы мен гарышкөр арасындағы сұхбатты жазыңдар. Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілеріне назар аударыңдар.




4. Окүші мен ғарышкер арасындағы диалогтегі төл сөзді төлеу сөзге айналдырындар.



- ## **5. «Фарышкер» сөзжүмбағын шешіндер.**

СӘЗЖҰМБАҚ



1. Қеңістік, космос.
 2. Жер серігі.
 3. Аспан әлемін зерттейтін ғалым.
 4. Аспан денесі.
 5. Жер, Марс, т.б. ортақ атауы.
 6. «Аспан» сөзінің синонимі.
 7. Біздің мекеніміз.
 8. «... төмен түспей, жер қызбайды».

6. Қазақ батыры, ғарышкер Айдын Айымбетов туралы мәлімет жинап, мақала не өлең жазындар.

§79. Саяхат, оның түрлері



- Ребусты шешіп, бүгінгі тақырыпты болжандар.



- Мәтінді оқып, саяхаттың негізгі түрлерін атандар.

Біздің елімізде көрікті жерлер мейлінше көп. Содан да болса керек, таңғажайып орындармен танысуга, халықтың салт-санасын, дәстүрін танып-білуге, еліміздің көне қалалары мен ескерткіштерін көріп, тамашалауға ниет білдіретін саяхатшылар көп.

Жалпы, саяхатшыларды осы айтылған жайлар ғана қызықтырмайды. Саяхаттың танымдық қызметімен бірге тәрбиелік, сауықтырушылық қызметі бар екенін естен шығармауымыз қажет. Саяхат – тынығудың ең негізгі түрі ғана емес, сондай-ақ дene тәрбиесі мәдениетіне тәрбиелеудің құралы. Жаяу, шаңғымен, қайықпен, атпен, велосипедпен, т.б. жүру арқылы белсенді түрде орындалатын жорықтар адамды жинақылық пен ширақтыққа үйретеді. Жорық кезінде саяхатшы жол жүру дағдыларын бойға жинауға, таныс емес жерлерде: ормандарда, тауда дұрыс бағыт ұстай білуге, жаңа, белгісіз жайларды іздеп тауып, ашуға, оларды бақылауға, есте сақтауға үйренеді.



- Не себепті саяхатшылардың Қазақстанға қызығушылығы артып отыр?
- Жорық кезінде саяхатшы нені үйренеді?



- «Қазақстанды таныстыру» бейнеказбасын (<https://vimeo.com/826777306>) тамашалап, өздерің тұратын аймақты шетелдік туристерге жарнамаландар.



- Өздерің саяхат жасаған жерлерді суреттеп жазындар.



Жазуда төл сөз автор сөзінен арнаулы тұныс белгілері арқылы бөлінеді. Төл сөздің тұныс белгілері автор сөзі мен төл сөздің орын тәртібіне және төл сөздің сөйлемнің хабарлы, сұраулы, лепті және бұйрықты болуына қарай әртүрлі қоюлады.

1. Төл сөз автор сөзінен бұрын орналасса, төл сөз тырнақшаға алынады не оның алдынан сызықша қойылады да, төл сөз бас әріптен басталып жазылады. Соңына, егер ол хабарлы сөйлем болса, утір, сұраулы сөйлем болса, сұрау белгісі, лепті немесе ерекше леппен айтылған бүйрықты сөйлем болса, леп белгісі қойылады да, одан кейін, автор сөзінің алдынан сызықша қойылады. Мысалы: – Бақытынан айналдым, балаша қуанған ақ ботам! – дед Дәмет бәйбіше өз қуанышын көз жасымен білдірді. (F.Мұстафин.)
2. Төл сөз автор сөзінен кейін тұрса, автор сөзінен соң қос нұкте қойылады. Одан кейінгі төл сөз тырнақшаға алынады не алдынан сызықша қойылады. Мысалы: Міржақып Дулатов: «Білмегенді біле бер», – деген.

5. Төл сөздің тынысы белгісін дұрыс қойып, суреттердегі саяхатқа шыққан балалардың іс-әрекеті туралы пікір алмасындар.



6. Саяхат тұрлерінің біріне балаларға арналған газет-журналдар мен ғаламтордан қажетті ақпарат жинаңдар.

1. Тарихи ескерткіштер мұражайына саяхат.
2. Теніз түбіне саяхат.
3. Орманға саяхат.
4. Тауға саяхат.

7. Төл сөз бен автор сөзін қатыстырып, «Тұған табигатқа саяхат» тақырыбында шағын мәтін жазындар.

§80. Жазғы саяхат

-  1. Мәтінді оқып, қою қаріппен берілген сөздерге түсінік беріңдер.

Ауылға саяхат

Жаз келді дегенше, жер көк кілемдей жайқалып, күннің көзі жарқырап шыға келеді. Жаз – төрт мезгілдің ішіндегі ең ыстық әрі ең көңілді мезгіл. Өйткені оқушылардың барлығы демалысқа шығып, күнде серуенден, ойын ойнайды.

Кей балалар сияқты мен де жазда атам мен әжемнің ауылына барамын. Мен үшін ең ашық аспан – ауылдың аспаны. Сан мың жүлдіз аспанда түрлі пішін көрсетіп тұрган секілді. Атам екеуіміз Жетіқарақшыны санап, тұнгі салқын самалмен ұйықтап, шығыстан атқан күнмен бірге оянамыз. Таңғы шайды төттілеп ішіп, айраннан ұрттап, кешке дейін ауыл балаларымен ойнайдын. Ауылда менің достарым өте көп, біз түрлі ойындар ойнайды: **асық, ләңгі, аударыспақ, күрес** және тағы басқа. Бұл – ер балалар ойнайтын қазақтың ұлттық ойындары. Қай жерде болмасын, ер балалардың бастары қосылса, футбол ойнайды. Сол секілді біз де бұл ойынды жақсы көреміз.

Жаз айларындағы тағы бір ерекшелік – кешкілік кездің қызықтары. Көрші балалармен аулада ойнаған ойындар қызық үстіне қызық бола береді. Кешкі масатыдай құлпырған дала, салқын самал жел керемет күйге бөлеп, үақыттың қалай зымырап өтіп жатқанын байқамай қаласың.

Жаз айларындағы әрбір саяхат өте тамаша, дегенмен жыл мезгілдерінің қайсыбірін алсақ та, өрқайсының орны бөлек, ерекше...



2. Жетісү туралы өлеңді (23. mp3) тыңдал, Жетісудың табигатын сипаттаңдар.



3. Оқылым мәтінінің өздеріңе ұнаған азат жолындағы негізгі ойды анықтап, төл сөз бер автор сөзі түрінде жазындар. Тыныс белгілерінің дұрыс қойылуына назар аударайындар.



4. Жазғы демалысты жоспарлап, ауылдағы ата-әжеңе немесе туыстарыңа хат жазындар.

Хат жазуға қойылатын негізгі талаптар:

- 1) сәлемдесу, амандақ-саулық сұрасу;
- 2) өзі туралы жазу және хат жазу мақсатынан хабар беру;
- 3) қорытынды, қоштасу.



5. «Жазғы саяхат» сезіне сөзжүмбак не өлең құрастырындар.



6. Өздеріңе жақсы таныс қалаға не ауылға ойша саяхат жасап, өңгіме жазындар. Жазба жұмысында ұлы саяхатшылардың сөздерін пайдаланындар.

§81. Қысқы саяхат

1. Мәтінді оқып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.



Табиғаттың өрбір маусымы ерекше болатыны сөзсіз. Өр маусымның өзіне тен қызығы бар. Соның ішінде қыс мезгілі де кіршікіз аппақ қарымен, қаһарлы суығымен, сықырлаған аязымен әдемі. Қысқы саяхат өр адамның есінде ерекше сақталары анық.

Қысқы саяхатты қайда өткізген дұрыс? Ең бірінші, «Шымбұлақты» атап өткен жөн. «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты Алматы қаласының орталығынан 25 шақырым жерде, Іле Алатауы шатқалында 2260 метр биіктікте орналасқан. Қар қабатының орташа деңгейі – 150 см. Желтоқсан-сөүір айлары аралығында аймақты қар басып жатады. Мұнда қарлы беткейде зырылдайтын шаңғышылар, экстремалды секіруді қалайтын, сан қылы бұрылыстар жасап түсетін батыл сноубордшылар, алаңсыз демалысты сүйетін туристер, қала қонақтары, жергілікті тұргындар келеді.

«Медеу» мұз айдыны – қысқы саяхатты естен кетпестей қылып өткізетін бірден-бір жер. «Мұз айдынына «Медеу» деген атау қалай қойылды?» деген сауал туындастыны анық. Тарихшылардың сөзіне сенсек, мұз айдын орналасқан шатқалға қазаққа танымал Шапырашты Пұсырман батырдың ұлы – Медеудің есімі берілсе керек. «Медеу» мұз айдыны теңіз деңгейінен 1691 метр биіктікте орналасқан.

Қыс ақша қарымен, көк айдын мұзымен сөнді. Құн бірде жылынып, бірде сұтынып тұратынымен де ерекшеленеді. Қыстың таңғы салқын ауасы керемет күйге бөлейді. Қарға құн сөулесі түсіп, көз тоймайтындан жарқырайды.

(«Балалар әлемі» журналынан)

1. Қысқы демалыс несімен ерекшеленеді?
2. «Шымбұлақ» демалыс орны туралы не білесіндер?

3. Мұз айдыны неге «Медеу» деп аталған?
4. Қысқы саяхатқа қандай дайындықпен шыққан жөн?



2. Мәтінді бөліктеге бөліп, жоспар құрандар. Жоспарға сәйкес мазмұндаңдар.



1. Төл сөз автор сөзінің ортасына орналасса, автор сөзінен соң қос нүкте қойылып, төл сөз тырнақшаға алынады не оның алдынан сзыбышта қойылады да, бас әріппен жазылады. Сонына, егер ол хабарлы сөйлем болса, үтір, сұраулы сөйлем болса, сұрау белгісі, лепті немесе ерекше леппен айттылған бұйрықты сөйлем болса, леп белгісі қойылады да, одан кейін, автор сөзінің алдынан сзыбышта қойылады. Мысалы: Қараоқының бектерлеп, ай маңдай аттың жол жорғасымен жүріп отырып, Абай:
– Шыңғыстың бектері тегіс көктепті-ау! – деп, айналага көз жіберіп келе жатты. (М.Әуезов.)
2. Автор сөзі төл сөздің арасына орналасса, автор сөзінің алдынан да, сонынан да үтір және сзыбышта қойылады, мұндайда төл сөздің екінші бөлігі кіші әріптен (егер жаңа сөйлем болса бас әріптен) басталып жазылады. Мысалы: «Ғылымды пайдаланып отырса да, – деді Ахмет Байтұрсынұлы, – сезбейтін сол пайдасын надандар бар».



3. Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қойып жазындар.

1. Ертең ерте жиналышындар! деді Ербол Баратын жеріміз алыс. 2. Шәмсия ұзақ ойланып Жарайды, сені топқа қосайын деді. 3. Ата, сіз айтыңызшы деді Ерсайын осы жердің тарихын біреу білсе, сол адам сіз шығарсыз. 4. Бұрыннан келе жатқан әңгіме гой деп әжем ойланып қалды мен де үлкендерден естігеннемін.



4. Мәтін мазмұнын негізге ала отырып, диалог құрастырып, тыныс белгілерін дұрыс қойып жазындар.



5. «Шымбұлақ», «саяхат» сөздеріндегі әріптерді пайдаланып, бірнеше толық мағыналы сөздер құрандар.

Үлгі: «Балқарагай» сөзіндегі әріптерді пайдаланып, сөздер құрау: бал, қарагай, қара, бала, ағай, ара, ай, қар, балға, арай, қарға, лақ, арап...



6. Қазақстандық және шетелдік саяхатшыларға Шымбұлақ немесе Медеуді жарнамалап, мәтін құрандар. Жарнама мәтінінде Қазақстанның танымал тұлғаларының сөздерін пайдаланындар.

§82. Елордаға саяхат



- Ребусты шешіп, бұл сөздің мағынасын ашындар.



- Ребустың жауабы қай қаланың символы?
- Оған қатысты қандай аңыздарды білесіңдер?
- Неге символ ретінде осы ағаш алынған деп ойлайсыңдар?



- Мәтінді оқып, монумент туралы ойларыңды ортаға салындар.

Бейбітшілік үялаған – Бәйтерек

«Бәйтерек» монументі Есіл өзенінің жағасындағы Қазақстанның **бас қаласы** – Астанада орналасқан. Металдан, **әйнек** пен бетоннан жасалған бұл «терек» сәүлеттік мағынасы жағынан да, жасалуы жағынан да **бірегей**: ол биіктігі 97 метрлік (ал шарды қоса есептесе 105 м) металл құрамасынан, салмағы мың тоннадан астам бес жүзге жуық қададан тұрады. Монументтегі барлық дүние: төбесіндегі алтын шар, биіктігі және үш аймақта белінген ішкі архитектурасы белгілі бір символды білдіреді. Осындағы диаметрі 22 метр және салмағы 300 тонна болатын **алып** шар әлемде тұңғыш рет бізде салынды.

«Бәйтерек» нысаны үш бөліктен тұрады: астыңғы бөлігі ұлттардың **тамыр жауы**, ал одан кейінгілері өркендеу кезеңдерінің **нышандарын** білдіреді. «Бәйтерек» кешенінде келушілердің демалып, асықпай отырып, төңіргін көруіне мүмкіндік беретін дәмхана да бар. Панорамалық залдың ортасында 17 жапырақтан тұратын, 17 түрлі **әлем** діндерінің уәкілдерінің қолы қоылған ағаш глобус орналасқан. Ал қасында монументті жасау идеясының авторы – Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың алақанының ізі бар.

Астананың орталығында көкке бой созып тұрған «Бәйтерек» – қазіргі Қазақстанның нышан-символы, қазақ **халқының** қайта өрлеуі мен тұлеуінің, мемлекеттілігінің, биіктік пен тереңдіктің, кеңдіктің белгісі, **дарқандықтың** көрінісі **іспетті**. Ол – елорда халқы мен қонақтарының ең көп баратын **сүйікті** орны.

(«Мәлдір бұлақ» журналынан)



Бір төл сөздің ішінде екінші төл сөз айтылса, алғашқысының алдынан сыйықша қойылады да, соңғысы тырнақшага алынады. Мысалы: Кейде әжем маған: – «Ақыл арымайды, алтын шірімейді» деген, ақылды бол, балам, – дейді.



- 3.** Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қойындар.

Маған Астананың сөулеті үнайды, жана қаланың сөулеті ерекше. Ол жерде өсемділік, белгілі рух бар деді Нидерландыдан келген Хелен.

Гиперфотосурет жанрының негізін қалаушы Жан-Франсуа Розье Астана туралы

Астана көшелерінде әр қадам басқан сайын осы жерде батыс және шығыс мәдениетінің тоғысып тұрғанын байқадым, – деді. («Алматы ақшамы» газетінен)

– Қала бұрынғыдан көп өзгеріпті. «Елу жылда ел жаңа» деген осы, – деді апам. (А.Қасымбек.)



- 4.** Оқылым мәтініндегі қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын сөздіктердің көмегімен түсіндіріңдер.



- 5.** «Астананың көрікті жерлері» атты бейнеказбамен (<https://vimeo.com/826176013>) танысып, иллюстрацияларды пайдалана отырып, Астанаға алғаш келген қонаққа қайда баруға болатыны жөнінде жол көрсетіңдер.



- 6.** Берілген тірек сөздерді пайдаланып, хабарландыру құрастырындар.

Хан Шатыр, естен кеппес кеш, сыйлықтар, жеңілдік, ойындар, тосынсый, қапы қалмаңыз, жүлдыштар, концерт.



- 7.** Тыңдалым мәтініндегі бір сөulet нысанын (өз қалауларың бойынша) сипаттайтын жазбаша мәтін құрандар. Мәтінде Қазақстанның әйгілі адамдарының сөздерін қолданындар.

§83. Алматыға саяхат



- 1.** «Алматының тарихы» (<https://vimeo.com/827560509>) бейнеказбасын көріп, «Әсем қала Алматы» (<https://vimeo.com/827560596>) таныстырылымын тамашаландар.

1. Алматы қаласының іргесі қай ғасырда қаланған?
2. Бүгінде Алматы қандай қала?



2. Мәтінді оқып, тақырып қойындар. Қазақстандағы ең үлкен қала туралы өздерің білітін мәліметтермен бөлісіңдер.

Тянь-Шань жоталарының етегінде орналасқан өсем қаланы «бақша-қала» деп бекер атамаған. Қаланың 8 мың гектардан астамын бақшалар, саябақтар мен гүлзарлар алды жатыр. Көктемде бау-бақшалардағы алма, өрік, шие гүлдеген кезде қала ертегіге айналады. Алматы қаласының атауы *алма* сөзінен шыққан. Дәл осы жерде аты өлемге танымал апорт алмасы өседі.

Алматы – Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысында орналасқан ең ірі мегаполис. Қала 170 шаршы км²-ден астам алаңды құрайды. Ол кіші және үлкен Алматы өзендерінің торабында орналасқан.

Қаланың басты құндылықтарының бірі – Көктөбе. Оңтүстігі қаламен шектесетін жоталы мекен 1070 метр биіктікте орналасқан. Көктөбенің басына шығу арқылы қаланың алақандағыдай көрінісін тамашалауға болады. Дәл осы жерде қаланың керемет тұнгі көрінісінің күәсі бола аласыздар.

28 гвардияшыл-панфиловшылар атындағы саябақта Ұлы Отан соғысында Мәскеуді қорғаған ержүрек қазақстандық батырларға түрғызылған мемориал, естелік аллеясы мен Мәңгілік алау бар.

Осы бақтағы Вознесенский шіркеуін 1904–1907 жылдары жергілікті сөүлетші А.Зенков бірде-бір шегесіз салған. Ол әлемдегі ағаштан жасалған ерекше тоғыздықтың бірі саналады. Шіркеу 1911 жылы болған 10 балдық жер сілкінісіне төтеп берген.

Мегаполис – (грек. *megas* – үлкен, *polis* – қала) – бірнеше елді мекендеріңін қосылуы нәтижесінде пайда болған ірі қоныстану аймагы.



Тәуелсіздік монументі – Республика алаңына көрік берген қайталанбас құрылыш. Аталған монументтің авторы – Шота Үәлиханов. Монументтің үшар басына барысқа мінген алтын адам бейнесі орнатылған. Ал монументтің айналасында қазақ даласының ежелгі тарихы толықтай қамтылған.

(<https://kk.wikipedia.org/wiki/Алматы>)



3. Оқылым мәтінін мағыналық бөліктерге бөліп, ат қойындар. Жоспар құрындар.
4. «Алматы қаласында» тақырыбында диалог құрандар. Ондағы төл сөздерді төлеу сөзге айналдырындар.
5. Оқылым және тыңдалым бөлімінен тірек сөздерді анықтап, Алматы қаласын «Классер» әдісімен сипаттаңдар.
6. «Еркін микрофон» әдісімен Алматының көрікті жерлері туралы өзара сұхбат жүргізіндер.
7. «Алматы – қазақ мәдениетінің қара шаңырағы» деген тақырыпта ойтолғау жазындар.

Tіrек сөздер: М.Әуезов атындағы академиялық драма театры, ҚР Үлттық кітапханасы, Абай атындағы Опера және балет театры, F.Мұсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры, Республика сарайы, Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы.


§84. Тауға саяхат

1. «Қазақстан таулары» (<https://vimeo.com/826176237>) бейнежазбасын тамашалап, өзара ой бөлісіндер.
2. Мәтінді оқып, тақырып қойындар. Сендер де тауды суреттеңдер.

Қандай еken тоғай іші?!
Көру үшін біз енеміз.
Тоғай өтіп, өзен өтіп,
Тау басына біз жетеміз!

Тұске қарай тізбектелген топ кішкентай тоғайға келіп кірді. Тоғай іші салқын, көлеңке, майда шөбі кілемдей ғажап екен. Биік ағаштардың жапырағы сыйдырлап, самал жел бойынды балқытады. Мәлдір бұлақтың сүйна қанып алып, көк майсаға аунап ойнады. Шамалы демалып, тамақтанып алған соң, тоғайдан шығып, таудың етегіне жетті.

– О-о-го-го-гоо! – деді бәрі тауға қарап.
Таудың етегі жасыл шөппен, қызылсыры гүлмен көмкөрілген. Ал ортасынан төбесіне қарай жалпақ, жылтыр тастар жауып жатыр.



– Та-ау! Біз саған келдік-ау! – деді Үрпек. – Сен сондай әдемісің. Тақияң аппақ бұлттан, жейдең қоңыр тастан, етегің тажап гүлден жасалыпты.

– Үрпек, сен қалай дұрыс тауып айттың. Үлкендер сияқты ойлайсын, – деп өзінен басқаны мақтай алмайтын Мимидің өзі таңғала мақтап жіберді.

Айнала тегіс көрінеді екен. Өне, анау – өздері дем алған тогай. Анау – көпірінен өрең өткен өзен. Анау – өз ауылдары. Таудың арғы бетінде сұы айнадай жарқырап көл жатыр. Табиғат барлық сөнін көрсетіп, мол шуағын төгіп тұр. Достар таңғала қарап тұр.

– Сенің тауың қандай керемет! – деді Үрпек.

– Бұл – бәріміздің тауымыз! Біздің өлем! – деді Жебе.



1. Тыңдалым және оқылым бөлімдерінде ортақ ойлар мен үқсас суреттер бар ма?
2. Қазақстандағы қандай тауларды білесіндер?
3. Тауга саяхат жасаудың ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар? Қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?
4. «Таудың етегі» тіркесінің жасалуын түсіндіріңдер.



3. Оқылым мәтініндегі төл сөз бер автор сөздерін төлеу сөзге айналдырып жазыңдар.
4. Берілген тірек сөздерді пайдаланып, шағын өңгіме құрастырыңдар.



Тау, достар, биік шың, қызықты өңгіме, биіктікті бағындыру, табиғатты қорғау.



5. Қазақстанның таулары туралы ақпарат жинап, «Венн диаграммасы» өдісімен екі тауды салыстырыңдар.
6. «Жер шоқтығы – Қоқшетау» тақырыбы бойынша энциклопедиялар мен газет-журналдан мәліметтер жинап, жарнама жазыңдар.



§85. Атақты саяхатшылар



1. Мәтінді оқып шығып, өздерің білетін мәліметпен толықтырыңдар.

Жер шарында көптеген елді мекендер, аралдар, өзен-көлдер мен теңіздер бар. Оларға берілген атаулар сол жерге саяхат жасап, зерттеу жұмыстарын жүргізген атақты саяхатшылардың есімдерімен тығыз байланысты. Солардың қатарына Христофор Колумб, Фернандо Магеллан, Америго Веспуччи сынды атақты саяхатшыларды жатқызуға болады.

Христофор Колумб – европалықтарға Америка құрлығын ашқан атақты теңізші. Ол 1451 жылы Италияның Генуя қаласында тоқымашының отбасында

дүниеге келген. Жастайынан теңіз саудасымен айналысқан Колумб Гвинеяға дейін сапар шегеді. Кейіннен Португалия короліне Үндістанға бару жобасын ұсынады. Алайда Португалия королі жобаны қабылдамаған соң, Колумб Испанияға кетеді. Ол күзде Орталық Америкадағы Сан-Сальвадор, Куба, Гаити аралдарын ашады. Колумб Ұлы географиялық жаңалықтарды ашуды бастап берді. Ол бүкіл ғұмырында 4 рет экспедицияға шыққан.

Фернандо Магеллан – 1480–1521 жылдар аралығында өмір сүрген Португалияның теңіз саяхатшысы. Ол ен бірінші болып теңіз жолымен жер шарын айналып шыққан. Ол өзінің экспедицияларында Атлант мұхиты арқылы Оңтүстік Американың шығыс жағалауларына жетеді. Ф.Магелланның құрлық пен Отты Жер топаралы арасынан ашқан бұғазы қазірде «Магеллан бұғазы» деп аталады.

Америго Веспуччи – теңіз саяхатшысы. Ол 1454 жылы Италиядың Флоренция қаласында дүниеге келген. Веспуччи алғашқы теңіз саяхатын Канар аралдарына жасайды. Ол ұзақ жылдар бойы Испания мен Португалияда теңізші қызыметін атқарады. Веспуччиң алғашқы теңіз саяхаты 1497 жылы жасалды. Қазіргі Америка мемлекетінің атауы Веспуччиң есімімен тікелей байланысты.

(«Балаларга базарлық» энциклопедиясынан)



1. «Саяхатшы» деген кім? Олардың басты қызыметі қандай?
2. Мәтінге қандай ат қоюға болады? Неліктен? Себебін түсіндіріңдер.
3. Мәтінде аталған саяхатшылар есімі сендерге таныс па?
4. Бұл саяхатшылардың мақсаты не болған? Олар өз мақсаттарына жете алды ма?



2. «Саяхатшы» сөзінің мағынасын ашыңдар. «Кластер» өдісімен топтастырыңдар.



3. Оқылым мәтініне сүйене отырып, төл сөз бен автор сөзіне бірнеше мысал келтіріп жазыңдар. Тыныс белгілерінің дұрыс қойылуына көніл бөліндер.



4. Атақты саяхатшылардың бірінің өмірін зерттеп, қысқаша эссе жазыңдар. Жазба жұмысында басқа адамдардың пікірлерін пайдаланыңдар.



5. «Егер мен саяхатшы болсам...» тақырыбында өз саяхатыңың қысқаша жоспарын жасаңдар.

§86. Қазақ саяхатшысы – Шоқан Үәлиханов



1. «Шоқан Үәлиханов» бейнеказбасын (<https://www.youtube.com/watch?v=5SNarEILjI0>. 0:00 минутынан 3:35 минутына дейін) тыңдаңдар. Бейнеказбадағы ақпараттарды пайдаланып, сөйлемдерді толықтырыңдар.

Шоқанның шын аты – Шоқан ... бекінісінде дүниеге келген. Шоқан – ... ұрпағы. Шоқанның әжесінің есімі – Шоқан ... өмір сүрді. Шоқан Омбыдағы ... оқыды.

Керекті сөздер: Мұхаммедханафия, Құсмұрын, Абылай хан, Айғаным, Кадет корпусы, XIX ғасырдың ортасы.



2. Мәтінді мұқият оқып, жоспар құрыңдар.

Шоқан Үәлиханов – қазақтың тұнғыш саяхатшысы

Үәлиханов Шоқан Шыңғысұлы – қазақтың ұлы ғалымы. Шын аты – Мұхаммедханафия, бала күнінде әжесі мен анасының «Шоқаным» деп еркелетіп айттымен «Шоқан» аталып кеткен. Туған жері – қазіргі Қостанай облысындағы Құсмұрын көлінің жағасы.

Шоқан ауыл мектебінде оқып, араб, шағатай тілдерін менгереді. Бұдан кейін әкесі оны сол кездегі ең таңдаулы оқу орны – Омбы кадет корпусына оқуға береді. Зерек те зерделі Шоқан «екі-үш жылдан кейін-ақ өз қатарларынғана емес, екі жас үлкендерді де басып озады» (Г.Н.Потанин). Шоқан осында белгілі шығыстанушы ғалым И.Н.Березиннің тапсырмасы бойынша Тоқтамыс ханның «Жарлығына» талдау жасайды. Бұл – оның алғашқы ғылыми еңбегі еді. Жастығына қарамай, оның білімдарлығын орыс ғалымдары да жоғары бағалап, мойындай бастаған болатын.

Кадет корпусын бітіргеннен кейін Шоқан Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңесесінде қалдырылады. Ол 1855 жылы Ұлы жүзді Қоқан хандығының ყыпталынан шығарып, Ресейге қосу үшін ұйымдастырылған экспедицияға қатысып, Семей, Аяғөз, Қапал арқылы Іле Алатауына дейін келеді. Жонғар қақпасына, Алакөл, Тарбағатайға саяхат жасайды. Осы сапарында қазақ, қырғыз ауыз әдебиеті, тарихы мен этнографиясынан материал жинаиды. Бұл еңбегін жоғары бағалаған генерал Г.Х.Гасфорд оны наградаға ұсынады, әскери лауазымы бір сатыға жоғарылап, «поручик» атағын алады.

1855 жылы Шоқан Орталық Қазақстанды, Жетісу мен Тарбағатайды араплайды. Қазақ халқының тарихы мен әдет-ғұрпы, діни ұғымдары жайында материал жинап қайтады. «Тәңірі», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбектерін жазады.

(«Егемен Қазақстан» газетінен)



3. Оқылым және тыңдалым мәтіндері бойынша сұхбат құрастырып, тыныс белгілерін дұрыс қойып жазындар.



4. Оқылым мәтінін негізге ала отырып, Шоқан Үәлиханов туралы білетіндерінді «Т кес-тесіне» толтырындар.

Шоқан Үәлиханов туралы мәтін бойынша ақпарат	Озім білетін ақпарат



5. Фаламтор мен қосымша әдебиеттерден Ш.Үәлиханов туралы айтылған пікірлерді жинастырып, «Шоқан туралы ойлар» тақырыбында слайд жасаңдар.



6. Ізденімдік тапсырмада жинаған мәліметтерді пайдаланып, Шоқанның портретін суреттеп жазындар. Төл сөздің тыныс белгілерін дұрыс қойындар.

§87. Қазақтың қазіргі саяхатшылары



1. Мәтінді оқып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Қазақтың қазіргі саяхатшыларының бірі – Халықаралық туризм және спорт академиясының академигі Сапар Үісқақұлы. Сапар Үісқақұлы – жер шарындағы барлық 6 континентте, 100-ден астам елде болған, отбасымен бірге Гималай тауында болып, Хан Тәңірі шыңына шыққан, еліміздің тарихында 2007 жылы түңғыш рет Оңтүстік полюсте (Антарктика) болып, ҚР Мемлекеттік Тұын орнатқан (оның бұл ізгі іci «Антарктиканың Үлкен кітабына» тіркелген), 2008 жылы Солтүстік полюсті (Арктика) бағындырған, балалар және жасөспірімдер туризмін үйімдастыруға ықпал жасағаны үшін «Алтын тұсбағдар» кубогімен марапатталған атақты саяхатшы.

Астана қаласындағы «Қазіргі заманғы өнер мұражайында» Сапар Үісқақұлының Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Әлем саяхатшының көзімен» атты фотокөрмесі ашылды. Саяхатшы Сапар Үісқақұлының үш кітабын оқып, фотокөрмесімен танысқанымызда: «Ағамыздың жетпіске келген жасына қарамай, әлемнің жүзден астам елін ара-лауга, барлық 6 континентте болуға, Антарктида, Арктиканы «бағындырғуға» қалай құш-қуаты жетті екен?! Айлап сапарда жургенде барған жерлерін тамашалаумен бірге, олар жөнінде ғылыми-энциклопедиялық, тарихи деректі қалай жинап алды екен, қалай соның берін ойында қорытып, үш кітап жазып шығуға негізгі жұмысынан тысқары бос уақыт тапты екен?!» – деп таң-тамаша қалғанымыз рас. Сірө, бұл Сапар Үісқақұлының қазақ елін әлемге танытпақ болған мұратының ұлылығынан жүзеге асқан шығар...



- С.Ысқақұлы жер шарының неше елінде, қай құрлықтарда болды?
- 2007–2008 жылдары қазақ саяхатшысының өмірінде қандай жаңалықтар болды?
- С.Ысқақұлының Астанадағы фотокөрмесі қалай аталды?



- Ресімделуі мен құрылымын сақтай отырып, С.Ысқақұлының фотокөрмесіне жарнама жасаңдар.

Tirek сөздер: карта, тарих, әдем-гүрып, өлке, тұсбагдар, зерттеу.



- Екі топқа бөлініп, қазіргі таңда өлемді шарлап жүрген қазақстандық саяхатшылар туралы ақпарат көздерінен қосымша мәлімет жинаңдар.

1-топ: О.Мазбаев туралы,
2-топ: М.Сағымбаев туралы.



- Белгілі ғалым, саяхатшы О.Мазбаевтың пікіріне сүйене отырып, саяхаттың пайдасын төл сөз беріп автор сөзін қатыстыра отырып жазыңдар.

Өзге елді араламас бұрын өз елінді бес саусақтай білуің қажет. Мәселен, қазір оңтүстікте тұратын бала Каспийді, батыстың баласы Алтайды, шығыстың баласы Көкшетауды көрмеген. Олай болмайды. Оқушылардың патриот болуы, әдемілікті сую өлкетанудан басталады. Еліміздің табиғаты неше рет шарласаң да, таңдандырмай қоймайды. Таныған сайын таңғаласың, тарихқа жүгінесің, білімің артады.

(«Улан» газеті)



- Тұған елімізді суреттеп, «Қазақстан – саяхатшылар көзімен» тақырыбында эссе жазыңдар.

§88. Саяхатқа шығу ережелері



- Мәтінді оқындар. Ондағы саяхатқа шығу ережелерін өз білетіндеріңмен толықтырындар.


Саяхатқа шығу ережелері

Асыға күткен жазғы демалыс та келіп жетті. Балалар ата-анасымен не құрбыларымен демалыс орындарына жол тартады, әдемі жерлерді көруге саяхатқа шығады. Басқа қалаға барып, бөтен адамдармен танысып, жаңа достар табады.

Жорық немесе саяхат кезінде қауіпсіздікті сақтау ережелерін естен шығаруға болмайды. Мысалы: топпен журу; тәртіп сақтау; аса жылдам жүрмей; бір-біrine көмек беру; жетекшінің рүқсатынсыз жолды қысқартпау; ең

қауіпсіз жолды таңдау; ағысы қатты жерге суға тұспеу; балдырлары бар, лай жерге тұспеу; шөпте жалаңақ не ашық аяқ киіммен жүрмеу; биік таулы аймақта күннен қорғайтын көзілдірік кио; өзеннен өту тәртібін бұзбау; жолқапшықты дұрыс жабдықтау; қураған шөбі бар жерге от жақпау; жанжакқа қоқыс тастамау; саяхат аяқталғаннан кейін жағылған алауды өшіру сияқты.

Бұл – жалпы ережелер. Белсенді туризмнің әр жеке түрінің жорық сипатына қарай қауіпсіздік ережелері, талаптары мен нұсқаулары әртүрлі болады. Белгілі бір туристік саяхат түрін таңдаған кезде арнайы дайындық жүргізіп, қауіпсіздікті қамтамасыз ету керек. Жорық кезінде осындай қауіпсіздік ережелерін сақтамау немесе оларды білмеу көбіне қайғылы жағдайлар мен жарақаттарға әкеледі. Сондықтан ең бірінші мақсат – жорықты дұрыс үйімдастыру.



- Саяхатқа жиі шығасындар ма? Саяхатқа кіммен шыққанды үнатастындар?
- Саяхатқа шыққанда ұстанатын қауіпсіздік ережелерін білесіндер ме?
- Ережелер бұзылған жағдайда қандай әрекет жасаған болар едіндер?



- Арнайы дереккөздерді пайдалана отырып, «Т қестесін» толтырындар.


Суға шомылу кезіндегі қауіпсіздік ережелері	Ортке қарсы қауіпсіздік және алау жанындағы сақтық шаралары

 3. «Саяхатта сақ болайық» тақырыбында туристік бюро қызметкерімен өткен семинар туралы хабарлама жазындар. Төл сөзге байланысты тыныс белгілерінің дүрыс қо-йылуына назар аударындар.

 4. Жұптасып, саяхатқа шыққандағы қауіпсіздік ережелері туралы сұхбат құрасты-рындар.

 5. «Саяхат» сөзжұмбағын шешіндер.

СӨЗЖҰМБАҚ



1. Елорда.
2. Қазақстандық саяхатшы.
3. Колумб туған ел.
4. Қазақтың тұңғыш ғалымы, саяхатшысы.
5. Өсем қала.
6. Жетісудағы тау.

 6. Қазақстан табигаты туралы жазылған өлеңдерді жинастырындар. Өлеңдерден үзін-ділдер келтіріп, «Қазақстан ақындар көзімен» тақырыбында шығармашылық жұмыс жазындар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9 сыныптарына арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2016.
2. Қазақстан. Үлттық энциклопедия. Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1998.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011.
4. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Т. 1: Адам. – Алматы, 2009.
5. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Т. 2: Табиғат. – Алматы, 2013.
6. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Т. 3: Қоғам. – Алматы, 2013.
7. Исаев С. Қазақ тілі. Оқу құралы. – Алматы: Өнер, 2007.
8. Кенжеақметұлы С. Жеті қазына. – Алматы, 2003.
9. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Фылым, 1994.
10. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013.
11. Қалжанова Ж. Қазақы жүрек қағысы. – Алматы, 2014.
12. Сөрсеке М. Қаныш Сәтбаев. Роман-эссе. – Астана: Фолиант, 2008.
13. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 156 б.
14. Төрежанов М. Әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1970. – 30 б.
15. Қайырханова А. Өнерлі балалар (әңгіме). «Өзін-өзі тану» оқулығы (3-сынып) – Алматы: Алматы: Бөбек, 2010.
16. Жансүгіров И. Таңдамалы. – Алматы, Аң-Арыс, 2009. – 320 б.
17. Менің алғашқы энциклопедиям. Бала-ларға арналған ғылыми-көпшілік ба-сылым. Құраст.: А.У.Сужикова, Ф.С.Ле-керова, М.Қ.Солтангазина. – Алматы, 2013.
18. Қазақ салт-дәстүрлері. Құрастырган Ж.Мұса. – Алматы, 2008.
19. Ахметова З. Тілашар. http://dk.kz/kuttiktau-show_655
20. Мұстафин F. Жақсы дәстүр жайында. – Алматы, 1972.
21. Ермекова Т., Оданова С. Кестелі грамма-тика. – Алматы, 2015.
22. Отарбекова Ж., Нұржанова Б., Байтым-бетова П. Нормативті қазақ тілі. – Алматы, 2015.
23. Мөлдір бұлак. Жас зияллыларға арналған танымдық журнал. Алматы, 2015, №1–5
24. Әлемде талай қызық бар: ғажайып құбы-лыстар энциклопедиясы. Ред. Б.Аяған. – Алматы, 2006.
25. Сәтімбеков Р. Қызықты биология. – Алматы, 2011.
26. Жылқыбай М. Тауға саяхат. Әңгімелер жинағы. – Алматы, 2008
27. Мақатаев М. Таңдамалы шығармалар. – Алматы, 2012.
28. Балаларға базарлық. Энциклопедия. Құрастырган Б.Жұматаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013.

Электронды қорлар

1. <http://el.kz/m/articles/view/content>
2. cpm.kz/ru/blogs/?page=...
3. <https://infourok.ru>
4. <http://www.altyn-orda.kz>
5. <http://massaget.kz>
6. <http://www.balalaralemi.kz>
7. <http://makala.kz/ruhaniat/>
8. <http://islam-shalkar.kz/>
9. <http://kitap.kz/audiobook>
10. <https://www.youtube.com/watch?>
11. <http://bnews.kz/kz/news/>
12. balapan.kaztrk.kz/
13. <https://kaztube.kz/video>
14. <https://kaztube.kz/audio>
15. <http://qazaqsha.kz/articles>
16. ustazbol.kz/
17. aitaber.kz/blog
18. <https://www.info-tses.kz>
19. <https://www.twig-bilim.kz>
20. ikaz.kz/zhas-turaly-shygarma
21. adebiportal.kz/
22. <http://malimetter.kz/>

Мазмұны

Алғы сөз.....	3
I МӘДЕНИЕТ: ТІЛ ЖӘНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС	4
§1. Ана тілі – ұлт байлығы	4
§2. Тіл – қатынас құралы	5
§3. Тіл – бірлік құралы	7
§4. Тіл тазалығы	8
§5. Жеті жүрттың тілін біл	10
§6–7. Сөйлеу мәдениеті. Амандасу, қоштасу	11
§8. Сөйлеу мәдениеті. Сыпайылық, әдептілік	14
§9. Тілі байдың ойы да бай	16
II КИМ. СӨН. ТАЛҒАМ	18
§10. Киім түрлері және сөн туралы түсінік	18
§11. Киім стильдері	19
§12–13. Қазақтың ұлттық киімдері	21
§14. Қазақстандық дизайнерлер	23
§15. Талғам	25
§16. Киім киу мәдениеті	26
III ОТБАСЫЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕР МЕН МЕРЕКЕЛЕР	28
§17. Балаға ат қою	28
§18. Бесікке салу	29
§19. Тұсау кесу	30
§20. Тілашар	32
§21. Тұған күн	33
§22. Қонақ күтү дәстүрі	35
§23. Қазақ халқының салт-дәстүрлері	36
IV ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ МЕН ӨСІМДІКТЕР ДУНИЕСІ	38
§24. Адам және табигат	38
§25. «Қазақстанның Қызыл кітабы»	39
§26. «Бақа мен үйрек» ертегісі	41
§27. Жан-жануарлар туралы ертегілер	42
§28. Адам және жыртқыш аң	44
§29. Өсімдік және музика	45
§30. Раждайып ағаштар	47
§31. Миуалы ағаш	48
§32. Жеміс-жидектің пайдасы	50
V БОС УАҚЫТ ЖӘНЕ ХОББИ	52
§33. Бос уақытты тиімді пайдалану	52
§34. Уақыттың қадірі	53
§35. Балалық шақ	55
§36. Уақыт алтыннан қымбат	57
§37. Үйірменің үйретері көп	58
§38. Хобби	59
§39. Ұлы адамдардың өмірінен	61
§40. Шаршамаймын десең...	62
§41. Мен еліктейтін кейіпкердің сүйікті ісі	64
VI ҚИЯЛ ӘЛЕМІ	66
§42. Фантазия	66

§43. «Керкұла атты Кендебай» ертегіci	67
§44. «Ер Төстік» ертегіci	69
§45. Қиял мен аңыз	70
§46. Өнер-білім бар жүрттар	72
§47. Қожаның қиялы	73
§48. Космогондық ою-өрнек – адам қиялышының жемісі	75
§49. «Фажайып планета»	76
§50. Плутонға сапар	78
VII КӨЛІК ЖӘНЕ ЖОЛ БЕЛГІЛЕРИ	80
§51. Бағдаршам	80
§52. Жол қауіпсіздігінің ережелері	81
§53. Көліктің пайда болу тарихы	83
§54. Қазіргі кездегі автокөлік түрлері	84
§55. Су көліктері	86
§56. Өте көліктері	87
§57. Жол қозғалысына қатысушылар	89
§58. Жол белгілерін білеміз бе?	90
§59. Қоғамдық көлік атаулары	92
VIII АДАМНЫҢ СЫРТ ҚЕЛБЕТІ МЕН МИНЕЗІ	94
§60. Бала Абай	94
§61. Бағып-қагуда көп мағына бар	95
§62. Асыл қасиет	97
§63. Үәдеге адалдық	99
§64. Жауынгердің тұлғасы	101
§65. Өке – балага синиши	102
§66. Әлін білмеген өлек	104
§67. Жақсыдан уйрен, жаманнан жирен!	106
§68. Құш атасы	107
§69. Кейіпкер бейнесі	109
IX АСПАН ӘЛЕМІНІҢ ҚҰПИЯЛАРЫ	111
§70. Ерте дүниедегі халық астрономиясы	111
§71. Жер – ғаламшар	112
§72. Ай мен Құн	114
§73. Көк аспан	115
§74. Жұлдыздар жымындаиды	117
§75. Аспан өрнектері	118
§76. Аспан шамдары	120
§77. Айга сапар	122
§78. Мен гарышкер боламын!	123
X САЯХАТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС	125
§79. Саяхат, оның түрлері	125
§80. Жазғы саяхат	127
§81. Қысқы саяхат	128
§82. Елордага саяхат	130
§83. Алматыға саяхат	131
§84. Тауға саяхат	133
§85. Атақты саяхатшылар	134
§86. Қазақ саяхатшысы – Шоқан Үәлиханов	136
§87. Қазақтың қазіргі саяхатшылары	137
§88. Саяхатқа шығу ережелері	138
ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБІЕТТЕР	141

Oқулық басылым

**Тыныштық Нұрдаuletқызы Ермекова
Жәмила Керімбайқызы Отарбекова
Рая Нұрқызы Мұнасаева**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Жалпы білім беретін мектептің
5-сыныбына арналған оқулық**

Суретшілері	А.Айтжанов, А.Хакимжанова, О.Подопригора, С.Пернебаева, Е.Овсянникова, Ә.Төлебиев, Д.Кдыров
Бас редакторы	К.Қараева
Редакторы	Н.Абдижаппарова
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редактор	Е.Мельникова
Мұқабаның дизайні	В.Бондарев
Беттеген	Л.Костина, Г.Илишева, С.Сулейменова

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Астана қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 20.06.16 берілді. Басуға 30.06.17 қол қойылды. Пішімі 84 x 108 $1/16$. Қағазы оғсектік.
Қаріп түрі «ММ Мектеptik». Оғсектік басылыс. Шартты баспа табагы 15,12. Таралымы 30000 дана.

Артикул 705-012-001к-17